

Жаһандық диалог

8.1

Жылына 3 рет 17 тілде шығады

Вирджиния Фонтеспен
әлеуметтану туралы
әңгімелесу

Гильермо Лейте Гонсалес

Торонтодағы ХӘҚ
ХІХ дүниежүзілік
конгресі

Маргарет Абрахам
Рима Уилкс
Патриция Альбанезе
Франсуа Лашапелле
Патрик Джон Бернетт
Митчел Макивор
Мики Валле
Элиза Майолино
Кэри Ву

Гендер және
зорлық

Мэгги Уолтер
Хоселинн Балтра-Уллоа
Якоб Прен
Камила Найду
Магдалена Гзыб
Силвия Уолби

Маркс және бүгінгі
әлеуметтану

Гаспар Миклош Тамаш
Эрик Оллин Райт
Александра Шееле
Стэфани Уэл
Боб Джессоп
Гильерме Лейте Гонсалес
Сатиш Дешпанде
Мишель Уильямс
Раджу Дас
Дэвид Фазенфест

Ашық бөлім

- > Қытайдағы таптық теңсіздік
- > Үндістандағы мемлекеттік және жекеменшік университеттер
- > Жаңа және бұрынғы редакторларды таныстыру

ЖУРНАЛ



International
Sociological
Association
isa

Басылым 8/ Шығарылым 1/ Сәуір 2018
<http://globaldialogue.isa-sociology.org>

GD



> Редакциядан

“Экономика тұрғысынан - нарық пен оның кеңеюі, саяси ғылым тұрғысынан – мемлекет және саяси тұрақтылық болса, әлеуметтану тұрғысынан – азаматтық қоғам мен әлеуметтік қорғау. Нарықтық тирания мен мемлекеттік деспотизм дәуірінде әлеуметтану, әсіресе оның қоғамдық келбеті, адамзаттық мүдделерін қорғайды.”

Майкл Буравой, 2004, АӘҚ президенті сөзінен

“Жаһандық әлеуметтануда үш түйткіл (...) бар. Егер бірінші міндет – қоғам әлеуметтануын қалыптастыру болса, ал екіншісі – қоғамда әлеуметтануды қалыптастыру, үшінші мәселе – әлеуметтанудың өзегі, негізгі нысаны болып табылатын азаматтық қоғамды қорғайтын – қоғам үшін әлеуметтану құрастыру.”

Майкл Буравой, 2014, АӘҚ президенті сөзінен

Жаһандық диалогтың өзіміз дайындаған алғашқы шығарылымын Майкл Буравойдың сөзінен алынған екі үзіндіден бастай отырып, басылымның жаңа редакторлары ретінде осы бір теңдессіз қоғамдық және жаһандық журналдың бай тарихына қанық болдық ([оның редакциясын қараңыз ЖД 7.4](#)).

АӘҚ төрағасы ретінде Майклдың бағдарламалық сөзінен келтірілген алғашқы үзінді оның қоғамдық әлеуметтануды күшейту мақсатындағы мықты дәлел ұсынғанын көрсетеді. XVIII Әлемдік әлеуметтанушылар конгресіне ХӘҚ төрағасы ретінде жолдауынан алынған екінші үзіндіде ол жаһандық әлеуметтанудың жобасын ұсынады. Екі баяндаманың арасында өткен он жылды Майкл «Қоғамдық беталыс жаһандыққа беталыс» дегенге сыйдырды. Осы онжылдықта оның әлеуметтануды түсінуі мен пән ретінде әлеуметтанудың қолынан не келеді немесе ол нені атқаруға міндетті деген ойлары халықаралық деңгейде қызу талқыға түсті. Сонымен қатар осы он жылда Құрама Штаттарында дәріс беріп және зерттеулермен айналысып жүргеніне қарамастан (немесе соның нәтижесінде) Майкл әлеуметтанудың басымдығына назар аударып, сыни бағытта *Жаһандық диалогтың* негізін қалай алды. Бар болғаны жеті жылда әлемнің төртбұрышындағы әлеуметтанушылармен бірге журналды қоғамдық әлеуметтанудың табысты басылымына айналдыра алды. Осы саладағы пікірталастар алаңынан тыс жерде әлеуметтанушыларға өзінің дауысын қосуға және өз зерттеулерін, әлемдегі өзгерістерге үндеуін, өздеріне ортақ пәнді талқылайтын орын бергенін мойындау үшін Сізге Майклдың көзқарастарын қолдау міндетті емес.

Майкл бізден *Жаһандық диалогтың* редакторы ретінде өзін ауыстыруын сұраған кезде, оның осы міндетті бізге жүктегеніне шаттандық және риза болдық. Жұмысқа байланысты қиындықтардың болатынын білгендіктен, бізге шешім қабылдау оңай болмады. Қоғамдық әлеуметтанушылардың пәннің сыни сипаттағы дәстүрлеріне тәуелділігі Майклдың сөзінде «тирания мен мемлекеттік деспотизм дәуірі» деп сипатталған және

жаһандан күш алуға бет алу қаупі бар маскара шындық екендігі көзімізді бұған әбден жеткізді.

1970-жылдардан бастап қоғамымыз түбегейлі және терең әлеуметтік өзгерістерге ұшырады. Бұл процестер жаһандық Солтүстікте де, жаһандық Оңтүстік те, сонымен қатар Шығыс пен Батыста да саналуан цезуралармен идентификацияланады. Оларға 1970-жылдардағы Жаңа депрессия, мемлекеттік социализмнің күйреуі, қаржылық капиталистік экспансия мен жаһандану, БРИКС елдерінің дамуы және 2008-09 жылдардағы жаһандық қаржылық дағдарыс жатады. Жалғасын тауып отырған маңызды тарихи үзілістерге 1980-жылдардан бері әлемнің әр түкпіріндегі бай мемлекеттердегі қайта құрастыру, қайта құрылымдалуы және қайта құрылымдануы; жаңа қарсылық қозғалыстары; ресурстар мен үстемдік үшін экономикалық, саяси және діни сипаттағы соғыстар; мәжбүрлі көші-қонның аумақты көлемі; барлық аймақтар мен елдердегі экологиялық келеңсіздіктер нәтижесінде материалдық кедейлік пен әлеуметтік дағдарыс; және әлеуметтік теңсіздіктің жылдам өсуі жатады. Сондай-ақ, біз жаңа оң қанаттағы популизмнің «конформистік бүлігі» (Адорно терминдерінде) мен қоғамда пайда болатын бірдей демократияландыру қозғалыстарымен міндетті түрде соқтығысатынына, мемлекеттік биліктің авторитарлық нысандарына бейімділікке куә болып отырмыз.

Бұл құбылыстар экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени факторлардың күрделі жиынтығынан туындайтын біркелкі емес оқиғаларды білдіреді – маңыздысы – түбегейлі айнымалы нәтиже. Сонымен қатар, қазіргі таңда интернационалдық және трансұлттық қарым-қатынастар мен конвергенция үрдістерін бақылап отырмыз, мысалы, капитализмді нарыққа негізделіп қайта ұйымдастыру; Құрама Штаттарда, Еуропада, Азия және Латын Америкасында бір мезгілде пайда болған популистік ағымдар; барлық ЭЫДҰ елдерінде жанартылған тап теңсіздігінің тереңдеуі; гендерлік және этникалық/ұлтшылдыққа қатысты теңсіздіктің бағыттарын қайтару.

Осы құбылыстарды әлеуметтанулық түсіндіру түбегейлі және бір-біріне қарама-қайшы болғанымен, бұл өзгерістер пәннің мәніне әсер етеді деген жалпы түсінік бар. Шындықтан кейінгі әлемде, ең алдымен «ақиқатты» іздестіруге бағытталған әлеуметтану әлеуметтік маңызын жоғалтады. Әлеуметтік оқиғаларды талдау, көрсету және сынау тұрғысынан міндеттерін орындау үшін басымдықтан босатылған, дискурста негізделген пән ретінде әлеуметтану жойылу үстінде. Сондықтан, барлық айырмашылықтарға қарамастан, әлеуметтанушылар жалпы талқылауға қатысу арқылы академиялық және академиялық емес қоғамдастық арасындағы диалогқа жәрдемдесуге мүдделі екенін көрсетуі тиіс. *Жаһандық диалогтың* жаңа редакторлары ретінде, бүкіл әлемнің әлеуметтанулық идеяларын біріктіруге тырысамыз және қоғамның дамуы туралы, сондай-ақ біздің пәнімізді насихаттау хақында ашық пікірталасқа шақырамыз.

Осы шығарылым тәуелділік теориясы бойынша ең танымал теоретик және Латын Америкасындағы марксизм ойшылдарының бірі Вирджиния Фонтеспен сұхбаттан басталады. Ол Бразилиядағы теориялық зерттеулердің тарихын және саяси экономиканы сынап, 2016 жылғы төңкерістен кейінгі оқиғаларды түсіну үшін маркстік экспроприация тұжырымдамасының өзектілігі туралы ойлануға шақырады.

Қазіргі уақыттағы өзекті мәселелерді шешу міндеттерін талқылау мақсатында Канаданың Торонто қаласында өтетін ХӘҚ XIX Дүниежүзілік конгресінде 5000-нан астам әлеуметтанушы күтілуде. ХӘҚ Президенті Маргарет Абрахам «Билік, күштеу және әділеттілік: пікірлер, жауап және жауапкершілік» атты конгресс тақырыбының маңыздылығын түсіндіріп өтеді. Жергілікті ұйымдастыру комитетінің төрағасы Патрисия Альбанезе және Канада әлеуметтанушылары қауымдастығының президенті Рим Уилкс, сондай-ақ канаданың жас ғалымдары канадалық әлеуметтанудың ахуалын ұсынады.

Зорлық-зомбылық пен гендерлік мәселелер – тыйым салынған тақырып. Бұқараның назарын аудару үшін қыруар күш жұмсалды және осы мәселе деңгейі ызаландырмай қоймайды. Маргарет Абрахам ұсынысымен Польша, Британия, Австралия және Оңтүстік Африка авторлары осы елдердегі оқиғалар туралы жазады.

Карл Маркстің 200 жылдық мерейтойы оның әлеуметтанудағы теориясы мен идеясын талқылау туралы пікірталастың орын алуына мүмкіндік береді. Маркс теориясын халықаралық пікірталаста түсіну және оның жұмысын түрлі көзқарастарда сынау арқылы әлеуметтану тарихын терең талдайтын бірнеше ғалым симпозиумға шақырылды. Олардың мақалалары Маркстің қоғам теориясына қалай сілтеме жасайтынын және әлеуметтік дамудың балама көріністерін талқылауға немесе оның феминизм көзқарасынан қалай сыналғанына, оның теориясы қазіргі заманғы капитализмді талдауға қалай қолданылатынын, мемлекеттің немесе заңның дамуын қалай түсінуге болатынын және тағы басқаларды көрсетеді. Өртүрлі авторлар оның халықаралық мойындалуын баяндайды.

«Ашық секция» бөліміндегі мақалада маркетингтің Үндістан жоғары оқу орындарында әлеуметтанудың оқу жоспарына ықпал ету мәселесін талқылайды. Қытайдағы еңбек жағдайлары туралы мақаланы жариялаймыз. Сонымен қатар, жұмыс істеу және/немесе жұмысты жалғастыру үшін *Жаһандық диалогтың* жаңа редакциялық тобы мүшелері өздерін таныстырады.

Майкл Буравойдың жомарт қолдауы, сондай-ақ *Жаһандық диалогқа* жарияланатын әлемдік журнал тобының және барлық ХӘҚ органдарының жылы қабылдауы осы жаңа бастаманы жеңілдетті. Оларға алғысымыз шексіз және Жаһандық диалог бойынша бірлескен жұмысымызға және бүкіл әлемнің жаңа идеялары мен ұсыныстарына үміт артамыз. ■

Бриджит Ауленбахер мен Клаус Дёрре,
Жаһандық Диалогтың жаңа редакторлары

> Жаһандық Диалог [ХӘҚ ресми сайтында](#) 17 тілде жарияланады.

> Мақалаларды globaldialogue.isa@gmail.com жолдауға болады.



**GLOBAL
DIALOGUE**



> Редакциялық алқа

Редакторлар: Бриджитт Ауленбахер, Клаус Дёрре.

Редакторлардың көмекшісі: Йоханна Грубнер, Кристин Шикерт.

Редактордың орынбасары: Апарна Сундар.

Басқарушы редактор: Лола Бусуттил, Август Бага.

Кеңесші: Майкл Буравой.

Медиа кеңесшілер: Густаво Танигутти.

Редакциялық кеңес:

Маргарет Абрахам, Маркус Шульц, Сари Ханафи, Виниета Синха, Бенджамин Теджерина, Роземари Барбарет, Изабелла Барлинска, Дилек Чиндыоглу, Филомин Гуттиерец, Джон Холмвуд, Гуэлермино Жассо, Калпана Каннабиран, Марина Куркчян, Саймон Мападименг, Абдул-мумин Саад, Айше Сактанбер, Сели Скалон, Саука Ширахасе, Гразина Скапска, Эвангелия Тастосоглоу, Чин-чин Ю, Елена Здравомыслова.

Аймақтық редакторлар

Араб әлемі:

Сари Ханафи, Мунир Сайдани.

Аргентина: Хуан Игнасио Пиовани, Пилар Пи Пуч, Мартин Уртасан.

Бангладеш: Хабибул Хак Хондкер, Хасан Махмуд, Джувел Рана, Юс Рокейя Ахтер, Тоуфика Султана, Асиф Бин Али, Харун Нахар, Кази Фадия Еша, Хелал Аддин, Мухамин Чоудари.

Бразилия: Густаво Танигутти, Андреса Галли, Лукас Амарал Оливера, Бенно Уоркен, Анжела Мартинс Джуниор, Дмитри Чербончини Фернандеш.

Франция/Испания: Лола Бусуттил.

Үндістан: Рашми Жаин, Джуотти Сидана, Прага Шарма, Нидхи Бансаль, Панкаш Бхатнагар.

Индонезия: Каманто Сунарто, Хари Нугрохо, Лусия Ратих Кусумадеви, Фина Итрия, Индера Ратна Иравати Паттинасарани, Бенедиктус Хари Джулиаван, Мохаммад Шохибуддин, Домингус Элсид Ли, Антониус Арио Сето Харджана.

Иран: Рейханех Жавади, Нияеш Долати, Сина Бастани, Митра Данешвар, Вахид Ленджанзаде.

Жапония: Сатоми Ямомото, Масаки Юкота, Юко Масуи, Кота Накано, Рио Танака, Масаки Токумару, Мари Ямамото.

Қазақстан: Айгүл Забиров, Баян Смағамбет, Әділ Родионов, Алмаш Тілеспаева, Қуаныш Тел.

Польша: Якуб Барщевски, Ивона Божаджијева, Катарзина Дебска, Паулина Домагалска, Лукаш Дуляк, Кшиштоф Губански, Сара Хержинска, Жюстина Косинска, Каролина Миколажевска-Зажак, Адам Мюллер, Зофия Пенза-Габлер, Александра Сенн, Анна Вандзель, Яшек Зих.

Румыния: Косима Ружиниш, Райса-Габриела Замфиреску, Мария-Лоредана Арсене, Тимеа Барабаш, Дениса Дан, Диана Александра Думитреску, Раду Думитреску, Юлиан Габор, Алина Хоар, Александра Иримие-Ана, Кристиана Лотри, Анда-Оливия Марин, Бианка Михайла, Рареш-Михай Мушат, Уна-Елена Негри, Милоара Парашив, Кодрут Пинзару, Адриана Соходолеану, Елена Тюдор.

Ресей: Анастасия Даур, Андрей Синельников, Елена Здравомыслова.

Тайвань: Джинг Мао Ху.

Түркия: Гүл Шарбаджиев, Ирмак Эврен.



Вирджиния Фонтес, Латын Америкасындағы жетекші маркстік теоретик, экспроприацияның маркстік тұжырымдамасын саяси экономияны сынау және Бразилиядағы 2016 жылғы парламенттік төңкерістен кейінгі оқиғаларды түсіндіру үшін қолданудың маңызы туралы ой бөліседі.



2018 жылдың шілдесінде Канададағы Торонтода ХӘҚ XIX Дүниежүзілік конгресі өтеді. Ұйымдастыру комитетінің жетекшісі Патриция Альбанезе мен бес жас ғалым бүгінгі канадалық әлеуметтануды таныстырады.



Маркстің 200-жылдығына орай, әлем әлеуметтанушылары мемлекет пен құқықтан бастап нәсілшілдік пен феминизмге дейінгі салалардағы заманауи оқиғаларды түсіну үшін маркстік теорияның өзектілігі сақталып отырғанын сипаттайды.



Жаһандық диалог SAGE

Publications ұсынған риясыз
грант негізінде жүзеге асып отыр.

> Осы шығарылымда

Редакциядан: 2

> АШЫҚ ӘЛЕУМЕТТАНУ

Капитал империализм хақында: Вирджиния Фонтеспен сұқбат

Гульермо Лейте Гонзалес, Бразилия 6

> ТОРОНТОДАҒЫ ХӘҚ ХІХ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КОНГРЕСІ

Билік, күштеу және әділеттілік
Маргарет Абрахам, АҚШ 10

Канадалық әлеуметтану және Дүниежүзілік конгресс
Рима Уилкс, Канада 13

Канададағы әлеуметтануды бірге сынау мүмкіндігі
Патриция Альбанезе, Канада 15

Жергілікті және жаһандық әлемдер арасындағы канадалық университеттер
Франсуа Лашапелле және **Патрик Джон Бернетт**, Канада 17

Студенттік несиенің жаңа канадалық түлектерге ықпалы
Митчел Макивор, Канада 18

Ғалым – азамат атану
Микки Валле, Канада 20

Ұқсас жұмыс және Канададағы саяси көшбасшылар
Элиза Майолино, Канада 21

Иммигранттар Канаданың Жоғары Сеніміне сеніммен қарай ма?
Кэри Ву, Канада 22

> ГЕНДЕР ЖӘНЕ ЗОРЛЫҚ

Сектораралық, индигендік, гендер және зорлық-зомбылық
Мэгги Уолтер, **Хоселинн Балтра-Уллоа** және **Якоб Прен**, Аустралия 24

Оңтүстік Африкадағы жыныстық зорлық-зомбылық және «түзету зорлауы»
Камила Найдю, Оңтүстік Африка 26

Отбасындағы зорлық-зомбылықтың Польшадағы көрінісі
Магдалена Гзыб, Польша 28

Нелдік зорлық-зомбылыққа ма?
Сильвия Уолби, Ұлыбритания 30

> МАРКС ЖӘНЕ БҮГІНГІ ӘЛЕУМЕТТАНУ

Маркстің 200 жылдығы 33

Маркс және әлеуметтану, 2018
Г.М.Тамаш, Венгрия 34

Капитализмді еңсерудің маркстік дәстүрінің жалғасып жатқан өзектілігі
Эрик Олин Райт, АҚШ 36

Феминизм марксизмге қарсы
Александра Шееле, Германия және **Стефани Уэл**, Австрия 38

Маркс және мемлекет
Боб Джессоп, Ұлыбритания 40

Капиталист Landnahme заңға жаңа маркстік көзқарас
Гульермо Лейте Гонзалес, Бразилия 42

Маркс және Үндістандағы әлеуметтану
Сатиш Дешпанде, Үндістан 44

Жиырма бірінші ғасырдағы Маркс
Мишель Уильямс, Оңтүстік Африка 46

Маркс және Жаһандық Оңтүстік
Раджу Дас, Канада және **Дэвид Фазенфест**, АҚШ 48

> АШЫҚ БӨЛІМ

Қытайдағы таптық теңсіздік және әлеуметтік қақтығыс
Дженни Чан, Гонконг 50

Үндістанның жеке және мемлекеттік университеттерін салыстырмалы зерттеу
Нихарика Жайсуал, Үндістан 52

Жаһандық диалогтың жаңа және көне редакциясы 55

“Әлеуметтанушылар тарихтың осы қиын кезеңінде дәуіріміздің шиеленістері мен күресінен апатиялық қашықтықты қолдауға құқы жоқ, өйткені біз азаматтық қоғам үшін өзекті емес болып қалу қаупіндеміз.”

Маргарет Абрахам

> Капитал империализм хақында

Вирджиния Фонтеспен сұқбат



Вирджиния Фонтес.

Вирджиния Фонтес – Латын Америкалық танымал марксист ғалым. Флуминенсенің Федералдық университетінде әлеуметтік тарих профессоры (UFF) және Бразилия, Рио-де-Жанейродағы Освальдо Крус (Fiocruz) Қорының аға ғылыми қызметкері. Ол 2005 жылы басылып шығарылған және теориялық рефлексия мен эмпириялық талдауды біріктірген *Reflexões im-pertinentes: História e capitalismo contemporâneo* кітабында капитализмнің дамуын және коммодификациясының жаңа қалыптарын зерделейді. Экспроприация идеяларынан бастау алатын зерттеу әлеуметтік теориядағы саяси экономия сынының қайта жандануының көрінісі. 2010 жылы жарияланған әйгілі *O Brasil e o capital-imperialismo. Teoria e história* еңбегі – теориялық рефлексиясы шырқау шегіне жеткен жұмыс. Латынамерикалық марксизмді 1960-шы жылдардағы басым идеялардан оқшаулауға ықпал еткен империализмнің жаңа теориясын ұсынған марксизмдегі тәуелділік теориясының танымал авторларының бірі Руи Маурио Маринимен сыни пікірталасқа түседі. Осы шығарылымда ол Рио-де-Жанейро мемлекеттік университетінің (UERJ) құқық әлеуметтануы профессоры **Гильермо Лейте Гонзалеспен**, сұқбаттасады. Португал тіліндегі сұқбатты ағылшын тіліне аударуға көмектескен Аллан Хилланиға, Бруне Коэльоға, Цезарь Баррейреге, Клей Джонсонға, Моцарт Перейреге, Райзе Руаска және Тейне Карнейроға алғыс білдіреміз.

Гильермо Лейте Гонзалес: Білімді өндіру мен насихаттауда тәуелділік теориясы латынамерикалық ойлауға тән интеллектуалдық отаршылдықты жеңеді. Жаһандық деңгейде ол зерттеудің басқа салаларына да тарады. Осы теория капиталистік қоғам құрылымын сипаттау мен сынауда қандай әлеуетке ие?

Вирджиния Фонтес: Иә, бұл антикапиталистік нәтижелерден емес, «бейімделу» әдістерінен маркстік тәуелділік теориясын (MTD) оқшаулаудың шындалған теориялық талпынысы. Ростоудың *The Stages of Economic Growth: A Non-Communist Manifesto* (Экономикалық өсу кезеңдері: коммунистік емес манифест, 1960) кітабы «дамуы артта қалған»

>>

мемлекеттер «дамуы» үшін «қабылдауы тиіс» деген идеяны таңатын халықаралық институттарға қарсы манифест болды. Бірақ, біраз талдаулар бұл постулаттың ақиқат емес екендігін растады. БҰҰ, Латын Америкасы мен Кариб алабы экономикалық комиссиясы сияқты ұйымдар капитализм экспансиясы артта қалған елдердің дамуын тежейтінін көрсетті, себебі «тең емес айырбас» дамушы елдер ресурстарын тауысып, индустриализация процесіне кедергі болады. Басқа ғалымдар перифериялық елдердегі капиталистік даму түрлерін саралайды. Сын тағылғанына қарамастан, осындай теориялар «капиталистік даму» идеяларының шырмауында қалып отыр. Маркстік тәуелділік теориясы осы әдістер шеңберінен тыс. Капитализмнің таралуын теңсіздіктің тереңдеуімен түсіндіретін осы екі теория да капиталистік қарым-қатынасқа бағытталып, құн теориясы идеясының негізінде периферияда капитализм таралуының нақты үлгілерін қарастырады. Талпыныс капитализмнің дамымағандығын және тәуелділіктің әртүрлі қалыптарын емес, капитализмді еңсеру қажеттілігін көрсететін едәуір теориялық және практикалық серпінді білдіреді.

Г.Л.Г.: Жұмысыңызда Руи Маурио Маринидің перифериялық капитализм туралы тұжырымы мойындалады. Марини үшін Латын Америкасы буржуазиясының тәуелділігі өңірде еңбекті аса қанау есебінен табыс заңының қызмет етуін шектеуге негізделген ұсқынсыз капитализмнің дамуына алып келер еді, яғни перифериялық буржуазияның жергілікті жұмысшыларды қанауы жеке капиталының қорлануы үшін қосымша құнның бір бөлігін сақтап қалуға ғана емес, сондай-ақ капиталдың қалған бөлігін сыртқы капиталистік орталыққа бағыттауға мүмкіндік береді. Осы тезисті дәлелдеу кезіндегі кедергілер қандай? Күмәнділігі неде?

В.Ф.: Марини – бұл тақырыпқа екіжақты қарайтын іргелі ойшыл. Ол үшін перифериялық елдің рөлі мүлде анықталмаған. Империализм, жергілікті капиталистік жиыны, әлеуметтік күрес, мемлекет және т.б. байланысты айнымалылар бар. Оның талдауы тарихқа толы, себебі ол елдердің және т.б. редукционизмдердің қатаң иерархиясын жоққа шығарады және бұл дүниежүзілік капитализмнің өзгерісінде империализм ықпалындағы бразилиялық шындықты түсінуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, ол империализмдегі баға заңын зерттеудегі құрылымдық бағытты ойлап тапты: перифериялық елдердегі жұмысшылардың қатты қаналуы мен өндіріс және тұтыну циклдері арасындағы бөлініс капиталистік елдерге құнды басқаруға мүмкіндік беруді түсіндірді. Осылайша, Марини империализм мен Маркстің құн туралы әмбебап теориясының және ұлттық ерекшеліктер мен империалистік қарбаластықтың қарама-қайшылығын байқады.

Бір мезетте капиталистік қарым-қатынастардың етек жаюы және тәуелділіктің біркелкі емес қалпына келтірілу процесі мәселесін көтеретін болғандықтан, бұл өзекті тұжырымдамалар үнемі қайта интерпретациялауды талап етеді. Олар тәуелділіктің елдер арасында белгіленген қарым-қатынастар құрмайтындығы және капитализмде үнемі ішкі кезеңге түспейтіндігі туралы тұжырымдама жасауға мүмкіндік береді. Оның орнына ол қарама-қайшылықтардың күшеюін үдетеді. Мен шаруалардың экспроприациясының қарқынды процесінен кейінгі кезеңдегі Бразилиядағы капиталистік қоғамдық қарым-қатынастардың кеңеюін талдадым. Шаруалар «резервінің» азаюы нәтижесінде баға заңының нығаю үрдісі күшейтілді, яғни жұмыс күшінің қайта өндірілуіне әлеуметтік-тарихи талаптары бөгет болмайды. Қарқынды күрес нәтижесінде жұмысшылар жағдайын аз ғана болса да жақсартып алды, бірақ кейіннен капитал жүргізген қосалқы экспроприацияның агрессиялық кезеңі жүрді. Бұл қосалқы экспроприация орталық мемлекеттерге де ықпал етті, сондықтан Маринидің асыра эксплуатациялау туралы қағидасы халықаралық жағдай аясында үнемі зерттелуі қажет.

Өндіру мен тұтынуды бөлуде де өзгерістер бар. 1960 жылдары бразилиялық өнеркәсіп негізінде төменгі қабатта орналасқан әлеуметтік жіктер тұтынатын немесе молшылықты көрсететін экспортқа арналған өнімдерді шығарды. Бірақ, 1970 жылдан бастап тұтынушылар несиесі бұл өнімдерді қолжетімді етті, соның нәтижесінде өндіру мен тұтынудың арасындағы үзіліс жалғанды, теңсіздік тереңдеді. Маринидің пайымдауынша, империализм ықпалындағы тауар тасымалы (супер-эксплуатацияланған жұмысшы табының қолданылмай қалуы нәтижесінде болған) және мемлекеттің салыстырмалы автономиялығы арқылы анықталды. Мен 1990 жылдардан бастап бразилиялық компаниялардың басқа перифериялық елдерге жылжуы және басқа елдерде тікелей капиталды немесе жұмысшы күші мен табиғи ресурстарды экспортқа шығаратын трансұлттық корпорациялардың құрылуы империализм ықпалының дәлелі бола алатынын айтып келемін. Маринидің жұмысынан перифериялық елдердегі «деформацияланған» капитализм туралы гипотезаны көріп тұрған жоқпын, себебі бұл идея аталған кезеңнің «жүйеленген капитализмге» айналуын болжайды, бұл жалған қағида болып табылады.

Г.Л.Г.: Маринидің субимпериализм ілімінің сіздің капитал империализм іліміңізден айырмашылығы неде? Не себепті «капитал империализм»?

В.Ф.: Біздің талдау ондаған жылға созылды. Марини құндылықтардың көшірілуінің құрылымдық процесін қарастырса, мен еңбекке жарамды (экспроприация),

адамдардың қоғамдық өндірісінің ара-қатынасын белгілеуге, концентрациялардың нақты формаларын және меншіктің интернационализациялануын, бағаны белгілеудің жаңа тәсілдерін және мемлекет пен саясаттың редизайнын жасауға тырыстым (Грамши). Әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі олардың капиталистік және империалистік жылдамдыққа қарай жылжыса да капитал мен еңбек арасындағы оппозицияға барған сайын мән беруге мәжбүр етеді.

Капитал-империалистік экспансияны, шоғырланған және бәсекелес капиталдар консорциумда жұмыс істейтін, капитализмнің жаңа шкаласы деп атадым. Капиталдың ішкі үстемдігі нарық, экспорт, капитал айналымы арқылы сыртқы экспансияны талап етеді, жерді экспроприациялауды, құқықтарды және экзистенциялық қоршаған орта жағдайларын және бүкіл халықтың биологиясын ынталандырады. Капитал үшін іргелі болып табылатын әлеуметтік қатынастар қарқынды антикоммунизмге негізделеді. Буржуазияның және кейбір перифериялық мемлекеттердің жаңа фракциялары күшейтіледі, бірақ олардың саяси ұйымдарының әртүрлілігі номиналды «демократиялық» құрылымға дейін азаяды. Орталықтандыру мен орталықта және кейбір периферияларда капиталдың шоғырлануы шамадан тыс «абсолютті» және «әлеуметтік», порнографиялық «таза мүліктің» бірігуіне алып келеді. Бірнеше ірі капитал иелері капиталды ревалоризациялауға тырысады және «қолданыстағы капиталистерді» бағаны белгілеудің аса қатал, тіпті қатыгез тәсілдеріне итермелейді. Өндірістің әлеуметтік ресурстарының жеке меншік құқығы (бағаны алу үшін өндіріс құралдарын жинау мүмкіндігі және жұмыс күші) абсолютті болып табылады. Көптеген экспроприация, әр адам қызметінің индустриализациясы және қызметкерлер арасындағы бәсекелестіктің нашарлауы арқылы жаңа және қорқынышты еңбек формаларын күшейтеді.

Мен неолиберализм және дағдарыс жағдайларын болдырмауға тырыстым. Неолиберализм - «өркениетті» капитализмнің күйреуі емес, себебі оның дағдарысы емес, керісінше капитал империализмнің кеңеюімен тығыз байланысты. Біз оның драмалық кеңею жағдайында өмір сүріп келеміз: дағдарыс тіпті «таза» мүлікке тиместен, жұмысшылар санының артуын қозғайды. Капиталдың кеңістіктік ұлғаюы ұлттық кеңістікте жұмыс жасайтындардың саяси инкапсуляциясына қарама-қайшы. Адамзаттың көбі өндіріс процесін интеграциялайды және/немесе теңсіздікті тудырады. Репрезентативті-сайлау форматы кең таралуда, алайда демократия байлық негізінде самодержавиелік үлгіге алып келеді. Саяси ғадет биполярлы сипат алуда: капитал үшін интернационалданған және еңбек үшін фрагменттелген. Халықаралық ресми

ұйымдар арқылы (БҰҰ, ХСҰ, ХВФ) немесе бейресми саясат (коммерциялық емес ұйымдар), немесе мемлекет ішіндегі ресми саясат арқылы интенсивті буржуазиялық белсенділік бар екені анықтала түсті. Сараптамалық комиссия мен конституциялық шектеу арқылы буржуазия капитализмді жеңуге бағытталған әрекеттерді жоюға тырысады. Капитал арқылы қаржыландырылатын, бюрократия, демократиялық аспектілерді және бағынушының әрекетінің шекарасын тарылта отырып, мемлекеттер ішіндегі мемлекеттік басқару үстем болады. Дағдарыс емес, керісінше капиталдық-империалистік экспансия әлеуметтік таптар мен капиталистік-империалистік мемлекеттер арасындағы жаңа ұлттық және халықаралық тұрақсыздыққа алып келеді.

Г.Л.Г.: Капитал-империализм ұғымы негізінде экспроприациялар жайлы пікірталас орын алған, бұл негіз Маркстің «бастапқы қорлану» деп аталатын ойына сәйкес келеді. Роза Люксембургқа тиесілі деп есептелетін бұрынғы пікірталас дәстүрі бар. Бұл дәстүрге қалай қарайсыз? Экспроприация нені білдіреді және оның қосымша құнға қатысты қандай байланысы бар?

В.Ф.: Маркс экспроприациялар әлеуметтік капиталистік динамиканы біріктіреді деген тұжырымды ұстанады. Олар бұның «бастапқы шағы» ғана емес. Еркін жұмысшылардың болуы маңызды *әлеуметтік қатынастардың*, қаржы бөлу мен пайда түсіруді кеңейту үшін *әлеуметтік негізді* құрайды. Қазір бұл жаппай бастапқы қорлану ерекше (немқұрайлы қарау) тіршілік иелерін қажет емес нәрсеге айналдыру, кез келген жағдайда жұмыс күшін саудалауға мәжбүрлік арқылы халықты қамту тенденциясына ие. Жаппай мүлікті тәркілеу – алғашқы әлеуметтік жағдай және капиталистік кеңеюдің нәтижесі.

Соңғы уақытқа дейін әлемдегі халықтың басым бөлігі ауылдық аймақтарда, капиталистікке дейінгі жағдайда өмір сүріп келді. Ауыл өмірі қалалық капитализмге тиімді сырттай қарым-қатынас болып шықты, бірақ қазіргі таңда бұл өзгерді. Роза Люксембург капиталды көбейту үшін капиталистік қоғамның қатаң шектеулері аясында табысқа пайдакүнемдік тұрғысынан жете алмаудың себебінен капиталистік емес шектеулер қажет деп есептеді. Дэвид Харви қазіргі капитализм осындай сыртқы ықпалды («қалыпқа келтірілген» капитализмнің ары қарай дамуын сипаттайтын «тәркілену») өндіреді деген тұжырымдаманы өзгертті. Мен келіспеймін: қалыпқа келтірілген капитализм болған емес, ал орын алды деп есептелетін мемлекеттер пайда табудың империалистік және варварлық түрлерін пайдаланған. Бұл жетекші болжамдар, бірақ біз негізгі капитал үшін ішкі (сыртқы емес), әлеуметтік қарым-қатынастар негізгі қажеттіліктерді өндіру екендігін алға тартуымыз

қажет, соның ішіндегі біріншісі нарық арқылы өзінің күнкөріс деңгейін қамтамасыз етуге мұқтаж әлеуметтік нысандарды өндіру. Роза Люксембург бізге капиталистік әлеуметтік қатынастардың үздіксіз кеңеюінің басым рөлін еске салады.

Г.Л.Г.: Саяси экономияға сын ретіндегі Маркстің талдауын түсіну үшін экспроприация тұжырымы қаншалықты іргелі?

В.Ф.: Енді экспроприацияны елемей мүмкін емес. Жерлерді тәркілеу ауылдық аймақтарда жалғасын тауып жатырса, тәркілеудің жаңа түрлері жүздеген жылдар бойы урбанизацияланған халыққа ауыз салып келді. Мен кейінгісін екінші *экспроприация* деп атаймын. Олар жер секілді меншікті жоғалтуды білдірмейді. Қазіргі екінші экспроприация екі әдіспен жүзеге асырылады: 1) Он алтыншы және он сегізінші ғасырлардағы ағылшын парламенттік экспроприациясымен ұқсас, көптеген жағдайларда келісімшартты бұзатын құқықтарды алып тастау; мемлекеттік кәсіпорындардың жекешелендірілуі; құндылықтарды өндіруге, әсіресе білім беру мен денсаулық сақтау саласына қызмет көрсетудің ірі салаларын ашу; 2) Ондаған жылдар бұрын, қоғамдық қолданысқа тиесілі су немесе орман секілді табиғи ресурстарды экспроприациялау мүмкін емес болатын. Ал қазір, репродукция жағдайлары биологиялық және адам өмірінің патенттері және терминатор трансгендік тұқымдарды пайдалану арқылы монополияланып жатыр.

Өндірістің әлеуметтік ресурстарының шоғырлануы мен экспроприациялар арасындағы корреляцияны көрсету капитализмді еңбек және құндылықсыз өндіру өмір сүрмейтіндігін көрсетеді. Ол халықаралық қарсыласу құралдарынан айырылған жұмысшыларға арналған халықаралық бәсекелестікті арттырудың ең көнесінен «ең инновациялық» санына дейінгі көптеген және байланысты нысандарды қабылдайды. Жақсы (өнімді) және нашар (қаржылық) капиталистер секілді «қаржыландыру» туралы айту жеткіліксіз: олар біріктіріліп, экономиканың барлық салаларында бірге жұмыс істейді, екеуі де жұмысшылардың құндылығына байланысты.

Г.Л.Г.: Сіз 2016 жылғы Бразилиядағы парламенттік төңкерісті қалай түсіндіресіз?

В.Ф.: Бразилия әлеуметтік қарым-қатынастар (жаппай бастапқы және қосалқы экспроприация және құны жоғары бірнеше формадағы капиталдың

концентрациясы) дамыған капиталистік ел және империалистік капиталдың ұлғаюымен байланысты индустрияландыру процесі қалыптасқан мемлекет. Бразилиялық буржуазия капитал-империализмді қорғауда белсенді рөл атқарды; олар пайданы әдейі жасалған өсімнен тапты, негізінен Кардозу Үкіметіне жекешелендіру мен қайырымдылықтың капиталы шоты есебінен түскен. Жұмысшы партиясы басқарған келесі үкіметте бұл құқықты өзіне алды, бірақ жеңіл әдіспен. Осы жылдар ішінде буржуазиялық фракциялар саяси әрекеттерін ресми (сайлау науқандарын қаржыландыру) және фракциялық емес формалар арқылы жүзеге асырып келді. Коммерциялық емес ұйымдар арқылы жұмысшы табының қауқарын әлсіретті, ресурстар тапшылығы мен қылмыстың өршуі де бар.

2016 жылғы төңкерістің басты себебі - 2013-2014 жылдары бастау алған экономикалық дағдарыс және қалыптасқан жағдайдың шешімін таппауы. Әлсіз буржуазиялық фракциялардың бір-бірін сынауы нәтижесінде ұлттық жемқорлық пайда болды. Бірқатар бразилиялық компаниялардың көпұлтты болуы ішкі және сыртқы ахуалдың нашарлауына алып келді. Жергілікті сыбайлас жемқорлық туралы шетелдік бәсекелестер мәлімдеді. Сот тергеулері ішкі және сыртқы қайта құруларды жүргізу керектігін көрсетті. Ықпалы жоғары таптардың бірігуі нәтижесінде жұмысшылар құқығының тапталуы мен оның өршуіне себепкер болды.

Бірнеше жылдар бұрынғы бразилиялық демократия капиталистік империализмнің дамуы ықпалымен халықтың бірігуі және бразилиялық капиталдың интернационализациялануына көмек болады деп пайымдады. Осылайша, капитализмді жақтаушы солшылдар болған жағдайды қолдау үшін арнайы жіберілді. Алайда, бұл сайлауда бәсекелестіктің күшеюіне және қымбаттауына жағдай жасады. Америкалық әріптестерінің көмегіне сүйенген бразилиялық топтар антикоммунистік кампанияны белсенді қаржыландырды, олар кез-келген деңгейдегі танымалдылығы бар солшылдарды қолдаушылар мен жұмысшылар қозғалысының заңсыздығын желеу етті. Телевизиялық хабар таратуға монополия бір жақты сипатта, жалпы консервативті халыққа қарсы полиция мен қаруланған зорлықпен қатар жүрді. Болған жағдай буржуазиялық институттардың билігі нәтижесінде қалыптасты. Біз капитал мүддесінің конституциялануының қарқынды болып жатқанын байқаймыз. ■

Хаттарды Гильермо Лейте Гонзалес <guilherme.leite@uerj.br> пен Вирджиния Фонтеске <virginia.fontes@gmail.com> жолдауға болады.

> Билік, күштеу және әділеттілік

Маргарет Абрахам, Хофстра университеті, ХӘҚ Президенті және ХӘҚ XIX әлеуметтанулық конгресінің бағдарламалық комитетінің төрағасы



Торонтоның Метро Конференц-орталығында 2018 жылдың 15-21 шілдесінде ХӘҚ XIX Дүниежүзілік конгресі өтеді.

Бізді Канаданың Торонто қаласында өтетін XIX халықаралық әлеуметтанулық конгрестен бірнеше ай ғана бөліп тұрғанын елестету қиын. Пән пайда болғаннан бері әлеуметтанушылар билік, күштеу және әділеттілікті, сонымен қатар олардың қоғамға ықпалын зерттеп келеді. Заманауи әлеуметтік, экономикалық және саяси түйткілдер аталмыш әлеуметтанулық мәселелердің өзектілігін арттыра түсті. Біз өмір сүріп отырған дәуір осы мәселелерге тез арада қайта оралуымызды талап етуде. «Билік, күштеу және әділеттілік: пікірлер, жауап және жауапкершілік» деген тақырыптағы Конгресс әлеуметтанушылар мен басқа әлеуметтік ғалымдарға

өзара пікіралысу үшін, біздің өмірімізге саналуан әдістер арқылы ықпал ететін осы өзекті мәселелерді шешудің жолдарын талқылау және қарастыру үшін маңызды алаң болып табылады.

1200 жуық мәжілістер ұйымдастырылды және 10 000 астам қолжазба Конгресс атына түсті. Канадаға, Торонто қаласына 2018 жылдың 15 мен 21 шілдесі арасында әлем елдерінен Конгресс тақырыбы аясында көтерілетін сұрақтар бойынша білімдерімен бөлісу, идеяларын таныстыру мақсатында 5 000 астам қатысушылар келеді деп күтудеміз. ХӘҚ XIX әлемдік конгресі қоғамды қалыптастыратын және өзгертетін басым күш билікке,

яғни – саяси, әлеуметтік, мәдени және экономикалық билікке иек артады. Қарастырылатын тақырыптардың шоғыры бізге тән мәселелерді, сондай-ақ әлемге ықпал ететін күштеу мен әділетсіздіктің шешімін табуға деген батылдығымызды көрсетеді.

> Әлеуметтану мен қоғамның басым міндеттері

Әлеуметтанушылардың негізгі қызығушылығын тудыратын нәрсе – әлеуметтік мінез құлық пен әлеуметтік институттарды сыни тұрғыдан зерттеу екенін білеміз. Дегенмен, дүниенің осылай екенін түсіну – жеткіліксіз. Өзіміздің әлеуметтанулық білімімізді әлемді жақсы жағына өзгерту үшін қолдануымыз қажет. Ол үшін әлеуметтік құрылымдарға, әлеуметтік қатынастарға және әлеуметтік мінез-құлыққа ықпал ететін мәселелерге назар аударуымыз және өмір сүріп отырған кезеңіміздің өзекті мәселелері бойынша қоғаммен пікір алысып отырғанымыз абзал. Бұл әлеуметтануды билік пен оны қолда ұстап отырғандардың арасында міндетті түрде сауал жүргізуге итермелейді; мысалы, түбінде әділетті әлем орнату мақсатында отарландыру тарихы және жерді иемденіп алудың заманауи бейнесін; тұрғылықты халықтар мен азшылыққа қатысты күштеуді орнықтыратын құрылымдар мен мәдени процестер туралы пайымдарды; патриархатты қайта зерделеу және әйелдерге қатысты күш қолданудың және кемсітудің жалғасуын; күштеуді, соғыс пен соғыстан кейінгі шиеленістерді, кедейлікті, нәсілшілдікті, гендерлік мәселелер мен сектораралық зорлықты, сонымен қатар көшуге күшпен итермелеу және құқықтардан айыруды зерттеу және сынау деген сөз. Осы тұрғыда «билік», «күштеу» және «әділеттілік» ұғымдары заманауи әлемнің біз шешуге тиісті негізгі мәселелерін қамтып отыр, міне сондықтан олар ХӘҚ XIX халықаралық әлеуметтанушылар конгресі үшін нағыз өзекті және таптырмас тақырыпты құрайды.

Біз зорлық зомбылық, соғыс, қақтығыстар мен шиеленістердің қайнаған қазанының тап ортасындамыз, сонымен бірге жүйелердің абдыраған, өліара шағында құрметке ие болған институттардың ыдырауы, ал демократияның дағдарысқа тап болған кезінде өмір сүріп отырмыз. Әлемнің көптеген бөліктерінде мемлекет ұлтшылдық пен ксенофобтық талпыныстарды жақтайтын институтқа және азшылықты, келіспейтіндер мен нонконформистік топтарды қудалау үшін өз билігін асыра пайдаланатын құралға айналды. Өлсіз ұсақ ұлттарға қарсы шексіз қысым көрсететін гегемондық олигархиялар бар, оларды тіпті әлемдік тәртіпті халықаралық деңгейде қамтамасыз етіп отырған ұйымдар да тия алмайды. Эгалитарлық мұрат мықтыларға ғана қызмет ететін иілгіш құралға айналған шақта «демократияға қолдау» деген желеумен қаншама халық тұтастай талан-таражға салынып, босып кетті. «Террормен күрес» жеке адамның бостандықтары мен құқықтарын шектеуді ақтайтын керемет уәж ретінде пайдаланылады. Бостандық, әділеттілік және демократия

үшін бұл нені білдіреді? Әлемді қинап отырған күштеу, кемсіту мен ашу-ызаның негізінде нарық пен пайдаға құрылған неолибералды экономикалық билік тудырған әділетсіздік пен теңсіздік жатыр. Сонымен қатар бүкіл елде элита билігінің үстемдігін қорғау үшін және статус-квоны сақтау үшін үнемі мемлекеттік билік қолданылады. Мемлекеттің де үстемдігі, нарықтың күші де жақсы өмірді жасауда табысқа жете алмады. Осы қатыгез де шиеленісті әлемде әлеуметтанушылар ретінде жауапкершілігіміз теңсіздік пен әділетсіздікті тереңдетіп отырған сыңайы бар үстем институттар, сенімдер, идеологиялар мен тәжірибелерді зерттеу және олар туралы мәселе көтеру болмақ.

Сонымен қатар бүкіл елде элита билігінің үстемдігін қорғау үшін және статус-квоны сақтау үшін үнемі мемлекеттік билік қолданылады. Мемлекеттің де үстемдігі, нарықтың күші де жақсы өмірді жасауда табысқа жете алмады. Осы қатыгез де шиеленісті әлемде әлеуметтанушылар ретінде жауапкершілігіміз теңсіздік пен әділетсіздікті тереңдетіп отырған сыңайы бар үстем институттар, сенімдер, идеологиялар мен тәжірибелерді зерттеу және олар туралы мәселе көтеру болмақ. Қара түнектегі үміт отын қауымдарға өкілеттілік беретін, зорлық-зомбылықты азайтып, әділеттілікті орнататын топтар, күш қолданбайтын қозғалыстар, гуманитарлық қызметтер мен бейбіт процестер жағып отыр. Оппозиция маңында жүрген топтар тиранияға, аса мәртебелілер мен бұқара арасындағы алшақтықтың тереңдеуіне, экологиялық қауіпке, жұмыссыздыққа және басқа әділетсіздіктерге қарсылық қозғалыстары күш құрылымдарына айбат шеге бастады. Дегенмен, қарсылық саябырлаған кезде немесе қозғалыс институттық трансформация процесін қамтамасыз ету үшін тоқтаған кезде билік элитасы мен статус-кво сөзсіз айналып соққанда, көбіне қысымды күшейту орын алады. Азаматтардың қарсылық траекториясы – әлеуметтік әділеттілік үшін күрес түбі көрінбейтін, көбіне көңіл қалдыратын іс екенінің тағы бір еске салатын қайғылы дүние – бірақ біз берілмеуіміз керек! Жалпы халықтық игілік үшін маңызды мәселелерді көтере отырып, Конгресс азаматтық қоғам мүдделерін білдіреді.

Конгрестің тақырыбы – тарихтың осы аса күрделі кезеңінде, біздер, әлеуметтанушылар өзімізді осы уақытта болып жатырған шиеленістер мен күрестен немқұрайлы арақашықтықта ұстай алмаймыз, егер олай ететін болсақ, мүдделі тарап болып табылатын азаматтық қоғам үшін өзекті емес салаға айналу қаупі бар деген берік шешім. Өз кезегінде бұл түйткілі тереңдеген әлеміміздің күрмеуі қиын мәселелерін шешуге белсене араласатын ашық, айтары бар, жаһандық қоғамдық әлеуметтануды ұсыну деген сөз. Әлеуметтанушылардың, әлеуметтік ғалымдардың, журналистердің және белсенділердің осындай үлкен жиынын азаматтық қоғамға ықпал етіп отырған әйгілі саяси, экономикалық және әлеуметтік бағыттардың мойындамауы мүмкін емес.

Теңсіздікпен, этноцентризммен, гиперационализммен, ксенофобиямен және адам құқықтарымен байланысты күштеу мен әлеуметтік әділеттілік мәселелері талқылауларымыздың өзегі болмақ.

Әлеуметтану басқа да пәндердің идеяларын біріктіреді, міне сондықтан қоғамның аса күрделі мәселелеріне жауап іздеуде қомақты үлес қоса алады. «Билік, күштеу және әділеттілік» деген тақырыбымыз саясаттану, экономика, антропология, психология және тарих сияқты әлемге өзіндік саналуан баға беретін және әлеуметтік әділеттілік үшін бітіспес күресте сенімді серіктесіміз болып табылатын пәндерде де маңызды.

ХӘҚ XIX әлемдік конгресі білімді өндіріп, онымен бөлісуге және әлеуметтік өзгерістер үшін ұжымдық әрекетке қатысуға жаһандық ұмтылысты ескере отырып, секциялардың кең ауқымында қарастырылып отырған тақырыптар бойынша өз көзқарастарымен бөліскісі келетін әлеуметтанушылар мен басқа саланың баяндамашыларына алаң ұсынады. Торонтода Сіздермен кездесуді асыға күтемін! Күрделі әлеміміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси мәселелерін түсінуді бірлесе тереңдетіп, зорлық-зомбылық арқылы теңдік пен әділеттілікті бұзып отырған күштерге қарсы тиімді әдістерді табамыз деген үміттемін. ■

Хаттарды Маргарет Абрахамға <Margaret.Abraham@Hofstra.edu> жолдауға болады.

> Канадалық әлеуметтану

және Дүниежүзілік конгресс

Рима Уилкс, Британдық Колумбия университеті, Канаданың әлеуметтанушылар қауымдастығының президенті, логика мен әдіс (ЗКЗЗ) ХӘҚ бағдарламаларды үйлестіру зерттеу комитетінің, ХӘҚ Дүниежүзілік конгресі вице-президенті және ХӘҚ XIX дүниежүзілік әлеуметтану конгресі жергілікті ұйымдастыру комитетінің мүшесі



Канада әлеуметтанушылары және Канаданың әлеуметтанушылары қауымдастығының мүшелері (<http://www.csa-scs.ca/>) ХӘҚ XIX әлеуметтанушылар конгресі Канадада өтетініне қуанышты. Конгресс 2018 жылдың 15-21 шілде аралығында Торонтода (Онтарио, Канада) өтеді. Делегаттар Вендата, Анишинабек қауымдастығы мен Хауденасауни Конфедерациясы жерлерінде кездесіп, Ұлы көлдер ауданы мен Жаңа Бірінші Ұлттық Миссигонг жерлерін бейбіт түрде бөлісу туралы келісім болып табылатын «Бір қасықтан ас татады».

Аймақтық мойындау Канададағы көпшілік алдындағы іс-шаралардың кең таралған бөлігі болып табылатындықтан, олар түсіндіруді талап етеді. Бұл аймақтық мойындаудың тамыры байырғы халықтардың ертедегі белсенділігімен байланысты және соңғы уақытта, 2008-2015 жылдар аралығында, Үнді қауымы мектептерінде ақиқатты анықтап, татуластыру

Канада әлеуметтанушылары әлем ғалымдарын қарсы алу мүмкіндігін асыға күтуде.

>>

бойынша Комиссиясының назарына ілікті. Мойындау өткен мен қазіргі уақыттың «жарақатына» ем болмаса да, осы тәжірибе көтерген мәселелер дүниежүзілік әлеуметтанушылар конгресінің тақырыбына сәйкес – «Билік, күштеу және әділеттілік: пікірлер, жауап және жауапкершілік» Канадалық тұрғыда мойындау кейде ризашылық білдіру үшін, сонымен қатар, адамдардың аумақ тарихы туралы білімін көрсету үшін қолданылады. Алғыс білдіру, сонымен қатар, әсіресе байырғы халықтарды қоныстанушылардың отарлауы, келісім-шарттық міндеттер мен оларды Канада қорғап қала алмайтындығы туралы нақты еске салу үшін саяси тәжірибе.

ХӘҚ дүниежүзілік конгресі әлемнің мыңдаған ғалымдарымен кезек күттірмейтін мәселелер бойынша диалог жүргізуге, үйренуге және тыңдауға теңдессіз мүмкіндік береді. Кейбір қатысушылар енді ғана ХӘҚ-на қосылып жатырса, басқаларында көп жылғы тәжірибе бар. ХӘҚ қатысу, жеке алғанда, дүниежүзілік конгреске қатысу бізді біріктіреді, осы бірегей мүмкіндіксіз кездесу болмас еді.

Сонымен қатар осы Конгресс канадалық әлеуметтанушыларға әлем мәселелерімен айналысуға мүмкіндік беріп отыр. Канадалық әлеуметтанудың

мықты тұстарының бірі – шынайы теориялық және әдіснамалық плюрализм. Канадалық әлеуметтанушылар әріптестері сияқты үнемі өзгеріп отыратын және әртүрлі эмпириялық шынайылыққа ашық. Осылайша, қауымдастықтың мың мүшесі қолданбалы әлеуметтанудан бастап, реляциялық әлеуметтану, ғылым, техника, білім әлеуметтануын қамтитын 28 астам зерттеу кластерлеріне кіреді. Ең күшті зерттеу кластерлерінің мүшелері осы мамандықты ұсынады Канада әлеуметтанушылары қауымдастығының беделді журналы, канадалық әлеуметтану шолуында еңбектерін жариялайды, / <https://www.csa-scs.ca/canadian-review/>.

Журналды оқып және ХӘҚ жиындарында адамдармен кездесіп, сіз канадалық әлеуметтанушылардың да әлеуметтік әділеттілікке, әлеуметтанушылардың қоғамда алатын рөліне қатысты алаңдайтынын және осы мәселелерді тәжірибелік негізде шешуге үлес қосып отырғандығын көресіз. Бірақ, атқарылмаған жұмыс көп. Дүниежүзілік конгресс бүкіл әлем әлеуметтанушылары үшін билік, күштеу және әділеттілікке байланысты тәжірибеміздегі айырмашылықтарды және ұқсастықтарды зерттеуге мүмкіндік береді. Сіздерді осы жазда асыға күтеміз! ■

Хаттарды Рима Уилкске <wilkesr@mail.ubc.ca> жолдауға болады.

> Канададағы әлеуметтануды бірге сынау мүмкіндігі

Патриция Альбанезе, Канада, Райерсон Университеті, XIX дүниежүзілік әлеуметтанушылар конгресінің жергілікті ұйымдастыру комитетінің Төрағасы



2017 жылдың 1 шілдесінде Канада өзінің жарты ғасырлық кезеңін атап өтті. Жыл бойы канадалықтарға олардың канадалық болғандары және ЖІӨ, сауаттылық деңгейі, жұмыс күшінде әйелдердің үлесі, мектептен кейін білім алушы тұрғындар үлесі, т.б. саналуан көрсеткіштер бойынша жайлы өмір сүруге болатын әлем мемлекеттерінің бірі болғаны үшін қуанышта болу үнделді. Атап өтуге болатын оқиғалар көп болғанымен, сынайтын тұсы да баршылық.

> Канада қарама-қайшылығы

Жалпы көрсеткіштер мен жаһандық жағдайымыздан алған әсерді жоққа шығаруға болмайды; егер, әрине, сіз Канададағы соңғы иммигрант, мүгедек, байырғы тұрғын, балаларын бағып отырған жалғызбасты ана, Канаданың солтүстігінде өмір сүріп жатқан нәсілдік топтың мүшесі, өмір сүру үшін және отбасыңызды асырау үшін бірнеше толық емес жұмыс күні бойынша еңбектенуге тырысатын үй шаруашылығының қожасы болмасаңыз. Егер осылай болса, онда кемсіту, тұрақсыздық, кедейлік және тұрақтылық сіздің өміріңізге тән болады.

«Жаһандық диалогтың» осы шығарылымындағы бірнеше канадалық ғалымдар ұсынған бес мақала Канаданы қарама-қайшылықтар мекені етіп суреттейді. Мысалы, Бу Канаданы басқаларға «жоғары сенім артатын» жер екенін айтса, Макивор студенттердің көлемді қарыздары мен теңсіздікті атап өтеді. Майолино көрсеткендей, осында біз жас және даму үстіндегі Джастин Тюрдоға дауыс береміз, бірақ үміткер ретінде әйелдердің тарапынан – Оливия Чоуды көреміз, Канаданың көп нәсілді қалаларының бірі Торонто бұрынғыдай қарсыласымен басқа тәсілдер арқылы бірігуге және келіссөздер жүргізуге мәжбүр. Біз үнемі АҚШ-қа ұқсамауға тырысамыз, бірақ Лачапел мен Бернетт атап өткендей, АҚШ-тың ғылыми капиталы үстемдік ететін университеттерде оқимыз және жұмыс жасаймыз. Валленің жұмысы Канада табиғатының сұлулығы туралы ойды, сонымен қатар, Канаданың қоршаған табиғи ортасы мен отқа оранып жоғалып бара жатқан табиғи түрлерді еске түсіреді.

Канаданың мықты тұстары бар, бірақ оның тұрғындарының өмірі әділетсіздіктің шырмауында қалып қойды. Оның кемшіліктері болмаса да канадалық әлеуметтану осы әділетсіздікке талдау жасауға тырысты.

>>

Мұны бұрынғы (консерваторлық) Канаданың премьер-министрі Стивен Харпер де байқады.

> Канададағы және одан тыс әлеуметтану

2013 жылы қала сыртындағы поездда болған террористік шабуыл туралы сұраққа сол кездегі премьер-министр Стивен Харпер жауап бере отырып, «әлеуметтану енді керек емес», – деді. 2017 жылы осыған ұқсас, АҚШ-тың Жоғары сот төрағасы Джон Робертс әлеуметтануға қарсы күрес жүргізу керектігін айтты, оның дәлелі «әлеуметтанулық gobbledygook» деп аталды. Мұндай басым үрдістер бізді таң қалдырмайды, себебі әлеуметтанушылар жүргізген зерттеулер, дәрістер және әлеуметтік әрекеттер арқылы билік, зорлық-зомбылық, әділеттілік мәселелерін шеше отырып, өз беделімізді қорғаймыз.

Сонымен, Харпердің «қазір әлеуметтану керек емес» деген пікіріне жауап беретін болсақ, «Кешіріңіз, біз бұл пікірмен келіспейміз!». Қарқынды әлеуметтік-саяси ахуал мен экологиялық өзекті мәселелерді ескеретін болсақ, қазір әлеуметтанудың нағыз керек кезі. Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығы (ХӘҚ) және Канада әлеуметтанушылары қауымдастығы (КӘҚ) 2018 жылдың шілдесінде ХӘҚ XIX Дүниежүзілік әлеуметтанушылар конгресінде сіздерді және мыңдаған басқа делегаттарды қабылдап отырғандықтан, осы мәселелерді жаһандық деңгейде шешуге мүмкіндігі бар деп есептейді.

Еңбекқор және бастамашыл ХӘҚ президенті Маргарет Абрахам таңдаған «Билік, күштеу және әділетсіздік: пікірлер, жауап және жауапкершілік» тақырыбына арналған ХӘҚ XIX Дүниежүзілік әлеуметтанушылар конгресі бүкіл әлем әлеуметтанушыларына осы қарқынды даму үстіндегі кезеңде өзгерістер жасауға және ұсыныстар енгізуді міндеттейді. Бұл іс-шара және оның тақырыбы бүкіл әлем ғалымдары мен белсенділері арасында зерттеулермен, теориялармен, саяси ұсыныстармен және әлеуметтік әрекеттермен алмасуға мүмкіндік беріп отыр.

> Канада әлеуметтануы ХӘҚ XIX Дүниежүзілік конгресінде

ХӘҚ XIX Дүниежүзілік конгресі канадалық әлеуметтанушыларға канадалық шәкіртақы мен серіктестікті көрсетуге және қабылдауға бірегей мүмкіндік беріп отыр. Дүниежүзілік конгреске белсенді қатысуға жүздеген канадалық әлеуметтанушыларға мүмкіндік бере отырып, сонымен қатар, ХӘҚ Канаданың әлеуметтанушылар қауымдастығына Дүниежүзілік конгрестің бағдарламасында Канаданың тақырыптық

сессиясына арналған төрт үздік уақыт интервалын ұсынды. Бұл сессиялар – Канаданың ұсыныстар жасауға және конкурстық шолуына үндеуінің нәтижесі. Олар сол уақытқа сәйкес өзектілігіне, ол тақырыптардың Канаданы қамтуына, әлеуметтік және тарихи құндылығына байланысты таңдалып алынды. Онда ХӘҚ-ның Дүниежүзілік конгресінің делегациясына канадалық әлеуметтанудың «дәмін» таттыратын жиырмадан астам үздік және жас канадалық ғалымдар жұмыс жасайды. Канаданың мынадай бір немесе бірнеше тақырыптық сессияларына қатысыңыздар:

- Босқындар қатарынан балалар мен жастарды шығарып алу тақырыбы бойынша әлеуметтану не дейді?
- Мемлекет қалай әлеуметтік әрекеттерді жүзеге асырады?
- Белгісіз кезеңдегі канадалық әлеуметтану: өткен шақ туралы ой/болашаққа қарсылық
- Канададағы байырғы халықта әйелдердің болмауы және өлімі: әлеуметтану не дейді?

ХӘҚ әкімшісі Шерри Фокс; Трента Университетінің докторы Джим Конли; Әулие Мария университетінің докторы Эви Тастсглоу; Райерсон университетінің ғылым кандидаты Маргарет Банц; Мемориал университетінің докторы Марк Стоддарт; Лаваль университетінің докторы Саймон Ланглуас; Летбридж университетінің докторы Сюэзен МакДэниел; Британдық Колумбия университетінің докторы Рима Уилкс; Гвельфа университетінің докторы Мирна Доусон мүшелік ететін пап-канадалық жергілікті ұйымдастыру комитеті еліміздің байырғы халықтарының арасындағы күрес пен ұжымдық мобилизациясында байқалатын билік, күштеу және әділетсіздік мәселелеріне ерекше көңіл бөлудің маңыздылығын атап өтті. Осы ауқымды тақырыпты канадалық байырғы халықтың өкілі, суретші Лидия Принс салған Дүниежүзілік конгрестің символикасы арқылы қамтуға тырыстық. Дүниежүзілік конгресс – ынтымақтастық пен жарқын келешекке апаратын жолды анықтайтын канадалық ғалымдар мен белсенділердің жұмыстарын жарыққа шығаруға мүмкіндік беретін маңызды платформа.

ХӘҚ XIX Дүниежүзілік конгресі қауымдар «таратып берген» әлсіздік, зорлық-зомбылық, әділетсіздік туралы сұрақтарға жауап беретін идеялармен бөлісу және осы зорлық-зомбылықты азайтып, әділеттілік орнатуға ат салысу үшін жиналуға жағдай туғызды. Әділетті қоғам орнату, қадамдарды анықтайтын, талқылайтын, ми шабуылын жасайтын уақыт келді. Әлеуметтанушы ретінде қандай шаруалар тындырып жүргенімізді мақтана айтатын кез келді. Бізге қосылыңыздар! Сіздерді шілдеде Торонтода асыға күтеміз. ■

Хаттарды Патриция Альбанезге <palbanes@soc.ryerson.ca> жолдауға болады.

> Жергілікті және жаһандық әлемдер арасындағы канадалық университеттер

Франсуа Лашапелле және Патрик Джон Бернетт, Британдық Колумбия университеті, Канада



PhD айырбас желілері. Толығырақ қараңыз.
<http://www.relational-academia.ca/canada-network.html>. Relational-Academia ұсынған сурет.

Соңғы жылдарда жаһандық университеттердің рейтингісінде Канаданың алдыңғы қатарлы зерттеу университеттерінің болашақтағы даму қарқынына жоғары баға берілді, дәл осы уақытта елдегі мектептер өздеріне ең мықты үміткерлерді жұмысқа алатындарын мақтанышпен мәлімдеді. АҚШ пен Ұлыбританиядағы соңғы болған саяси тұрақсыздықтан кейін канадалық университеттер Трамп пен Брексит құрған тұзақтан арылуға дайын болды және олар жаһандық бедел мен үстемдікке ұмтылды.

Relational Academia (www.relational-academia.ca) жобасы Канададағы 1960 жылдардың соңындағы және қазіргі «жақсы» университетке жылжудың динамикасын зерттейді. 1960 жылдардың соңы мен 1990 жылдардың ортасына дейін – Канададағы күн сайын арта түскен ұлтшылдық пен америкалық үстемдікті қабылдаған кезеңде – канадалық нұсқаушылар мен оқытушылар «жақсы» университеттерді канадалық контентке ел азаматтарының экономикалық, адамгершілік және азаматтық пайдасы (яғни, канадалық қозғалыс) үшін қолданды. Керісінше, соңғы онжылдықтарда «жақсы» университеттердің миссиясы өзгерді. Қазір студенттердің, қызметкерлердің, оқытушылардың және түлектердің халықаралық алаңға қатысуы мен халықаралық аренаға шығуына және беделді болуына ден қойылған. Жергіліктіден жаһандыққа жылжудың табиғатын құжаттар негізінде көрсету үшін, біз 1977-2017 жылдары Канаданың алдыңғы қатарлы 15 зерттеу университеттерінде (U 15) қызмет ететін 4 934 әлеуметтанушылардың ғылыми өкілеттіктерін жинадық.

Факультеттің докторлық өкілетінің ұлттық шығу тегін зерттеу нәтижесінде U 15 мектептерінде соңғы 40 жылда тиімді канадаландыру және деамерикаландыру негізінде, әлеуметтік ғылымдар факультетінде ағылшын тілінде, төмен және орта деңгейде дәріс беретін Канадада білім

алған жалдамалы қызметкерлер арасалмағының өскенін көрсетті. Бірақ, осы уақытта Торонто университеті, Макгилла университеті және Британдық Колумбия университетінде көбінесе бұрынғысынша АҚШ-та білім алған (70%-дан астам) оқытушылар басым болды. 1997 жыл мен 2017 жылдар арасында үш ағылшынтілді ұлттық – Канада, АҚШ және Ұлыбритания – барлық факультеттерін 90% ұлттық шығу тегі бар PhD докторлары құрады, Жаһандық Оңтүстік мектептерінде – Британияның екі бұрынғы отары – Оңтүстік Африка (алты орынды) мен Үндістан (төрт орынды) басқаратын U15 мектептерінде бар болғаны 19 PhD докторлары бар (0,01%-дан аз).

Жаһандық Солтүстіктің зерттеу университеттерінің саяси экономиясының өзгеру жағдайында, шетелдік студенттер санын көбейтуге тырысқандарына қарамастан, шындығында Канададағы U 15 мектебіндегі «халықаралық мектептер» туралы айтуға болады ма? Факультетте соңғы жиырма жылда ұлттық шығу тегі ағылшын-америкалық елдерден тыс жерлерде бакалавр дәрежесін алған жоғары оқу орындарындағы ғалымдар үлесі 9%-дан 18%-ға дейін өскенін көрсетіп отыр. 2017 жылы олардың жартысы әлемнің 34 еліндегі америкалық университеттерде PhD докторы дәрежесін алған факультеттерінде.

Канадалық академияның жоғарғы эшелонындағы интернационалдану екі сипатта болуы мүмкін: америкалану немесе АҚШ енгізген интернационалдану. Зерттеулер әлем студенттері мен оқытушыларына білім беруде Америка орталық болып табылатындығын көрсетті. Бірақ жаһандық деңгейде ағылшын тіліндегі әлеуметтік ғылымдардың басым жағдайына негіз болатын канадалық мектептердің үстем болуы, сонымен қатар, АҚШ ғылыми капиталы жергілікті жағдайда үстем болуы ұлттық тұрғыда маңызды. ■

Хаттарды Франсуа Лашапеллеге <f.lachapelle@alumni.ubc.ca> және Патрик Джон Бернетке <pjb@sociologix.ca> жолдауға болады.

> Студенттік несиенің жаңа канадалық түлектерге ықпалы

Митчел Макивор, Торонто Университеті, Канада.



Суретті түсірген Куинн Домбровски, 2017,
<https://www.flickr.com/photos/quinnanya/37230366906>.
 CC BY-SA 2.0.

Бірқатар елдерде еңбек нарығының дамуына орта білімнен кейінгі оқу ықпал етеді, ал жоғары білім таптық мобилдікке балама ретінде қабылданды. Жоғары білім бұрынғыдай маңызды болғанымен, оқу бағасының уақыт өткен сайын қымбаттауы студенттік несиенің экспоненциялық өсіміне алып келді. Бұл тенденция құжаттық түрде расталған, дегенмен зерттеушілер студенттік несиенің жаңа түлектерге қалай ықпал ететіндігін анықтауға асығар емес. Соның ішінде, бір сұрақ жауапты талап етеді: студенттік несие жаңа түлектердің еңбек нарығына ауысуына қалай ықпал етеді? 2010 жылғы университет түлектері туралы мектеп бітірген соң 3 жылдан кейін жинақталған ұлттық – репрезентативті канадалық мәліметтерді қолдана отырып, студенттік несие әлеуметтік-экономикалық ахуалға ықпал етеді ме деген мәселе – диссертациялық зерттеулерімнің пәні.

Бірінші ұрпақ студенттері қаржылық, әлеуметтік және мәдени капитал тұрғысынан екінші толқындағы студенттермен салыстырғанда, тиімсіз жағдайда. Білім ошағын аяқтаған соң лайықты жұмыс табуы үшін олардың әлеуметтік желісінің аясы тар, түйіндеме дайындау және университеттік алаңдағы жағдайды таразылау үшін білімі аз, сонымен қатар отбасы тарапынан көрсетілетін қаржылай көмектің де болмауы студенттік несиеге тәуелділікті күшейте түседі. Осылайша, бірінші ұрпақтың

түлектеріне екінші толқындағылармен салыстырғанда, студенттік несие жұмысқа кірісуіне кері ықпал тигізетіні таң қаларлық жағдай емес. Регрессияның озық әдістерін қолдана отырып, студенттік несие бойынша қарыздардың жоғары көрсеткіштері оқу бітіргеннен кейін өздері қалаған жұмысқа тұра алмаған, қазіргі жасап жатырған жұмыстары өздері үміттенген жұмыс емес және жұмыс іздеп басқа қалаларға немесе елдерге қоныс аударған бірінші буынның түлектерімен байланысты деп есептеймін. Сондай-ақ, екінші буын студенттерімен салыстырғанда, жоғары білімі бар бірінші буын түлектерінің уақытша жұмыспен қамтылу ықтималдылығы жоғары, себебі оқу бітіргеннен кейінгі үш жылда оларға жұмыс берушілер саны көп болғанымен жұмыс орны да, табыс та аз болды. Оқу бітіргеннен кейін жұмыс іздеуден әбден түңілгенін және еңбек нарығындағы аса сенімсіз ахуалды басынан кешіргенін ескерсек таң қалатын жәйт емес, сонымен қатар мен алғашқы буын түлектерінің оқуға қарызы олардың жұмысқа қанағаттануының бәсеңдегенінен және өмірге қанағаттануының төмендегенінен хабардар ететінін және олар уақыт қайта айналып келсе, білім алар едім дегенді қарызы жоқ бірінші буын студенттері мен қарызы бар және жоқ екінші буын студенттерімен салыстырғанда, сирек айтатынын байқадым. Осы нәтижелер университетті шебер теңестіруші ретінде заманауи бағалауда маңызды мәнге ие.

Аталмыш мәліметтер студенттік несие жоғары білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін қолдану теңсіздікті тереңдете түсетінін және университеттің теңестіруге талпынуын жокқа шығаратынын дәлелдеп отыр. Студенттік несие университет түлектерінің алғашқы буынына жұмыс іздеу барысында жайсыздық тудырады және күйзеліс нәтижесінде жұмыс істеуге дайындығы деңгейі неғұрлым жоғары, ал жұмыстың сапасы мен табысқа деген сұранысы төмен болады. «Егер уақытты кері қайтару мүмкін болса, білім алмай-ақ қояр едік» деген түлектердің алғашқы буынының тұжырымдары көңілге қаяу түсіретін ерекше жағдай. Жалпы алғанда, осы зерттеу жоғары білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету құралы ретіндегі студенттік несиеден гранттар және оқу ақысын төмендету арқылы қол жетімді студенттің мемлекеттік саясатын қолдауды қамтамасыз етеді. ■

Хаттарды Митчел Макиворға <mitchell.mcivor@mail.utoronto.ca> жолдауға болды.

> Ғалым – азамат атану

Микки Валле, Атабаска Университеті, Канада



Арбудың иллюстрациясы.

Жазба жұмысым жүрмей жатырған жағдайда серуенге шығамын. Өзен, тау және жабайы табиғатқа бірнеше минут жаяу жүріп баратын жерде орналасқан Канаданың шалғайдағы ауданында тұрамын. Серуен кезінде құстардың дауысын тыңдағанды жақсы көремін. Қызыл қанатты қара құс, түнгі сауысқан, қарғалардың қарқылын, камыстың сыбдырын ұнатамын. Осы табиғи дауыстарды жазып алу мақсатында, өзімнің iPhone-ма, Song Sleuth атты бағдарламаланы орнаттым. Бұл бағдарлама дауысты жазып, автоматты түрде құс дауысын таниды. Ол Бостонда, Массачусетс штатында негізі қаланған Wildlife Acoustic-те жасалынған. Бұл бағдарламаны қолдану арқылы құстардың дауысын жазып ала аламын және оларды идентификациялап, жазылған дауысты (сонымен қатар GPS координаталарын) электронды пошта

немесе хабарламамен алмасу арқылы өзге қолданушыларға жібере аламын.

Осы бағдарлама қарапайым биоакустикалық технологияны пайдаланады. Яғни, қоршаған ортаны қорғауды қажет ететін ескертулерді ерте анықтауға арналған тиімді құрал. Құстардың дауысын қадағалап отыру жаһандық зерттеушілерге жойылу алдындағы, миграциялық заңдылықтар және шарасыздық жағдайына тап болған популяциялардың «үлкен сипаттамасына» қол жеткізуге мүмкіндік береді. Тыңдаудың осындай қарапайым әрекеттері арқылы, сонымен қатар қоршаған дауыстарды ескеру сіздің кәсіби ғылыми зерттеулеріңізге ұзақ мерзімге және тікелей ықпал етуі мүмкін.

Биоакустика саласындағы академиялық және кәсіби зерттеу топтары мәліметтерді жинап әрі талдайтын және өз зерттеулерінің нәтижесін тарататын қаржыландырылатын көптеген зерттеулерден тұрады. Дегенмен, бос уақыттарында мәліметтерді жинақтайтын ғалым — азаматтар, мен секілді зерттеу топтарын жаһандық

деңгейде кеңейтуге ұмтылатын тұлға ретінде қарастырылады. Азаматтар туралы ғылым мәліметтерін кеңінен пайдаланатын Корнелло университетінің Маскаулау кітапханасы секілді зерттеу топтары зерттеу мәліметтерінде қоғамдық үлестің бұрынғыға қарағанда, жылдамырақ келіп түсетіндіктерін дәлелдеді.

Ғылымға қосқан үлестеріне қарамастан ғалым азаматтар сонымен қатар денсаулыққа тиімді пайданы да көреді: олар үлкен көшелерді аралап жүріп, көру, тыңдау және қоғамдық өмірде байқалмайтын және жоғалу қаупі төніп тұрған ағзаларды тіркеу артықшылығына ие болады. Балалар табиғатпен етене танысады, ал ересектер бос уақыттарын үнемі белсенді қозғалыста өткізеді. Осындай жолмен азаматтар туралы ғылым белсенді өмір салтына үйретеді.

Денсаулыққа тигізер пайдадан бөлек, ғалымдар азаматтық ғылымды экологиялық мәселелердің бар екендігін түсіну сезімінің артуына да қосатын үлесі зор болатынын дәлелдеді. Ал өзге ғалымдардың айтуы бойынша түсіну — сөзсіз,

азаматтық ғылымның идеалды нәтижесі болғанымен — парадоксты өлшеу қиын. Алайда, әртүрлі зерттеулерде дауысқа негізделген эмпириялық зерттеу әдістері, мысалы биоакустика, кеңістікті ұғынумен байланысты екендігі дәлелденген. Сөйтіп, биоакустикалық зерттеу саласындағы азамат ғалымдар — жаһандық және аймақтық халықты кеңістікті ұғынуға мүмкіндік беретін әдіске қосуда тәжірибелік және экономикалық тұрғыдан тиімді құрал.

Серуен барысында биологиялық түрлердің жойылуын тоқтатуға өз үлесімізді қосамыз ба? Біздің смартфондарымыздың игеру және бірігіп жұмыс жасау ерекшелігі бар екендігін білеміз бе? Табиғатқа немқұрайлы қарым-қатынас жасай отырып, өз бойымызға осындай жауапкершілік ала аламыз ба? Бұл күнделікті өмірде ғұмырнама, тарих, әлеуметтік құрылым және технологияның тоғысқан жерінде өзгеріс енгізу үшін әлеуметтанулық қиялды қолданатын мүмкіндіктің бірі. ■

Хаттарды Микки Вальеге <mjvallee@gmail.com> жолдауға болады.

> Ұқсас жұмыс және Канададағы саяси көшбасшылар

Элиза Майолино, Торонто Университеті, Канада

Соңғы бес жылдың саяси ахуалы Канада саясатындағы жаңа үміткерлер мен саясаткерлердің саясиландырылуларын зерттеуге ыңғайлы уақыт болды. Осы кезең барысында графтықтың негізгі үш көрнекті саяси кеңсесіне үміткер Канаданың танымал саясаткерлері олардың көпшілік алдындағы идентификациясымен маңызды келіссөз жүргізуді талап ететін сайлаудың сценарийіне қатыстырылды. Көрсетілген динамика әлеуметтанулық тұрғыдан таныс болғанына қарамастан, идентификацияның шкаласы мен көлемі әлеуметтанушылар үшін Канада да және өзге елдерде жаңа идеяны туғызды.

Трюдоның өз ерлігі мен батылдығын көрсеткеннен кейін бір жыл өткен соң, Кэтлин Уинн Онтариялықтардан гомосексуал премьер-министрді қабылдауға дайын ба деген сұрақ қойды. Ол Онтарияның ең ағашқы лесбий премьері атануымен тарихта қалды. Мемлекеттік субъектілермен және феминистер мен ЛГБТ қауымдастықтарының әлеуметтік қозғалысты ұйымдастырушыларымен жүргізілген сұқбаттың негізінде зерттеулерім тіпті алдыңғы саяси көшбасшылардың мысалында, саясаткердің тұлғасы мен сөйлеу үрдісі төменгі деңгейде қолдау табатындығына кепілдік бермейтіндігін дәлелдеді. Әлеуметтік қозғалыстар, сонымен қатар саясаткерлердің жүйелі әрі нақты нәтижелерін қамтамасыз етуде саясаткерлердің қабілеттеріне үлкен ықпал жасайды. Әлеуметтік қозғалысқа қатысушылардың саясаткерлердің альянсы мен хабарламамен алмасуға берген бағалары

идентификацияға, сөйлеу актілеріне және әрекеттеріне тәуелді екендігін дәлелдеу үшін сөздер мен әрекеттердің типологиясын ұсынамын.

Премьер-министр Уинн алдыңғы қатарға шыққанда, тәжірибелі прогресшіл саясаткер, Оливия Чоу, Канаданың ең үлкен қаласын басқаратын алғашқы көзге көрінетін азшылықтың өкілі атануы да үлкен таң қалдырарлық жеңіліске ұшырады. Торонтоның мэрі болып сайлануы үшін, федералды саясаттағы орнын тастап Чоу бұрынғы мэр Роб Фордтың консервативті қарарына қарсы шығып, өзіне сайлауалды айқын нәсілдік және сексизм мәселесімен адамдарды қарсы қойып алды. Мэрлардың жиырма пікірталасына қатысқандардың бақылауларына сүйене отырып, зерттеуім идентификацияланған ақпаратпен түйткіл бар екендігін дәлелдеді. Яғни, Чоу азшылық топтан шыққан кандидат ретінде өзінің ақ ер қарсыластарынан өзгеше келісімдер жүргізіп және идентификацияны мобилизациялау қажет болды деген тұжырым жасады.


Әртүрлі кандидаттар және саяси және қоғамдық сананың өсуін басқару мен сайлаудың нәтижелеріне ықпал ету мүмкіндігі бар идентификация әртүрлі тұлғалық сипаттамаларының пайда болуына алып келді. Менің зерттеуім жоғары қызметке қол жеткізгісі келгендерге келтірілетін осы кедергілерді түсіндіре алады және кедергілерді мүмкіндікке айналдыруға тырысатын жергілікті акторлардың жоспарын қамтамасыз етеді деген үміттемін. ■

Хаттарды Элиза Майолинаға <elise.maiolino@mail.utoronto.ca> жолдауға болады.

> Иммигранттар Канаданың Жоғары Сеніміне сеніммен қарай ма?

Кэри Ву, Британиялық Колумбия Университеті, Канада

Фигура 1.



Сенім — адамның өзге адамдардан ерік пен жақсы ниетті қабылдауының көрсеткіші. Бір-біріне сенетін адамдар жеке тұлғаның қызығушылығы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік ауызбіршілікке, экономиканың және демократияның өсуіне алып келеді. Сондай-ақ сенім иммигранттар үшін және әлеуметтік интеграциямен астасқан рөліне байланысты ірі шетелдік халқы бар қауымдастықтар үшін маңызды.

Канада — жоғары деңгейдегі сеніммен ерекшеленетін мемлекет. Канаданың Статистикалық басқармасының (GSS) 2003, 2008 және 2013 жылғы жалпы статистикалық мәліметтері канадалықтардың жартысынан көбі көпшілікке сенуге болады деп көрсетті. Керісінше,


бұл сұрақты жалпы әлемге қойған кезде 37% ғана айналасындағы адамдарға сенім артатыны белгілі болды (World Values Survey 2010 – 2014).

Сонымен қатар Канада — иммигранттар елі. Шетелде дүниеге келгендердің саны бестен бірін, яғни Канада халқының тек қана 21% құрайды. Канаданың балл жүйесі сенім артқыш иммигранттар тобын таңдап жатырса, босқындар мен отбасылардың қайта қауышу бағдарламасынан өтіп жатырғандардың көбісі жергілікті тұрғындарға қарағанда, сенімнің төменгі деңгейіне ие.

Бастапқыда иммигранттардың сенімі төменгі деңгейде болса, Канадада өмір сүргеннен кейін сенім жоғары деңгейге жетеді ме? Мәселе сенімнің бастауына келген

Figure 2A & 2B: Predicting trust gap (odds ratio) between child/adolescent immigrants and adult immigrants

(GSS 2014; weighted data, bootstrap statistics)



Фигура 2А, 2В.

кезде екі теориялық дәйек туралы айтылады: мәдени және эмпириялық нәтиже. Мәдени ғылым өкілдерінің ойынша, адамдар сенімге бастапқы әлеуметтену процесі барысында үйренеді, сенім үлкен өмірде және өмір бойы өзгермейді. Эксперименттік тұрғыдан ғалымдар адамдар әлеуметтік тәжірибеге негізделген сенімді шешімдерді қабылдайды, сондықтан сенім әртүрлі әлеуметтік жағдайларға жауап ретінде өзгеріске ұшырайды деп тұжырымдады. Осы пікірталастардың негізінде адамдар қашан сенімді таниды, ғылыми сенім белгілі бір ситуацияға тәуелді ме деген сұрақтар жатыр.

Сәйкесінше, Канаданың жоғары сенім мәдениеті иммигранттарға қандай да бір ықпал тигізетіндігін анықтау үшін ересек және балалық, жасөспірімдік шағында келіп қоныстанған, бастапқы әлеуметтену процесіндегі иммигранттардың арасындағы айырмашылықтарды анықтау қажет. Егер сенім мәдени сипатта болса, біз жастық шағында келген иммигранттар мен Канаданың жоғары сенім мәдениеті аясында әлеуметтенген иммигранттар,

ересек шақта келген және әлеуметтену процесін өтіп қойған иммигранттарға қарағанда, сенім артқыш болып келетіні анықтадық. Егер сенім эксперименттік болса, онда иммигранттар көшіп келген кездегі жасына қарамастан, канадалық тәжірибеге бірдей әрекет етеді деп күтіледі. Сондықтан, сенім айырмашылығы жоқ.


Канаданың Статистикалық басқармасының (GSS) мәліметтерін талдай отырып, он бес жасқа толған иммигранттардың он бес жасында немесе одан ересек жасында келгендерге қарағанда, 70% көршілерге сене алу мүмкіндіктері бар, ал 50% бөтен адамдарға сену мүмкіндіктері барына көз жеткіздім.

Ұзақ мерзім Канаданың жоғары сенім мәдениетінен жағымды әсер сақталғандығын көрсетеді. Бірақ бұл әсер Канададағы бастапқы әлеуметтену процесі кезінде келген балалар мен жасөспірімдер санымен шектеледі. Жалпы нәтиже сенімнің мәдени теориясына үлкен пайдасын тигізеді. ■

Хаттарды Кэри Вуға <carywooruc@gmail.com> жолдауға болады.

> Сектораралық, индигендік, гендер және зорлық-зомбылық

Мэгги Уолтер, Тасмания университетінде аборигендер мен көшбасшылықты зерттеудің про вице-канцлері, **Хоселинн Балтра-Уллоа**, Тасмания университеті және **Якоб Прен**, Тасмания университетінде аборигендер мен көшбасшылықты зерттеудің про вице-канцлері кеңсесі, Аустралия



Арбудың иллюстрациясы.

Аустралиядағы аборигендер мен Торрес бұғазы аралдары тұрғындары арасында әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың гендерлік статистикасын үркімей/шошымай қарамауға болмайды. Ұлттық деңгейде байырғы халық өкілдеріне жатпайтын әйел-әріптестеріне қарағанда, байырғы халық әйелдері мен қыздары отбасылық зорлық-зомбылықпен байланысты шабуылдан 31 есе жиі аурухана жатқызылады және абориген әйелдер өлімінің жартысынан астамы тұрмыстық

зорлық-зомбылық жағдайында орын алады. Зорлық-зомбылықтағы өмір шындығы деңгейін зерттеулер растап отыр: алғашқы екі айда абориген әйелдердің төрттен бір бөлігі дене немесе жыныстық зорлық-зомбылыққа көргенін хабарлаған. Мемлекеттік және жергілікті статистика – осы үрейлі/қорқынышты/жан түршігерлік ұлттық тарихтың жаңғырығы. Виктория штатында өмір сүретін байырғы халықтың 95% жуық балалары отбасындағы зорлық-зомбылық кесірінен үйден тыс күтім жасау мекемелеріне орналастырылған; байырғы халық өкілдеріне жатпайтын әйелдерге қарағанда, Батыс Аустралияның әйел-аборигендері арасында өлім 17 есеге артық. Біздің пайымдауымызша, зорлық-зомбылықта байырғылық пен жыныстың үйлесуі бейтарап та, тарихи да, нәсілдік те емес, саяси немесе мәдени негізі жоқ.

Зорлық-зомбылықтың гендерлік статистикасында көрініс тапқан ауыр жағдайлар Англия отарлаған басқа ұлттық мемлекеттердің байырғы халқы әйелдеріне таныс/жақын. Жаңа Зеландия Аотеароа, Америка Құрама Штаттары мен Канадада байырғы халық өкілдері болып табылмайтын әйелдеріне қарағанда, байырғы халық әйелдерінің гендерлік зорлық-зомбылық құрбаны болу ықтималдығы жоғары, яғни

“Барлық абориген әйелдердің төрттен бірі алғашқы он екі айда дене немесе жыныстық зорлық зомбылық көргенін хабарлайды”

ұжымдық/жалпылама сипат алған позицияда басты қанаушылар аборигендер, Торрес бұғазындағы арал тұрғындары, маори, байырғы америкалық және Ұлттың алғашқы адамдары емес. Төрт географиялық аймақтағы бір-біріне ұқсамайтын, бірақ басқа халықтарға қарағанда әйелдерге қатынасы төрт тым қатыгез халықты отарлауы Британия үшін сәтті жағдай дей алмаймыз. Абориген және Торрес бұғазы аралдары әйелдері байырғы халық ерлері тарапынан гендерлік зорлық-зомбылыққа ұшырамайды: қылмыс жасаған тұлғалардың басым бөлігі байырғы халық өкілдері емес. Статистикада көрсетілген жағдайлар гендерлік және нәсілдік иерархияларда байырғы халық әйелдерін екі жақты позициялаудың әлеуметтік-мәдени артефакты. Ағыл-шын қоныстанушыларының отарлауы арқылы анықталатын және шектейтін биліктің нәсілге қатысты ұстанымы биліктің гендерге қарым-қатынасымен ұштасып/бірігіп, күнделікті өмірде байырғы халық әйелдеріне қатысты зорлық-зомбылықты екі есеге арттырады.

Абориген және Торрес бұғазы аралдары әйелдері – отарлаумен байланысты зорлық-зомбылықтың негізгі құрбандары. Бостандықтан айыратын шекаралық соғыстардың кезінде жаппай кісі өлімінде әйелдер саны көп болды. Ал тасманиялық Вальер сияқы әйелдер басып кіруге қарсы әрекет етті. Отарлау меншікке құқықты шектеген сайын әйелдерге қатысты дене және жыныстық зорлық-зомбылық та артты. Мысалы, 1800 жылдан бастап Басс бұғазындағы Фурнео

аралының әйелдерін еуропалық итбалық аулаушылары жүйелі/үнемі ұрлайтын және көңілдегі мен жұмысшы күші ретінде ұстайтын; нәтижесінде, жағалауға жақын аймақтарды мекендейтін байырғы тайпаларда бала тууға қабілетті әйелдер саны күрт төмендеген.

Континенттік Аустралия отарланғанымен, гендерлік зорлық-зомбылыққа – жыныстық және дене – тосқауыл қойылмады; ол тек түрін өзгертеді. Жиырмасыншы ғасырдың бастапқы кезеңінде негізінен жыныстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған абориген-әйелдердің тері түсі ашық балалары күшпен тартып алынып, қатаң мемлекеттік күтім қарамағына берілді. «Ұрланған ұрпақ» атауымен белгілі байырғы халық балаларын тартып алуды жүргізген мемлекеттік саясат байырғы халықты ақ нәсілді қоғамға ассимиляциялауға ұмтылды. Балаларға өз мәдениетін ұстануға, отбасымен хабарласуға/байланыста болуға, ана тілінде сөйлеуге тыйым салынды. 1910 жылдан 1970 жылға дейін 10 байырғы халық баласының біреуі «жойылды» деп есептеледі. Сол саясат салдары бүгінгі күні де байқалып жатыр. Байырғы халықтың басқа отбасыларына қарағанда, отбасы мүшесінің «жойылу» тарихы бар отбасылар өз балаларын мемлекет күтіміне беруге бейім. Мемлекетте кең етек алып отырған отарлық зорлық-зомбылық мұрасы ұрпақаралық кедейлікте, әлеуметтік, саяси және мәдени маргиналдануда жалғасын табуда. Отбасы дисфункциясы абориген және Торрес бұғазы аралдары әйелдерінің дене және эмоциялық


қауіпсіздігіне қауіп төндіретін сектораралық кеңістіктен көрінеді.

Аустралия қоғамының, аустралиялық әлеуметтануды қоса алғанда, абориген және Торрес бұғазы аралдары әйелдеріне қатысты гендерлік зорлық-зомбылық үлгілеріне әрекеті қандай? Өкінішке орай, біршама немқұрайлық/селқос қарым-қатынас танытуда. Аустралия қоғамында ағылшындық мұра негізінде отарлық қатынас басым, австралиялық әлеуметтануда да дәл осы жағдай. Аустралиялық әлеуметтануда абориген-әйелдерге қатысты гендерлік зорлық-зомбылыққа арналған бірде бір жұмыс жоқ; шын мәнінде, жергілікті әлеуметтану дамымаған. Отарлау бенефициарлары мен оның билік қарым-қатынасының негізіндегі нәсілді және жынысты әлеуметтанулық зерттеу үшін түрткі жеткіліксіз сияқты. Ұлттық мемлекет және байлығы мен идентификациясының іргесі болып отырған, жерлерінен айырылған аборигендер мен Торрес бұғазы аралдары тұрғындары Аустралия тарихының ыңғайсыз ақ нәсілді мұрасының қабылданбайтын/жағымсыз келбеті болып қалуда. Құрылымдық деңгейде осы жалпы антипатия биліктің жынысқа қарым-қатынасымен өзарабайланысты және байырғы халық әйелдеріне қатысты зорлық-зомбылықты, оған реакцияны кемсітіп әртүрлі түсінуді қалыптастыруда. Байырғы халықтың тағы бір мәселесі ретінде қалып, дискурс болып ұсынылатын бұл жағдай әлеуметтанулық зерттеуге мұқтаж. ■

Хаттарды Мэргги Уолтерге
<Margaret.Walter@utas.edu.au>,
Хоселинн Балтра-Уллоаға
<Joselynn.BaltraUlloa@utas.edu.au>,
және Якоб Пренге
<jacob.prehn@utas.edu.au> жолдауға болады.

> Оңтүстік Африкадағы жыныстық зорлық-зомбылық және «түзету зорлауы»

Камила Найдү, Йоханнесбург университеті, Оңтүстік Африка және ХӘҚ Қоғамдағы әйел мәселелері (ЗК32), Өмірбаян және қоғам (ЗК38), Клиникалық әлеуметтану (ЗК46) бойынша зерттеу комитеттерінің мүшесі



Арбұдың иллюстрациясы.

> Хвези оқиғасын еске алу

2005 жылы лесбий әйел Фезекиль Нцукела Кузвайо (Хвези лақап атымен белгілі), кейін постапартейдті Оңтүстік Африканың үшінші президенті болған Якоб Зумаға, өзін зорланғандығы туралы айып тақты. Зуманың президент болып сайлануына барлық мүмкіндіктерін жокқа шығарудың орнына, 2006

жылы жүргізілген зорлауға қатысты зерттеу Зула үшін Зулу әдет-ғұрпы мен дәстүрлі маскулиндіктің релевантты нұскаларын (маңызды аспектілерін) кеңінен таратудың негізіне/діңгегіне айналды. Ол өзінің мәдени ұғынуында Хвезидің киімі жыныстық қатынасқа «мәжбүрлегені» туралы түсінік берген. Хвезидің зорлады деп айыптаған адамын жауапкершілікке тартуға ұмтылысы өзін, жыныстық тарихын, жыныстық көзқарасын, өмір сүру стилін, қорлаудың әуелгі тәжірибесін дискредитациялауға алып келді және сот залындағы сахна өнерінің орталығына, белсенді қоғамның және БАҚ зерделеуінің өзекті мәселесіне айналды. Соттан тыс Зума жақтаушылары гейлерге, феминистерге қарсы, әйел атаулыны жаратпайтын сезімдерін ашық білдіріп, құрамына «Тоғызға біреу» әйелдер тобы да кірген Хвезиді қолдаушылармен жиі қақтығысқа түсті. Бұл топ қолдау көрсетуден басқа, Оңтүстік Африканың тоғыз әйелінің біреуі өмірінде бір рет зорлануы әбден мүмкін екендігін айтады. Сот қорытындысы көбі үшін күтпеген ауыр шешім шығарды: Зума акталды, ал Хвези өміріне қауіп төндіретін қорқытулардан кейін елден кетті және аластатылды. Ұзақ жылдар бойы жасырын және жалғыз өмір сүрген ол 2016 жылы қайтыс болды.

Хвези оқиғасы шынайы өмірде зорлау жәбірленушілері кінәлілерді (әсіресе, мықты және саясатпен байланысы бар) жауапқа тартуға тырысқанда кездесетін қиындықтарды, лесбийлерді зорлауды қолдайтын

>>

қатынасты қалыптастыратын гомофобты дискурстарды, Оңтүстік Африкадағы прогресшіл конституцияның және адам құқығы мен гендерлік теңдіктің жиырма жылдан астам «тойлануына» қарамастан маскулиндік, гетеронормативтік мәдениеттің нық орнығуын қамтитын өзекті мәселелерді ашып көрсетеді. Әйелдерге қатысты зорлау мен зорлық-зомбылықтың барлық түсініктерінде сектораралық әдістер түрлі идентификация мен нақты контексте әйелдердің әлсіз тұстарының ықпалы туралы хабардар етеді. Оңтүстік Африка жағдайында олар нәсілі, этносы, жыныстық көзқарасы, жасы, тәні, табы және саяси позициясы сипатында көрініс табады. Бұл рефлексия гендерлік және онымен байланысты зорлық-зомбылық бойынша әлемнің әр түкпірінен әртүрлі перспективаларды құру бойынша ХӘҚ президенті Маргарет Абрахамның бастамасы контекстінде көрініс тауып отыр.

> Мықты маскулиндік

Оңтүстік Африкада қылмыскерлерді ұстау сирек, нәтижесінде соттау көрсеткіштері де төмен. 2016 жылы Оңтүстік Африка полиция қызметінің қылмыс статистикасы 2015-2016 жылдар аралығында оңтүстікафрикалық полиция учаскелерінде шамамен 43 000 зорлау дерегі тіркелгендігін көрсетті. Көрсеткіш өте жоғары болғанымен, кейбір сарапшылардың пікірінше, таныс емес тұлғамен зорланған шамамен әрбір он үшінші және серіктесімен зорланған әрбір жиырма бесінші оңтүстікафрикалық әйел зорланғандығы туралы хабар берген. Хвезиге сот және Зума қорғаушылары тарапынан көрсетілген дәреке қатынасты бақылаған зорлау жәбірленушілері үшін анық нәрсе: зорлаған адам туралы хабарлау – қылмыскер сотында жауап беру, жеке өміріңіз бен сол қоғамдық оқиғаны тексеру және талқылау, яғни мемлекеттік институттар – нық орныққан (тамырын терең жайған) маскулиндік мәдениет аясында зорлаудың жария етілмеуіне себепкер. Мұны бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдық пікірталастарда зорлау

фактісінің қалыпты жағдай сипатында ұсынылуы растайды. Сондықтан, сауалнамада ерлердің басым бөлігі белгілі бір сәтте зорлау актісінің серіктесі/сыбайласы болғанын мойындауы таң қалатын жәйт емес.

Оңтүстік Африкадағы «ғылымда» мықты маскулиндікті маскулиндік дағдарысының көрінісі ретінде сипаттау тенденциясы басым, бірақ ол негізінен атқарушылар рөліндегі жұмысшы тап ерлеріне баса назар аударады. Бұл көзқарас тұрғысынан саяси экономика мен тарихи мұраның өзгеруі дәстүрлі ер идеалы мен нормаларын құлдыратты, сондай-ақ, гендерлік теңдікті қолдайтын институттар ерлер статусын төмендетіп, (ерлер үшін) гендерлік сәйкестену дағдарысын тереңдетті. Қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық маргиналдану бандалардың құрылуына, жүйесіз/кездейсоқ қатал/мейірімсіз актілерінің орын алуына және бұрынғы мәртебесін (статус-кво) қайта қалпына келтіруге ұмтылып жатқан, кезінде мәпеленіп/бапталып өмір сүрген ерлердің түрлі категориялары тарапынан тұрақты зорлық-зомбылықты орын алуын қайтаруға ықпал етті. Орын алған жағдайда әйел тәні – ер билігі мен оның қадағалауын қалпына келтіретін құрал. Бұл дәйек гейлер мен лесбийлердің гомофобты зорлық-зомбылықпен күресі заманында қолдау тапты. Мысалы, Оңтүстік Африкадан бастау алатын лесбийлерді зорлаумен байланысты түсініксіз «түзету зорлауы» концепциясы танымал.

> «Түзету» зорлауы

2000 жылдан бері қырыққа жуық лесбий-әйел өлтірілді, әйелдің жыныстық көзқарасын «түзету» ұстанымын ұстанатын ерлер аптасына шамамен он лесбий әйелді зорлайды. Сапалы зерттеулер зорлаушыларда лесбийлерді зорлау оларды «емдейді» (лесбийлікті) және гетерожыныстығын қалпына келтіреді түсінігінің барын көрсетті. Сонымен қатар, зерттеуге қатысушы кейбір ерлер зорлау – ерлердің қорғану әрекеті екенін айтқан, себебі олар «өздерін ерлерге ұқсатуға тырысатын» әйелдерге шабуылдайды және мұндай жағдайда ерлер өздерінің

«шынайылығын/болмысын» қорғап жатқандықтан олардың әрекетін ақтауға болады. Соңғы екі онжылдықта лесбий әйелдерді зорлауға толеранттылықты сипаттайтын көңіл-күйлердің пайда болуы әйелдердің де еркіндігін талап еткен бұрынғы Оңтүстік Африка азаттық қозғалысының рухымен сәйкес келмейді. Дүниежүзінде алғаш рет жыныстық көзқарастарға негізделген кемсітушілікті тыйым салған ресми құжат – апартеидтан кейінгі Оңтүстік Африкада қабылданған конституция. Оңтүстік Африка бір жынысты некелерге рұқсат берген алғашқы африкалық мемлекет. Осылайша, ерлер беделіне қауіп төндіріп тұрған және түзетуді қажет ететін «трансгрессиялық» жыныстық пен феминдіктің бары туралы кейбір ерлердің пікірі, оның ішінде мемлекеттегі ықпалды тұлғалардың да, бүгінгі күні әйелдердің алдында тұрған мықты гомофобты және антифеминистік теріс реакцияның барын еске салады.

> Қорытынды

Қаншалықты қарама-қайшы болғанымен де, Оңтүстік Африканың шындығында орын алып жатқан зорлау, басқа да гендерлік қылмыстар және зорлық-зомбылық актілері мемлекеттің күн тәртібіне шығарылған әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту және гендерлік теңдік мәселесімен қатар жүріп жатыр. Мықты лоббилік топтар 2019 жылы президенттікке әйелдің сайлану мүмкіндігі туралы хабарлады. Дегенмен, жыныстық зорлық-зомбылықты қадағалау үшін мобилизациялау мен ұйымдастырудың келісілген әрекеттері қажет. Бұл қайсарлықты талап етеді. 2016 жылы үнсіз наразылығымен және «Хвезиді есте сақтандар» ұраны бар плакаттарымен президент Зуманың сөзін бөлген төрт әйелді қайсарлықтың мысалы ретінде келтіруге болады. Ол үшін академиялық мекемелерде, мемлекеттік құрылымдар мен азаматтық қоғамда сыни және мықты феминистік басшылықтың қайта қалпына келуі маңызды. ■

Хаттарды Камила Найдуга <kammilan@uj.ac.za> жолдауға болады.

> Отбасындағы зорлық-зомбылықтың

Польшадағы көрінісі

Магдалена Гзыб, Ягеллон университеті, Польша

> Пясецки оқиғасы

2017 жылдың сәуірінде You-Tubeta «Құқық және әділеттілік» билік етуші партиясы жергілікті саясаткерінің жұбайы жариялаған бейне Польша қоғамында үлкен дау туғызды. Бейнеде Быдгощ саясаткері Рафал Пясецкийдің жұбайы Каролинаға екеуі некеде болған кезеңде көрсетілген отбасындағы зорлық-зомбылықтың бір көрінісі бейнеленген. Рафал мен Каролина алғаш рет жасөспірім шағында шіркеуде, яғни католиктер қатарына қосылғанда кездескен. Суреттерде олар жас және бақытты, екі сүйкімді қыздары бар поляк отбасының үлгісі ретінде көрінетін. 2013 жылы Каролина Пясецкий күйеуі тарапынан тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырағаны туралы арызданған болатын, алайда полиция қызметкерлерінен ешқандай әрекет болмады. Ал Каролина Рафалдың ықпалымен өз арызын қайтарып алды.

Каролина Пясецканың отбасындағы жағдайды бұқараға жайып салуының нәтижесі екі бағытта өрбіді. Біріншісі, жақсы көретін күйеуінің өзіне бағытталған қорлығы мен азабы туралы мәлімдемесі поляк қоғамындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық пен оның таралуы туралы ақпараттану деңгейінің артуына ықпал етіп ғана қоймай, тұрмыстық зорлық-зомбылық аз қамтылған әлеуметтік топтардағы кедей және тұрмысы төмен отбасыларда ғана дене зорлығымен шектелетіні туралы

жалпы көзқараста пікірталас тудырды. Екіншісі, «Құқық және әділеттілік» партиясының ультраконсервативті оң саясатының екіжүзділігін және әйелдерді кемсітетін саясатының айқын бейнесін көрсетті.

> Өткенге оралу: соңғы онжылдықтағы әйел құқығы

2015 жылы «Құқық және әділеттілік» партиясы билікке келгенінен бастап қоғамда әйел құқығы мен гендерлік теңдік мәселесіне қатысты теріс реакция орын алғандығы айқын байқалады ([ЖД 7.1 нөміріндегі Джулия Кубис мақаласын қараңыз](#)). Билікке келгеніне дейін-ақ партия Еуропа кеңесінің әйелдерге қатысты және тұрмыстағы зорлық-зомбылықты алдын-алу және онымен күресу конвенциясын ратификациялауға қарсы болды; 2012 жылы Польша католик шіркеуінің бастамасымен ұйымдастырылған поляк отбасы, дәстүрлі құндылықтар мен ұлттық сәйкестенуге қауіпті деп есептелген «гендерлік идеологияға» қарсы кампанияға қосылды. Негізгі ұстанымдары: әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың құрылымдық себептері және әйелдерге қарсы зорлық-зомбылыққа алып келетін «зиян» гендерлік стереотиптерді жоюда мемлекет жауапкершілігі қарастырылған Стамбұл конвенциясы поляк мәдениетінің дамуына кедергі келтіріп, өз құндылықтарына сәйкес балаларды тәрбиелеу құқығын теріске шығарады. «Құқық және әділеттілік» партиясының саясаткерлері

Польшадағы тұрмыстық зорлық-зомбылық масштабын жасырып, поляк ерлері әйелдерге ханымдай қарым-қатынас танытып, Польша заңнамасы әйелдерді тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғайтынын айтады. Олардың пікірінше, зорлық-зомбылық сирек және алкоголь ықпалымен болады. 2015 жылы үкімет отбасындағы зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдерге көмектесетін үкіметтік емес ұйымдарды қаржыландыруды қысқартты, себебі, үкімет тұжырымы бойынша, олардың қызметі тек әйелдерге қызмет көрсете отырып, дискриминациялық сипатқа ие. Ал 2017 жылдың ақпанында президент Анджей Дуда Стамбұл конвенциясының мемлекеттік мекемелерге қатысты қолданылмайтынын ресми мәлімдеді.

Польшада католиктік дәстүрлер қатал сақталған, сондықтан коммунизмнің құлдырауынан кейін католик шіркеуінің саясатқа идеологиялық ықпалы мықты болды. 1945-1989 жылдар аралығындағы коммунистік кезеңде әйелдерге еңбекте, білім алуда және репродуктивті құқықта гендерлік теңдіктің орын алғандығына қарамастан, дәстүрлі гендерлік рөлдер, әсіресе отбасылық және жыныстық қарым-қатынастарда, сақталды және ерлерге қарағанда, әйелдердің мәртебесі әлі де төмен. 2012 жылы Католик шіркеуінің иерархиясы саяси теңдікке жауап ретінде енгізген «Гендерлік идеология» концепциясы шындығында, священниктердің, діни қызметкерлерінің педофилиямен

“Бұл жағдай сөйлеуге қарсы тегеурінді әлеуметтік тыйымды ығыстырды”

байланысынан шудан және нәтижесінде Католик шіркеуінің есеп беруін институттауды талап етуден қоғам назарын аулауға бағытталды.

Дәл осындай саяси қарбаласта Каролина Пясецка өз оқиғасын жария етуге және мәселе жоқ деп есептейтін қоғамға қарсы шығуға шешім қабылдады. Бейнебаян жария бола салысымен Рафал Пясецки әйеліне қол көтермегенін және дәстүрлі отбасында тәрбиеленгенін, христиандық құндылықтарды мойындайтынын, отбасындағы дәстүрлі гендерлік рөлдерге сенетінін айтып, әрекетін жұбайының «саликалы әйел» дәстүрлі гендерлік рөлін дұрыс атқармағандығымен түсіндіріп, ақталуға тырысты.

> Польшадағы Пясецки оқиғасының ықпалы

Пясецки оқиғасы Польшада тұрмыстық зорлық-зомбылық ашық жарияланған алғашқы жағдай болды. Пясецки отбасылық құндылықтарды насихаттаумен және гомофобты мәлімдемелерімен белгілі «Құқық және әділеттілік» партиясының белді саясаткері болғандығы — шүбә келтірмейтін дерек. Сондай-ақ, оқиғаның жария болуы психологиялық зорлық-зомбылық пен оның жәбірленушіге ықпалының маңыздылығы туралы хабардар болу деңгейінің артуына елеулі әсер етті. Негізінен, психологиялық зорлық-зомбылық мемлекеттік мекемелер тарапынан да, сот тарапынан да зорлық-зомбылық формасы ретінде қарастырылмайтын. Пясецки әрекеті экстремалды болғанымен, көп әйелдер мұндай әрекетті өз отбасыларына таныс екендігін мойындады және қалыпты әрекет ретінде сипаттады.

Оқиға бұқаралық ақпарат құралдарында (тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер)

қызу талқыланып, кең жарияланып, отбасында зорлық-зомбылық көргендерге қоғам тарапынан көмек көрсетілмегендігі түсініспеушілік пен пікірталас тудырды. Жария етуге қарсы мықты әлеуметтік тыйымды да бұзды. Каролина Пясецканың түсіндіруінше, отбасындағы жағдайды жария етуге шешім қабылдауына қорлық көріп жатқан басқа әйелдерге көмек көрсету құлшынысы, жасырынбау, оларға бағытталған төзгісіз қарым-қатынастан бас көтере отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылық тек төменгі қабаттағы отбасыларда ғана болмайтынын көрсетуге тырысуы ықпал еткен.

> Жалғыз оқиға емес: тұрмыстық зорлық-зомбылық және «Құқық және әділеттілік» партиясы

Пясецки оқиғасы билік етуші партия ішінде саяси «дауыл» туғызбағанымен, шынайы саяси салдары әлі байқалмады. Пясецки «Құқық және әділеттілік» партиясынан шығарылып, 2017 жылдың мамырында оған қатысты іс қозғалғанымен, партия саясаткерлері бұл мәселенің өзектілігін төмендетіп отыр. «Құқық және әділеттілік» партиясының баспасөз хатшысы Беата Мазурек «Кез келген зорлық-зомбылық сияқты отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол берілмеуі керек!» деп мәлімдеді. Партия мүшелері отбасындағы зорлық-зомбылықты айыптады және отбасылық драма саяси күресте пайдаланылғанын айтты. Рафал Пясецки оқиғасы «Құқық және әділеттілік» партиясы саясаткерлерінің жұбайына қол көтеріп азаптаған алғашқы және жалғыз жағдай емес. 2016 жылы әйеліне қатыгездік танытқаны үшін депутат Лукаш Збониковскийге қатысты іс қозғалған, бірақ қоғамда кең талқылауға түспеді. 2017 жылы басқа депутатқа, яғни Вальдемар Бонковскиге әйелін қорлады, қорқытты

және психикалық ауруға шалдыққан деп «миын шайқалтты» деген айып тағылды. Әсіре консервативті, дәстүрлі және шіркеумен тығыз байланыстағы партия өзекті мәселе маңыздылығын төмендеткенде және өз қатарларында отбасыларына қиянат жасайтын тұлғалардың болуына төзімділік танытқанда бұл адамгершілік құндылықтар мен елді заңды басқару талаптарына қауіп төндіреді. Ол патриархатты билік пен ер азамат артықшылықтарын қорғауға бағытталған консервативті және оңшыл саясаттың шынайы сипаты мен оның оспадарлығын көрсетеді.

2005 жылдан бастап ішкі зорлық-зомбылыққа қарсы бағытталған заң бар екендігіне қарамастан, отбасылық құндылықтарды қорғау туралы басым дискурс аясында отбасындағы зорлық-зомбылықтың заңдастырылуы айқын байқалмайды. «Құқық және әділеттілік» партиясы тұрмыстық зорлық-зомбылықты легитимдегенімен, құқықтық жүйе мен ресми дискурс шеңберінде отбасы мен жеке өмірдегі әйел орны туралы дәстүрлі патриархалды құрылымды ұстанады.

Каролина Пясецки оқиғасының нәтижесінде осы мәселеге қатысты әлеуметтік ақпараттанудың кең етек жаюын ескерсек, билік етуші партияның отбасындағы зорлық-зомбылыққа және басқа әйелдерге қарсы ашық саясатына (репродуктивті құқыққа қол жетімділік) қатысты позициясы болашақта партия мен оның патриархаттық және тар идеологиясын дискредитациялауы әбден мүмкін. Бұл жағдай әлеуметтанушылардың отбасылық құрылымдағы «жарықтың» бүгінгі күнгі қалпы және қоғамдық пен жеке арасындағы байланысын қарастыруына және сынауына мұқтаж екендігін көрсетеді. ■

Хаттарды Магдалена Гзыбка
magdalenaagrzyb@gmail.com жолдауға болады.

> Нөлдік зорлық-зомбылыққа ма?

Сильвия Уолби, гендерлік зерттеулер бойынша ЮНЕСКО ізденушісі, Ланкастер университеті, Ұлыбритания, ХӘҚ Экономика және қоғамды зерттеу комитетінің (ЗК 02) басқару мүшесі және бұрынғы президенті (2006-2010)



Миллиондаған белсенді әйелдер
Лондондағы митингіде, 2014.

БҰҰ 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) 16.1: «зорлық-зомбылықтың барлық түрлерін және онымен байланысты өлім көрсеткіштерін барынша азайтуды» және 5.2: «әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түрлерін жоюды» көздейді.

Бұл мақсаттар утопиялық па? Әлем қарсы бағытта қозғалып жатырма? БҰҰ ТДМ көрініс табатын әлемді ұлттық, халықаралық және азаматтық қоғамның жаһандық топтарының әртүрлілігі арқылы көруге болады. Зорлық-зомбылықтан азат әлемге қол жеткізуді қолдайтын білім базасын әзірлеу – әлеуметтанулық шешімін табуы тиіс міндет.

Бұл көріністің іске асуы үшін өзгерістер теориясын құру керек. Ол қоғамдағы зорлық-зомбылық, гендер және қоғам теорияларына да мұқтаж. Сондай-ақ, теорияларды тексеру және зерттеу үшін зорлық-зомбылықты концептуалдау және сенімді өлшем құралын әзірлеу қажет.

> Зорлық-зомбылық нені асырып, нені азайтады?

Экономикалық даму қаншалықты маңызды? Экономикасы артта қалғандардың зорлық-зомбылық көрсеткіші жоғары. Гендерлік теңдік әйелдерге зорлық-зомбылықпен күресуге көмектеседі ме? Гендерлік теңдікті қалай арттырамыз? Экономикалық даму гендерлік теңдікке алып келуі де, келмеуі де мүмкін, яғни экономикалық дамудың неолибералдық не социал-демократиялық сипатына байланысты.

Мақсатты араласу мен қолдау қызметтері арасында не айырмашылық бар? Феминистер арнайы кеңесшілер мен соттарға көмек көрсету бағыттарынан ықпал етуді ендірген болатын. Қызмет көрсетудің артуы зорлық-зомбылық санының азаюымен байланысты, себебі жәбірленуші мен әлеуетті жәбірленушінің қарсылығы артады. Бірақ, қызмет көрсету қымбатқа түседі, ал оған қажетті ресурстар гендерлік теңсіздіктің кең ауқымымен байланысты.

Қылмыстық заңнама жүйесінің маңыздылығы қандай? Әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықты криминализациялауға бағытталған заңнамадағы өзгерістер әлемді шарпығанымен, заң санының артуы әйелдерге қатысты әділеттіліктің артуын білдірмейді.

Демократия маңызды ма? Жаһандану мен теңсіздік саласындағы жеке зерттеуім парламентінде әйелдер үлесі жоғары елдердегі феминистер деңгейі төмен екенін көрсетті. Гендерлік демократия тамырының терең бойлауы да маңызды: гендерлік демократияның нығаюы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың азаюымен байланысты. Саясаттағы гендерлік теңдіктегі өзгерістер экономикадағы гендерлік теңдік үшін ғана маңызды емес.

Негізінен Жаһандық Солтүстікте орын алған қаржылық-экономикалық дағдарыс экономикадағы гендерлік теңсіздіктің артуына және үнемдеу саясатының жүргізілуіне алып келді, яғни жалпы және арнайы әлеуметтік қызметтердің көлемі қысқартылды. Бұл кезең гендерлік теңсіздіктің жоғары деңгейі және қатандық, сондай-ақ қызмет көрсетудің қысқаруы жынысына байланысты зорлық-зомбылықты арттырады деген тезиске сынақ болды.

Бұл теорияларды қарастыру үшін зорлық-зомбылықтың артып не азайып жатқанын және зорлық-зомбылық деңгейінің мекен және әлеуметтік топтарға байланысты қалай өзгеретінін білу қажет.

> Зорлық-зомбылықты қалай өлшейміз?

Өлшем – аса маңызды. Азаматтық қоғамның белсенділігіне қарамастан, ресми статистикалық мәліметтерде әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық анық берілмеген. БҰҰ Есірткі және қылмыс басқармасы статистикалық мақсатта әзірлеген жаңа Қылмыстың халықаралық классификациясы жынысты қосалқы белгі ретінде қарастырып, зорлық-зомбылыққа ұшырағандардың жынысы туралы мәліметтерді жинауды міндетті деп есептемейді. Сондай-ақ, жынысқа негізделген зорлық-зомбылық жәбірленушілерінің басым бөлігі өз тәжірибелері туралы полицияға хабарламайды. Бұл мәселені шешу үшін қылмыс түрлеріне шолу жасалды: зорлық-зомбылық

жәбірленушілері басынан өткен тәжірибені полициядан гөрі тексеру кезінде жиі хабарлайды. Тексеріс нәтижесінде жәбірленушінің жынысы туралы мәлімет үнемі жинақталғанымен, қайталанған зорлық-зомбылық саны үнемі тіркелмейді және тіркелгеннің өзінде зорлық-зомбылықты ресми бағалауда толық ескерілмейді.

Ұлттық есепке енгізілген қылмыс туралы хабарлар санын қылмысты ұлттық зерттеулердің, оның ішінде АҚШ пен Ұлыбританияда да, шектеп отыруы тарихи қалыптасып кеткен құбылыс. Бұл статистикада жынысқа назар аудармауға алып келеді, себебі әйелдер көбірек жәбір көретін тұрмыстық зорлық-зомбылық, әдетте, қайталанатын қылмыс. Англия мен Уэльстегі Қылмысқа шолудағы алғашқы мәліметтерді қайта қарағанымызда, біз (Джуд Бауэрс, Брайан Фрэнсис және мен) хабарланған барлық қылмыстарды есепке қосқанда, ауыр қылмыс көрсеткіші 60%, ал әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық 70% және ішкі қарым-қатынаста орын алатын зорлық-зомбылық 70% артқанын анықтадық.

Жаңа әдіснаманы қолдана отырып, Уолби, Тауэрс және Фрэнсис Англия мен Уэльстегі зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстың 2008 жылы басталған экономикалық дағдарыстан кейін артқанын анықтаған. Ерлерге қатысты зорлық-зомбылық емес, әйелдерге қарсы бағытталған қылмыс саны өскен. Бұл отбасындағы зорлық-зомбылықтың артуымен байланысты. Ескі әдіснаманы қолданғанда қайталанатын зорлық-зомбылық мәні кемітіліп, өзгерістер айқын көрінбейді. Зорлық-зомбылықпен байланысты қайталанатын қылмыс анықталғанда (әдетте, әйелдерге қатысты), зорлық-зомбылық қылмысының саны артады; бір нақты жәбірленушіге қарсы зорлық-зомбылықтың қайталануын жүйелі тіркемейтін ескі әдіснаманы қолданғанда қылмыс санының өсуі байқалмайды. Зорлық-зомбылықтағы өзгерістерді гендерлік аспектілерді ескермей ұғыну

мүмкін емес. Ұлыбритания мысалы экономиканы зорлық-зомбылықпен байланыстыратын (байланыс гендерлік аспектіге негізделгенде) теорияларды растайтынын көрсетеді.

Уақыт, орын және әлеуметтік топпен байланысты зорлық-зомбылық жиілігіндегі өзгерістерді салыстыру үшін мықты өлшеу негізін әзірлеу зорлық-зомбылық пен оны өлшеу категорияларын, осы категорияларды пайдалана отырып, мәліметтерді жинау әдістерін анықтауды қажет етеді. Қарама-қарсы екі әдіс бар (тұрақты дамудың 16 және 5 мақсаттарынан көреміз), оның бірде біреуі зорлық-зомбылықтың гендерлік аспектісі туралы мәліметтерді жүйелі жинамайды: бірінші әдіс зорлық-зомбылық туралы мәліметтерді жинағанымен, жәбірленушінің жынысы, зорлық-зомбылық көрсетуші мен жәбірленуші арасындағы қарым-қатынас туралы ақпаратты бермейді; екінші әдіс әйелдерге қарсы (әйелдер мен ерлерге қатысты емес) зорлық-зомбылық туралы мәліметтерді ғана жинайды. Мәліметтерді жинау барысында гендерлік аспектіні (жәбірленушінің жынысы, қылмыскер жынысы, жәбірленуші мен орындаушы арасындағы қарым-қатынас (зорлық-зомбылық сексуалдық сипатқа ие болғанда да) қарастыратын уақыт келді. Бірқатар ғалымдарды біріктірген командамыздың жуырда ұсынған жұмысында ерлер мен әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты өлшеудің жаңа жүйесі ұсынылды. Өлшеудің жаңа жүйесі сенімді мәліметтер көмегімен салыстырмалы талдау жүргізуді дамытады әрі жеңілдетеді.

> Дағдарыс және әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың артуы

Ұлыбританиядағы дағдарыс қаржыдан экономикаға, одан фискалды экономияға көшкен еді; енді дағдарыс зорлық-зомбылыққа ауысты. Зорлық-зомбылықтың артуы жалпы сипатқа ие емес, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық


қылмыстың белгілі қылмыскерлер тарапынан қайталануымен байланысты. Экономикалық дағдарыстың гендерлік аспектілері бар, оның қаржылық ықпалы мен зорлық-зомбылық салдары гендерлік сипаттамаға ие.

Жаңа сыни әлеуметтік ғылым «қауіпсіздік» ұғымына қарсы шықты; әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты қауіпсіздік саласына енгізудің маңызы зор. Бұл дегеніміз, зорлық-зомбылық әлеуметтанулық теорияның негізі және оны қалай

өлшеуге болатынын қайта қарауға мүмкіндік береді. Әлеуметтану – қоғамдық мақсатқа арналған әлеуметтік ғылым және зорлық-зомбылықтың барлық түрінің азаюына бағытталған тұрақты даму мақсаттарына жетуге көмектесетін әдіс. ■

Хаттарды Сильвия Уолбиге <s.walby@lancaster.ac.uk> жолдауға болады

> Маркстің 200 жылдығы




Карл Маркс 1875 жылы. Wikimedia Commons / Public domain.

2008/9 жылдардағы қаржы дағдарысы әлемнің кейбір түкпірлерінде Карл Маркс пен оның жақын серіктесі Фридрих Энгельстің шығармашылығына деген қызығушылықтың жаңа толқынын туғызып та қойды. Айталық, The Capital өзінің арнайы бағаны капитализмнің дағдарысты дамуын және жаһандық деңгейде әлеуметтік теңсіздіктің тереңдеуі, жұмыссыздықтың өсуі, сенімсіздік, кедейлік, сондай-ақ экологиялық апат сияқты зардаптарға әкеліп отырған заманауи капиталистік экономиканы түсіндіру мен талдауға арналған. Осыған қарамастан аталмыш өзекті мәселелер әлеуметтанушыларды, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарын немесе қоғамдық қауымдастықтарды капитализмге өзіндік талдауын үнемі ұсынып отыруға мәжбүр етеді, Маркстік ілімнің даулы тұстары көп және әлемде Маркс бойынша зерттеулер ұшан-теңіз. Карл Маркстің 200 жылдығы әлемнің төртбұрышындағы әріптестерді Маркс, марксизм және маркстік әлеуметтану туралы, дәстүр және оның бүгінгі күнгі өзектілігі жайында көзқарастарымен бөлісуге шақыруға *Жаһандық Диалогты* ынталандырды. Маркс ілімімен қалай жұмыс жасау керек немесе онда не нәрсе жоқ екендігі хақында пайымдар мен таластартыс арқылы алға жылжу үшін алдымен пікір алысу философиялық түп-төркініне көзқарастан бастау алады. Бұл Маркс тұрғысынан еңбек, мемлекет, құқық, әлеуметтік теңсіздік және басқа мәселелерді көре аламыз дегенді білдіреді. ■

> Маркс және әлеуметтану, 2018

Г.М.Тамаш, Орталық Еуропа университеті, Венгрия



Карловы Варыдағы Маркс мүсіні, Чех Республикасы.

Макс Вебер өзінің «Жалпы экономика тарихында» (1919-20) капитализмді алғышарты барлық неғұрлым ірі кәсіпорындарға қалыпты болып табылатын капиталды рационалды есептеуге (кәдімгі қосарланған бухгалтерия) адамның күнделікті қажеттіліктерін қамтамасыз ететін бәрін қамтитын Батысқа тән ерекше жүйе ретінде көрсетті, және әсіресе: 1. барлық өндіріс құралдары еркін пайдаланылатын мүлік ретінде тәуелсіз жекеменшік кәсіпорындарға бөлініп берілуі тиіс; 2. касталық белгілер (Stände) сияқты «иррационалды» шектеулері жоқ еркін нарық қажет; 3. Сонымен қатар өндіріс, сауда және көлік жағдайында рационалды, яғни мұқият есептелген, механикаландырған технология қажет; 4. түсінікті де ашық рационалды сот жүйесі болу керек; және 5. Экономикалық тұрғыдан нарықта өзінің жұмыс күшін сатуға мәжбүр және сатуға заңды құқы бар тұлғаларға тәуелсіз еңбекке жол ашық болу керек.

Марсель Мосс (Поль Фоконне екеуі 1901 жылы жазған энциклопедиялық мақаласында) несие, пайыздар, айырбас

немесе ақша сияқты ақылға сыйымсыз әлеуметтік өмірдің түрлерін ешкім де, мысалы бірде бір жұмыскер немесе трейдер де ойлап таппаған болар еді деп ұқсас ой айтты. Тіпті еңбекқорлық, үнемшілдік, байлыққа немесе думанға қызығу, кедейліктен қорқу және «кәсіпкерлік рухы» алуан түрлі тұлғалық нұсқаларына қарамастан толығымен субъективті, ал бұл жалпы алғанда батыс капитализмі әлеуметтік жүйесінің «әлеуметтік мәдениетінің» «объективті» өнімі екені ақиқат.

Мұның бәрінде заманауи марксист көбіне жоқ (немесе, қазбаласаң Маркстің өзі де), тіпті Маркстен кейін пайда болған әлеуметтану да оның мұрасына кейде қарсы бағытталғанына қарамастан, оның ықпалында отыр.

> Заманауи қоғамның «буржуазиялық» немесе маркстіл талдауы ма?

«Буржуазиялық» әлеуметтану (және эмпириялық әлеуметтік зерттеулерден бастап саяси философияға дейінгі әлеуметтік зерттеулердің барлық бағыттарымен) мен заманауи қоғамның маркстік талдауы арасындағы түбегейлі айырмашылық неде? Ағарту дәуіріндегі метафизика мен теология арасындағы бәсекелестіктің тарихи маңызы қандай болса, соған барабар болу мүмкін ұзаққа созылған дауды қалай түсіндіреміз?

Қарапайым түсіндірер болсақ: Ағарту Аристотельдің космостық объективтілігінен Августин мен томистердің бостандықтың принципі ретінде еріктің тәуелсіздігін ашатын материалдық субъективтілігіне көшті. Францияда мораль мен саясаттың ғылымы деп аталған нәрсе – гректер заманынан бері қарай келе жатырған «батыстық» (соның ішінде византиялық, еврейлер және исламдық) ойларда үстем болған көне догматтықты орап алған үлкен доғаны канттық сынаудың нәтижесі ғана.

Спинозалық та, Канттық та адамгершілік философиясы біршама айырмашылықтарына қарамастан адамның болмысын оның тастар және балықпен ортақ каузалды анықтағыштарға тәуелді табиғи заттардың болмысымен, ал санасын құмарлықпен шектелген және соның ішінде *conatus sese conservandi* (өзін өзі сақтауға күш салу) – адамгершілік таңдауды құрметтеудегі бостандық, бірақ толық, объективті, әділ және жалпы білім мен түсінуге қабілетті емес, бұл кедергілер логикалық та, психологиялық та деп мойындайды.

>>

Егер Құдай туралы білім маңызды деп танылса, онда ол субъективті – Евангелие оны сенім деп атайды, олай болса «моралдық ғылымдар» да субъективті болу керек. Ренессанстың, Реформацияның және Ағартудың жалпы түсінігі білімнің де, бостандықтың да өлшемі – ақыл-ой арқылы түйсінілетін, ең соңында логика және математика қалыптастыратын субъективтілік. Осыған деген жасырын сенім әрине, осылай бақыланатын «нақтылық» тек сезім арқылы ғана мүмкін болса, кейінірек ақылмен зерделеніп, диалектикалық тұрғыдан танылып, яғни оның қарама-қарсылықтары айқын көрсетілгенінде еді.

Гегельдің тарихи рөлі субъективті деп саналған «рухтың» шындығында объективті екенін, Кант сипаттаған тұжырымдамаларды жасаушы (оларды сыртқы әлемнен іздейтін) ақыл парасат біздің эпистемологиялық шектермен тұйықталған және нағыз қайсарлықпен надандыққа итеретін субъективті қабілетіміз емес, бірақ керісінше шындығында білімнің де, бостандықтың да қайнар көзі болғанын көрсету болды.

Істі әрі қарай күрделендірмес үшін, Гегель объективтіліктің екі келбеті бар деп болжады: «объективті рухтың» өзі – біз бүгінгі күні «институттар» деп атамақ болып отырған нәрсе – жас әрі позитивті кезінде ол мұны «жалған объективтілік» деп атаған (тағы түсінікті болу үшін: бостандықсыз ақыл) және «абсолютті рух» (ақыл-бостандық: философия).

Осы «объективті рухты» әлеуметтанудың негізін салушы Эмиль Дюркгейм «қоғам» немесе басқаша айтсақ, адами мақсаттарға, таңдауға, ниеттерге және т.б. жат, адамдардың барлық мүдделері институттық құрылымдарды қалыптастырғаннан гөрі оларды сипаттайтын болғандықтан қайталанатын немесе тұрақты нәтижелерді беретін әлемді «адамдар әлемі» деп атады. Бұл құрылымдар «деректер» деп аталады, олардың өзгерістері күтілмеген комбинациялар немесе сыртқы жәйттерден тосын пайда болған терезесіз монадалар.

Гегельден бастау алатын, бірақ Кантқа қайтып оралып отыратын Маркспен бірге эмпириялық пен трансценденттіктің қосжақтылығы көрініс береді. «Дерек», «құрылым» немесе «зат» ретінде көрсетіліп отырған – субъективтілік жасырынып тұрған сырттай бейне ғана, оның неғұрлым айқын мысалы құндылықтың (негізгі процестің басқарушы принципі) арқасында тұрған еңбек (адамның өнімді қызметі); сонымен қатар ол «тауар» фетишінде тасқа айналған еңбек. Зат емес, адамның субъективті әрекеті.

Зат, институттық «объективті рух» – сыртқы қабат, себебі қоғамның толық институттық қисыны (ол жерде экономика, мемлекет және «азаматтық қоғам» бөлінбеген) да сыртқы қабат болып табылады. Дегенмен объективтілік және субъективтілік тұрғысынан еңбектің өзі екіге бөлінеді: нақты

еңбек және абстрактілі еңбек сәйкес келмейді. Бастапқыда көрініс беретін не нәрсе екеніне, қажеттілігіне қарамастан барлық кезде тек елес ғана, себебі мәндер құпия (капитализмде жалған сыртқы көрініс объективтілік атрибутына ие) болу керек. Ол теория (сыни саяси экономика, философия бола ма, бәрібір) қажеттіліктер құндылықтармен реттелмейтін субъективті тұлғалық қызметтің табиғылығын қайтару үшін ашылуы (концепциялық тұрғыдан жоққа шығарылуы) қажет.

Классикалық әлеуметтанулық тұрғыдан бақылау «абсолютті рух» «объективті рухты» басқарып отырған сияқты, яғни соның нәтижесінде қандай әлеуметтік институттар пайда болады, құндылықтың қызметі неде немесе таптардың бастауы, тарихы мен қызметі деген не?

Әлеуметтану адамдар топтарын «заттар» ретінде қарастыратындықтан, (тұрақты немесе ең құрығанда мықты астракциялар) оны адамдардың топтары қалай қалыптасады және бөлінеді, олардың қоғамның неғұрлым үлкен суретіндегі орны және мемлекетке пен жоспарланған әлеуметтік саяси өзгерістер жиынтығына қатынасы қызықтырады.

> Маркстік ұстанымдар: тап және қанау

Маркс жауап бермейтіні үйреншікті. Оның және «батыс марксизм» деп аталатын ізбасарларының ертеректегі Коммунистік Манифестен айырмашылығы – капитализмге дейін де, кейін де таптар жоқ деп есептейді (тап тарихи сипатта). Тап – құндылықтың және капиталдың эпифеномені: «таптық мәдениеттер», «өмір сүрудің таптық бейнесі» және «таптық ұйымдар» осы эпифеноменнің эпифеномендері.

Маркс үшін маңызды жалғыз тап – нағыз гегелдік стилде тап ретінде қалыптасатын, қоғамның бөлігі болып табылмайтын пролетариат. (Тұтастықтың бөлігі болып табылмайтын бөлік). Адамдар арасындағы өзараықпалдастықтар, жалпы адамгершілік деп «буржуазиялық» әлеуметтік ғылым (экономика, саясат) сипаттап отырған қоғамда болатын процестерден тыс орналасқан осы тапты мойындамау. Дегенмен заттану бұған жол бермейді. Өйткені, пролетарийдің негізгі қызметі оны затқа айналдырады, сондықтан бұл таптар арасындағы ықпалдастық емес, капиталдың сапасы. Қанау – буржуа мақсатты түрде жүзеге асырып отырған нәрсе емес: ол капиталды қорландыру үшін қосымша құнға иелік етеді, жұмысшыларға зиян келтіру үшін емес. Қанау – кез келген мемлекеттің басып жаныштауы немесе түзетуі емес емес, міне сондықтан бұл социал-демократтар ойлайтындай «саяси мәселе» емес. Бұл теңсіздік емес.

Теңсіздік – әлеуметтанулық мәселе, бірақ қанау емес. Заттанудың, тауарлық фетишизмнің, теңсіздіктегі қанаудың өзгерісі (олай болса, біртіндеп жақсаруға қабілетті «саяси мәселеде»), маркстіл үшін сандырақ. Міне, сондықтан әлеуметтанулық сұрақтарға маркстіл іліммен және керісінше неге жауап беруге болмайтыны заңды. ■

Хаттарды Г.М.Тамашқа <gmtamas@gmail.com> жолдауға болады.

> Капитализмді еңсерудің маркстік дәстүрінің жалғасып жатқан өзектілігі

Эрик Оллин Райт, Висконсин-Мэдисон университеті, АҚШ



200 келген Маркстің жауаптарына көз салу Суретті Марко Гомеш түсірген, Сан-Паулу, Бразилия.

Капитализм ішкі динамикасының түпкілікті жойылуына әкелетін терең қайшылықтар бар және бұл динамика бір мезгілде қоғамның баламалы нысандарын құру және адамның өркендеуі үшін әлдеқайда қолайлы жағдай жасайды деген ой қандай да болмасын басқа идеямен салыстырғанда, Маркстің жұмысымен тығыз байланысты. Дәлелдің бірінші бөлігі капитализмнің тағдыры туралы нақты болжау: ұзақ мерзімді кезеңде капитализм тұрақсыз қоғамдық тәртіп және ақыр соңында құрдымға кетеді. Екінші бөлігі соншалықты детерминацияланған емес: капитализмді жойып жатқан динамика жаңа тарихи мүмкіндіктерді ашады (әсіресе, өндірістік күштер мен адам өнімділігінің дамуына байланысты) және осы мүмкіндіктерді революция арқылы эмансипация баламасын құрай алатын ұжымдық агент – жұмысшы тапты қалыптастырады. Мүмкіндік, шынымен де, осы

баламаны жүзеге асыруға әкелетініне қарамастан, бірнеше дәстүрлі процестерге: революциялық идеологияның таралуына, сенімді ынтымақтастықтың пайда болуына, күрестің үйлесімділігін қамтамасыз етуге қабілетті саяси ұйымдардың нысандарын дамытуына байланысты. Сондықтан, жалпы алғанда, теория капитализмнің жойылуы заңдылығы туралы детерминацияланған мәлімдеме мен капитализмнен тыс детерминацияланбаған талаптардың өзараықпалдастығын білдіреді.

Детерминацияланған және детерминацияланбаған талаптардың қосарлығы Маркстің теориялық идеяларын саяси қозғалыстардың күмәнсіз негізі болуына алып келді. Детерминацияланбаған элементтер мақсатты ұжымдық агенттіктің маңыздылығын және жеке тұлғалардың «жақсы элем» үшін күреске қосылуға дайын екендігін растайды. Детерминацияланған элементтер оптимизмге бой ұруға

>>

мүмкіндік береді: тіпті революцияға кедергі келтіретін күштер қорқынышты болса да, антикапиталистік күштер «тарих біздің жағымызда» деп санайды және сайып келгенде, революциялық серпіліс үшін алғышарттар пісіп жетіледі.

Қазір біз Маркстің теориялық идеяларынан толығымен ерекшеленетін әлемде өмір сүріп жатырмыз. Маркстің кейбір пайымдаулары дұрыс болып шықты: капитализм әлемнің түкпір-түкпіріне жеткен жаһандық жүйеге айналды; өндіріс күштері жақсы дамыды; капиталистік нарық өмірдің көптеген салаларына терең енеді; ауыр экономикалық дағдарыстар — капиталистік қоғамдардың тұрақты сипаты. Дегенмен, капитализмді енсерудің жан-жақты ниеті үшін маңызды болып табылатын басқа болжамдар дәлелденбеді: гомогенді болудың орнына жұмысшы тап барлық қатынастарда фрагментацияланған және біртекті емес болып жатыр, бұл өз кезегінде капитализмге қарсы тұрақты ұжымдық іс-қимыл үшін қажетті ынтымақтастықтың болуына кедергі жасайды; қорланудың жаңа тәртібімен бірге капитализм дағдарыстарға жауап беруде тұрақты болды; капиталистік мемлекет, қажет болғанда тиімді репрессияға жүгіну арқылы басты сұраныстарды қанағаттандыру үшін әлдеқайда икемді болды; соңында, социалистік революциялардан кейінгі капитализмге баламаны табу әрекеттерінің қасіретті тарихы дағдарыстың революциялық саяси күштердің әділ және адамгершілікті балама құруына мүмкіндік беретін оптимизмге кедергі келтірді.

Сондықтан жиырма бірінші ғасырда «капиталистік қозғалыстың заңдары» туралы мәселені қараудың кез-келген мүмкіндіктері капитализмнің өміршеңдігін бұзып, оның бостандыққа апарар трансценденттігіне қолайлы жағдай туғызудың қажеті жоқ. Алайда, бұл маркстік дәстүр өзектілігін жоғалтты дегенді білдірмейді. Атап айтқанда, маркстік дәстүрдің төрт негізгі ережесі заманауи қоғамды ғылыми түсінуде және «жақсы әлем» құруға күш-жігер салу да маңызды:

1. Капитализм адамзаттың өркендеу мүмкіндігіне барынша кедергі жасайды. Оның ең айқын көрсеткіші молшылық аясындағы тұрақты кедейлік, бірақ капитализмнің зияны материалдық шеңберден шығатын адамдардың дамуы үшін маңызды болып табылатын басқа да құндылықтардан айырды: теңдік, демократия, еркіндік және қоғамдастық. Капитализм қауіпінің негізі ең алдымен, таптық құрылым. Капитализмнің таптық қарым-қатынасы түрлі механизмдер арқылы қауіп төндіреді: қанау; үстемдік; экономикалық билікті саяси билікке

айналдыру; бәсекелестіктің деструктивті нысандары; сондай-ақ қауымдастықты және өзара қарым-қатынасты бұзу үшін нарықты кеңейту. Маркстік дәстүрдегі көптеген зерттеулер бұл қауіпті растайды.

2. Капитализм динамикасы іштей қарама-қайшы. Функциялық тұрғыда интеграцияланған тұтастықта біріккен жағдайда капитализм орнықты тепе-теңдікке қол жеткізе алмайды. Капитализмді тұрақсыз ету үшін осындай қарқындылыққа жету капиталистік қарама-қайшылықтардың тән үрдісі жоқ болса да, олар жаңа мүмкіндіктер мен трансформациялық күрес үшін бірнеше рет кеңістікті ашты.

3. Басқа әлем болуы мүмкін. Инвестициялар мен өндірістің капиталистік таптық бақылауы радикалды экономикалық демократия арқылы шеттетілетін экономикалық жүйе ретінде капитализмге балама болуы мүмкін деген маркстік дәстүрдің басты идеясы сияқты. Бұл марксизмді жай ғана капитализм сынынан эмансипацияланған әлеуметтік ғылымға айналдырады. Эмансипациялық балама «мүмкін» деп айту баламаны елестетуден де артық; балама қалаулы, өміршең және қол жетімді болуы керек. Осылайша, маркстік талап радикалды экономикалық демократия капитализмге қарағанда, эмансипациялық құндылықтарды толығымен түсінеді, егер ол құрылатын болса, тұрақты болады және нақты тарихи жағдайларда жүзеге асады.

4. Трансформация қарсылықты емес, таптық күресті талап етеді. Капитализмді экономикалық демократияға айналдыру ұжымдық әрекет пен төменнен жұмылуды талап етеді. Элиталық одақтастар шешуші рөлге ие болса да, эмансипациялық әлеуметтік трансформациялар ағартушы элиталар ынтасының ғана нәтижесі емес. Эмансипациялық трансформация, сонымен қатар, капитализмнің зиянына қарсы әрекет етуден де басқа нәрсе талап етеді; бұл эмансипациялық идеалдарды қамтитын жаңа институттарды құруды талап етеді. Маркстің теориялық тұжырымдамасының түпнұсқасында құрылыстың трансформациясы негізінен капитализммен революциялық үзілістен кейін қаралды: билікке ие болған жұмысшы тап жаңа қоғам құрады. Жиырма бірінші ғасырда бұл — сенімсіз стратегиялық көзқарас. Егер радикалды экономикалық демократия капитализмнен тыс болашақты құруға тиісті болса, оны құру міндеті әлі де капитализм үстемдігіне ие қоғамдар ішінде басталуы керек.

Бұл төрт ереже 21-ші ғасырда маркстік эмансипациялық әлеуметтік ғылымның дәстүрін дамытуды күшейтеді. ■

Хаттарды Эрик Олин Райтқа <wright@ssc.wisc.edu> жолдауға болады.

> Феминизм марксизмге қарсы

Александра Шееле, Билефельд университеті, Германия және **Стефани Уэл**, Вена қолданбалы ғылымдар университеті BFI, Австрия



Капиталистік жүйенің пирамидасы.

Бірнеше жылдар бойы Германия және басқа елдердегі бұқаралық ақпарат құралдарында «Маркстің қайта өрлеуі» туралы айтыла басталуы Карл Маркс еңбектерінің капитализм мен қаржылық дағдарысты талдаудағы ең дұрысы болуы мүмкіндігін көрсетсе керек. Бұл ахуал 2008 жылғы қаржылық экономикалық дағдарыс капитализмнің жаһандық Салтанаты әлеуметтік қиындықтармен, экологиялық дағдарыстармен байланысты және экономикалық жүйенің өзін-өзі жалмап тынатынын көрсетті деп жиі түсіндіріледі. Осы қалыптасқан жағдайда Маркстің талдау тағы да өзекті екенін байқатып отыр.

> Маркстік ренессанстағы феминистік санылауды бітеу

Дегенмен, Маркс пен оның саяси экономикаға сынына деген қоғамдық қызығушылықтың қайта жандануы

Маркстің феминистік тәсіліне тіпті де сілтеме жасаймайды. Феминистік сараптама шынында ешқашан Маркс туралы солшыл пікірталастардың бөлігі да болған емес, себебі пікірталастырыған тараптар ешқашан көтерген емес. Бір жағынан, феминист маркшілдер әлеуметтік мәселені қамтитын және оны гендерлік мәселелерден бөлмейтін сыни сараптаманы; ресурстарды капиталистік қанауды және онымен байланысты өмір сүру құралдарын орасан зор шығынға ұшырату мүмкіндігі туралы; және билік пен үстемдікті байлықты жинақтау тәртібі процесі ретінде ғана емес, сонымен қатар оның патриархаттық негіздерін анықтайтын талдауды даярламақ болған. Екінші жағынан, маркшіл феминистік көзқарастар теңсіздік пен қанаудың барлық шарттарын өзгертуге бағытталған Марксті әуелгі және қазіргі қабылдауға сын көзбен қарады, бірақ гендерлік қатынастар осы шарттардың бір бөлігі екенін сирек мойындайтын. Сонымен қатар Маркс атап өткен өндіріс пен ұдайы өндіріс және еңбектің жыныстық бөлініске терең талдауға жасалынбаған да, тіпті ескерілмеген де.

> Феминистік ұстанымдар

Карл Маркстің 200-жылдығына орай осы қосарланған сын өзекті күйінде қалып отыр: патриархат пен капитализм арасындағы қатынастар қандай? Өндірістің капиталистік әдісі гендерлік ғана емес, сонымен бірге нәсілдік жүйе болуы қандай деңгейде? Қанаудың мәдени символдық түрлері саясат пен экономикадағы қанаудың басқа түрлерімен қалай өзараықпалдасады? Әрі қарай осы пікірталастардың қазіргі барысын қорытындылауға тырысамыз.

> Өндіріс және ұдайы өндіріс

Негізінен өндіріс пен ұдайы өндіріс арасындағы байланыс феминистік пікірталастардың өзегі болып қалып отыр. Әйелдер әлі де ақы төленбейтін үй жұмысының және әлемдегі қамқорлықтың басым бөлігін атқарады. «Табиғи» еңбек бөлінісі ретінде еңбектің гендерлік бөлінісін топтау оның жүйелі түрде құнсызданып және оқшауланып отырған капиталистік өндірістің құрамдас бөлігі екенін жасырады. Еңбек пен табиғи ресурстарды қанау негізіндегі жаппай еңбек бөлінісі – феминистік пікірталастардың маңызды бағдары. Жаһандық зорлық пен қанауды постколониялық және әлеуметтік феминистік сынау тек ғана нақты Жаһандық Оңтүстіктегі әйелдердің жағдайына



Әйел кәсіподақтары лигасы. Суретті түсірген Хил Центр, Корнелл университеті.

негізделген және олардың әлемдік өндіріс пен оның желісіне біте қайнасуын сынайды. Сонымен қатар суррогатты отбасылар репродукциялық технологиялардың жаңа түрлері ретінде емес халықаралық еңбек бөлінісі мен қанаудың жаңа формалары ретінде қарастырылады. Осы тұрғыда феминистік ұстанымдар мемлекеттің еңбек саласы пен сексуалдықта құрылымдық билікті қолдап отырғанымен қатар әлеуметтік ұдайы өндірісті құрылымдайтынын да сараптайды. Олар әлеуметтік ұдайы өндіріс жаһандық тұрғыда қарастырылуы тиіс деп есептейді, себебі ол жаһандық нарықпен, қаржылық және миграциялық тәртіптердің динамикасымен өте тығыз байланысты. Осылайша, жаһандық экономикалық дағдарыстар және онымен байланысты қаржыландыру процестері әлеуметтік ұдайы өндіріс бойынша көрсетілетін қызметтердің шарттарына ықпал етеді; бұл жағдай, мысалы, отбасылар әлеуметтік инфрақұрылымға қолжетімділіктен айырылғанда немесе 2008 жылы қаржылық дағдарыстан кейін бүкіл Еуропа мен АҚШ бойынша күштеп көшірумен күресуге мәжбүр болғанда орын алды. Бүгінгі капиталистік ахуалды сипаттайтын «дағдарысты» Нэнси Фрейзер екеуіміз негізінен шешімін таппай отырған үш мәселемен байланыстырамыз: біріншіден, өндіруші және қайта өндіруші еңбек арасындағы қатынастар; екіншіден, табиғатты пайдалану; және үшіншіден, жаһандық капитализмдегі мемлекеттік биліктің өзгерісі. Осы шиеленістерге қоса мемлекет әлеуетінің өзгеруімен байланысты капитализмдегі субъективтенудің идеологиялық қыры квир-феминистік талдаудың өзекті тақырыбына айналады. Осы тұрғыда ұрпақ және ұдайы өндіріс гетеронормалық ретінде тұжырымдалады ма, егер тұжырымдалса қалай деген мәселе талқылануы қажет.

> Баламалар және шешілмеген мәселелер

Дегенмен, даулы сұрақтар сақталып отыр: балама нұсқаларды қалай даярлауға болады? Кім «революциялық субъект» немесе болады (егер осындай концепциядан бас тартуға болмайтын болса) және эмансипациялық әлеует қайдан пайда болады? Айталық, ағымдағы мәселелерді

түсіну үшін маркстік ілімді сипаттайтын категориялардың жарамдығын қарастыру қажет. Мүмкін, Ингрид Курц-Шерф болжағандай, бір жағынан капитализмді жақынырақ түсіну үшін, екінші жағынан коммерциялық емес қызмет салаларын ашық ету үшін саяси экономияны тереңірек түсіну керек болар? Ақыр соңында капиталистік қисынға келе қоймайтын осы салалар қоршаған орта мен адам еңбегін қанаудың соңына алып келуі мүмкін. Капиталистік қисын мен ақылы және ақысыз жалдамалы еңбек бөлінісін ығыстыра отырып, Габриэле Винкер және басқалар қолданатын «күтімнің революциясы» ұстанымы күтім секторын ұжымдық ұйымдастыруға бағытталған.

Постколониялық және феминистік ұстанымдар пәндік алаңның кеңістігін ұлғайтуды талап етеді, себебі Маркс көрсеткен ақ нәсілді, батыстық, ер кісілік таптық белгілер өзгерістегі ахуалды меңзейтін күшке ие болудан қалды.

> Ғылыми ортадағы сын мен неолиберализм

Алайда, жалпы сыни білімдерді, соның ішінде феминистік сынды өндіру шарттары академиялық ортаға да ықпал ететін білімнің неолибералды өндірісі кезеңінде неғұрлым күрделі бола бастады. Неолибералды индивидуалдану процесінде әртүрлі субъектілердің өзгеріске (немесе тіпті революцияға) деген ұжымдық еркін қалайша мойындайтыны анағұрлым күмәнді бола бастады. Университеттерде феминистік сын үнемі андроцентризммен бетпе бет келіп отырды және қазір де басқа ғылымдар сияқты тәжірибедегі тиімділік мен пайдалылық өлшемдеріне байлаулы.

Осындай жағдайдағы міндет – феминистік маркстік ұстанымды одан ірі дамыту. Оның өзегі болып табылатын плюралистік сын – маргиналанудың тереңдей бастауы десе болады. Мұны академиялық ортадан, сонымен қатар андроцентристік бағытын өзі де сезбеген маркстік солшыл пиғылдан байқауға болады. ■

Хаттарды Александра Шеелеге <alexandra.scheele@uni-bielefeld.de> және Стефани Уэлге <stefanie.woehl@fh-vie.ac.at> жолдауға болады.

> Маркс және мемлекет

Боб Джессоп, Ланкастер Университеті, Ұлыбритания



Маркс мемлекетті таптық үстемдік органы ретінде және мемлекеттік билікті саяси үдеріс ретінде қолдану туралы жан-жақты сын-пікір жазған жоқ. Оның үстіне, жобасы теориялық әрі саяси болғанымен, ол саяси партияларды ұйымдық нысан ретінде қарастыру; ұлттар, ұлтшылдық және ұлттық мемлекеттер; революциялық стратегия мен тактика (социализмге апаратын парламенттік жолды қоса алғанда); «пролетариат диктатурасы» нысаны; немесе мемлекеттің «ыдырау» мүмкіндігі сияқты тақырыптарға кеңейтілген немесе келісілген талдау жасаған жоқ.

Бұл Маркс (немесе оның өмір бойы серіктесі болған Энгельс) осындай мәселелерді елемендігін білдірмейді. Керісінше, олар мемлекетті жан-жақты зерттеді. Классикалық және тұрпайы саяси экономикадағы Маркстің экономикалық категорияларын сынауына ұқсас саяси теорияның сын-қатерлерін; дамудың тарихи талдауы, сәулетті өзгерту және нақты мемлекеттердің таптық сипатын; нақты саяси кезеңдердегі және / немесе елеулі оқиғалардың конъюнктуралық талдауы; мемлекеттің капиталистік түрінің нысанын талдау, ең алдымен оның жинақтау нысаны мен логикасына сәйкес келуі тұрғысынан; Еуропа мен АҚШ-тан басқа заманауи қоғамдардағы капитализмге дейінгі тапқа негізделген өндіріс және мемлекет нысандары режимдерінде мемлекетті (немесе үстемдіктің ұқсас формаларын) тарихи талдау; және еңбек қозғалысында саяси пікірталастарды қалыптастыратын конъюнктураларды

өзгертуге бағытталған стратегиясы бағдарланған, саяси тұрғыдан негізделген есептерді қамтиды. Сонымен қатар олардың талдауы мемлекетаралық қарым-қатынастарға, отаршылдыққа, күштердің халықаралық тепе-теңдік, соғыс пен бейбітшілік саясатына бағытталған.

Қысқаша түсініктемеде сұрақтарды жеңілдету үшін Маркстің жұмысында мемлекеттің үш негізгі сипаттамасын анықтай аламыз. Бұқаралық түсінікте мемлекет экономикалық басқару мен саяси бақылауын сақтауды көздейтін экономикалық тұрғыдан басым таптың басқа таптарды басқару құралы ретінде көрсетіледі. Бұл көзқарас білінбейді – бірақ дереу түсіндіру және стратегиялық әсер үшін – Коммунистік партияның манифесінде, атқарушы аппарат – жалпы буржуазияның жалпы істерін басқару жөніндегі комитет. Оның насихаттау құндылығымен қоса, бұл тұжырым Еуропа және Солтүстік Америкада шектеулі франчайзинг аясында түсіндіріледі. 1870 жылдардағы франчайзингті кеңейту мәселені қиындатып, социализмге апаратын парламенттік жолды күн тәртібіне шығарды. Тарихи оқылым мемлекетті таптық күресті қоғамдық мүдделер үшін реттеуге немесе тіпті саяси таптың жеке артықшылығына айналдыруға қабілетті ықтимал дербес билік ретінде қарастырады. Бұл көзқарас 1850 жж. Луи Бонапарт билігі кезінде Маркстің Францияны талдауда ең танымал және рухтандырушы сипатқа ие болды. Шынында да, ол бір кездері Бонапарттың преторияндық мемлекетті құрғанын, Бонапарт III бастаған әскердің қоғамның бір бөлігін басқа бөліктерге қарсы әрекет

етуден гөрі, қоғамға қарсы бола бастағанын айтты. Кейбір зерттеушілер бірінші пікір таптық күрестің қалыпты кезеңдерін бейнелейді және соңғысы таптық күрестегі және/немесе әлеуметтік апатқа душар болған «айрықша» кезеңдерді сипаттайды деп тұжырымдады. Бұл тұжырым тарихи талдаулармен салыстырылуы тиіс маңызды теориялық талдау үшін насихаттауды (қателесіп) есепке алады.

Бұл тұжырымдағы мәселе Маркстің Гегель еңбектерін ең алғашқы сын-пікірлеріне негізделген үшінші түсініктемеде көрінеді, ол Маркстің өмірі барысында қайта өңделіп, 1871 жылғы Париж Коммунасында жасаған өзінің ескертулерінде қайта дәлелін тапты. Мұндағы мемлекет билеушілер мен билікке бағынатындардың бөлінуіне негізделген саяси ұйымның иеліктен шыққан түрі ретінде көрсетіледі. Бұл бөліну әр түрлі таптық режимдегі өндірістің түрлі формаларында, капиталистік дамудың түрлі кезеңдерінде және әр түрлі капиталистік қалыптасу түрлерінде болады. Дегенмен, Маркс “Франциядағы азаматтық соғыс” (1871 ж.) еңбегінің екінші жобасында жазғандай, мемлекеттік билік «әрқашан тәртіпті сақтауға, яғни, қолданыстағы әлеуметтік тәртіпті сақтауға және өндіруші таптарды басқару және қолдануға бағытталған сәйкес таптың билігі», – деп жазды. Дегенмен, Капитал III еңбегінде айтылғандай, егемендік пен саяси үстемдік нысаны қанау нысанымен байланысты. Капиталистік өндіріс режимінде бұл егеменді мемлекеттің тұрғындары үстінен бейтарап үстемдікті қамтиды: ол үстем таптардың тікелей басқаруына алып келмейді. Мемлекеттің бұл түрі, қанау еңбек нарығында ресми түрде еркін алмасу арқылы (еңбек үрдісінде озбырлыққа қарамастан) жүзеге асырылатындықтан, яғни таптар экономикалық емес мәжбүрлеуден немесе міндетті әлеуметтік бұғаулардан босатылған өндіріс қатынастары арқылы анықталуы мүмкін. Бұл нарықтық қатынастар шектеулері және конституциядық мемлекет шектеулері аясындағы саяси

таптар күресі шеңберінде орын алатын экономикалық таптық күресте қанау мен үстемдіктің экономикалық және саяси сәттерін институттық түрде бөлуге мүмкіндік береді.

Алайда, бұл тұрақсыз қатынас және белгілі бір тап келісімінің институттануына тәуелді. Шынында, 1848–1850 “Франциядағы таптық күрес” еңбегін жазу барысында Маркс демократиялық конституциядағы жан-жақты қарама-қайшылықтарды анықтады. Конституция әлеуметтік құлдығын растайтын пролетариат, шаруалар және ұсақ буржуазияға жалпыға ортақ сайлау құқығын бере отырып, ол жеке меншікті кепіл ету арқылы буржуазияның саяси үстемдігін қолдайды. Саяси тұрақтылық бағынушы таптардың саяси эмансипациядан әлеуметтік эмансипацияға өтуін көздемеуін және буржуазияның саяси қалпына келтіруді талап етпеуін қажет етеді. Экономикалық және саяси институттық бөліну және олардың туындайтын қайшылығы Маркстің нақты саяси режимдердің дамуын немесе белгілі бір мемлекет саясатының мазмұнын ұғындыру үшін тікелей экономикалық дәлелдерді сирек қолданатын себептерін түсіндіреді. Өйткені бұл тікелей экономикалық жағдайға емес, саяси күрестің нақты үдерісіне байланысты. Осылайша экономикалық жағдайды, шиеленістер мен қайшылықтарды зерттегенімен, Маркстің нақты талдаулары мемлекет нысандары, саяси режимдер, саяси дискурстар, саяси күштердің тепе-теңдігі және т.с.с. мәселелерді қамтиды.

Маркстің екінші және үшінші қағидалары өзара келісілген және осы зерттеу мен саяси талдау үшін ең пайдалы. Осыдан ауқымды мақала нақты мысалдар мен әлем нарығындағы дамушы интеграция жөніндегі Маркстің ескертулерін қамту керектігі анық. Алайда жоғарыда келтірілген анықтамалар Маркстың талдауларын одан әрі зерттеу тәсілдерін көрсетуге жетерлік деп ойлаймын. ■

Хаттарды Боб Джессопқа <b.jessop@lancaster.ac.uk> жолдауға болады.

> Капиталист Landnahme

Заңға жаңа маркстік көзқарас

Гульермо Лейте Гонзалес, Рио-де-Жанейро мемлекеттік университеті (UERJ), Бразилия



Филиппиндік суретші Бой Домингестің ерекше өнер туындысы (20 x 30 көлемдегі иллюстрациялық тақтадағы акварель, 2011) «Жасыл шырмауық», Арнайы шығарылым JPS 39 (2), 2012 жыл, сәуір Джеймс Фэрхед, Мелисса Лич және Ян Скуэнс редакциясымен.

> Марксизм және заң

Маркстік заң ұғымы туралы біліміміз негізінен Евгений Б. Пашуканистің заң формасын сынауға негізделген. Сынның басты идеясы – капиталистік қоғамда байлық құндылыққа ие бола отырып, нақты жұмыс күші тауар айырбасы арқылы жүзеге асатындығы туралы Маркс тұжырымдамасы. Бұл тауар иелері әрқайсысының автономды және тең еркін мойындауды білдіреді. Мұндай құқық тек заң формасында ғана болады. Өз кезегінде заң формасы теңсіздіктің ұдайы өндірісін жасыра отырып, нақты еңбектің әртүрлі формалары арасында абстрактілі теңдікті қалыптастырады.

Заң формасын дәстүрлі сынау заң құрылымын тек ақша капиталға айналып, артық құндылықтар шығарылған кезде басталады. Бұл үстемдіктің тікелей өндіруші еңбегін иеленетін және эквиваленттер арасындағы айырбас теңсіздікті ұдайы өндіретін абстрактілі үстемдік формасына ауысуын түсіндіреді. Бірақ капитализм осы циклмен ғана шектеле ме?

> Қорлану және Landnahme

Капиталды сақтап қалу үшін капитал әрдайым құнды болуы керек, яғни артық еңбек пен капиталды шығаруға жұмсалған күштен де көп еңбек талап етіледі. Өлшеуге келмейтін осы процесс құндылықтарды қалыптастыруды іске асыру үшін мүмкін болатын әлеуметтік жағдайлармен айналысуы қажет. Осылайша, кіріске нұқсан келтіретін артық мөлшерлеме бар. Осы сатыда қосымша құн (қайта) құндылыққа айналу кезеңіне жол ашуы үшін басқа әлеуметтік кеңістіктерді жаулап алуы керек. Динамика эквиваленттер

айырбасы қағидасына сәйкес келмейді, керісінше (ре) валоризация қысымына сәйкес ұқсас кеңістіктерді жаулап алу мүмкіндігіне ие болады. Бұл – қарапайым қорланудың нұсқасы.

Маркс жұмысында, қарапайым қорлану – капиталистік өндіріс әдісінің бастауы. Дәл осы процесс өндірушіні өндіріс құралдарынан алыстатып, әлеуметтік топтарды мәжбүрлі экспроприациялауға және дене еңбегін еркін сата алатын адамдардың пайда болуына алып келеді. Роза Люксембургтың пікіріне сәйкес қарастырылып отырған мәселе – капитализмнің өзіндік даму факторы: қосымша құнның шектеулі бөлігі өндіріс орнында иелікке өтсе, жүйе оны толыққанды жүзеге асыру үшін әрдайым капиталистік емес аутсайдерге бағытталуы тиіс. Процесте зорлық-зомбылықтың орын алуы айқын. Дэвид Харви меншіктен айырылу арқылы жинақталу есебінен артық қорлану мен капиталдың қақтығысын талдайды. Осы тұжырымдамаға сүйене отырып, Клаус Дорр Landnahme теоремасын ұсынды: капиталистік экспансия – сырттай тауарға айнала алмағанды тауарға үнемі және мәжбүрлі айналдыру.

Landnahme кезеңінде заң Пашуканис сипаттағаннан өзгеше сипатқа ие болады. Люксембург пайымдауынша, эквиваленттермен айырбаста «бейбітшілік, меншік және теңдік – формалар, ережелер», яғни «басқа біреудің мүлкін иелену меншік құқығына айналады; қанауды тауарға; сондай-ақ, таптық үстемдікті теңдікке айырбастайды». Ал, капиталистік емес кеңістіктерде экспроприациялау баламасы, Люксембург пікірінше, «отаршылдық саясат, халықаралық несие жүйесі, жеке меншік мүддесі саясаты және соғыс қағидалары. Мұнда зорлық-зомбылық, алаяқтық, қанау және тонау орын алады». Қысқаша айтқанда, заң

занды бекітілген зорлық-зомбылық пен теңсіздіктің айқын көрінісіне айналады.

Осылайша, Landnahme мемлекет арқылы қалыптасып, қолданыстағы меншік қатынастарды күштеп өзгертуге түрткі болды. Бұл үлгі – ұжымдық және ортақ мүліктік қатынастарды жеке меншік қатынастарымен алмастыруға бағытталған құқықтық реформалардың нәтижесі. Сондай-ақ, Landnahme кеңістікті қайта құрылымдауды білдіреді: жергілікті тұрғындар шеттетіледі, олар ортақ немесе қоғамдық кеңістіктерінен ығыстырылғаннан кейін, «еркін» жалдамалы жұмысшыға айналады және өндірістік тізбектегі жаңа рөлі тұрғысынан қарастырылады. Осылайша, қоғамдық және ортақ кеңістікті экспроприациялау құралдарынан басқа, заң экспроприацияның өзін қадағалауды жеңілдетеді.

> Landnahme және заң

Landnahme әлеуметтік-құқықтық ұдайы өндірісі үш кезеңде жүзеге асырылады:

1) Занды басқа

Занды басқа – капиталистік емес аутсайдердің дискурстық сипаттамасын Басқаның девианттылығы және толымсыздығы деп ұсынатын символдық процесс. Негізгі құрал – адам құқықтары.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей сипаты адамзат табиғатына тән құндылықтардың болуын, кез келген адамдарға тең қарау керектігін және адамзат құндылықтарын құқықтық қорғау жалпыға бірдей екендігін білдіреді. Осылайша, егер адамзаттың адамгершілігі жан дүниесінде болатындығы дұрыс болса, бірақ олардың әрекеттері контингент бола отырып, адам құқықтарына қарсы болса, онда девианттылықпен күресу – адам құқықтарының парызы. Бұл – әлеуметтік тәжірибені бағалау үшін пайдаланылатын әділдік критерийін бекітудің алғышарты.

Жаһандық капитализмде бұл дискурс кеңістіктік иерархияны қалыптастырады: бір жағынан заманауи рационализация көрініс табатын өркениетті кеңістіктер; екінші жағынан, әділетсіздік дорбалары мен иррационалдық нормалар. Бірақ, айырмашылықтар – шын мәнінде, қоғамда орын алған үстемдік қатынастарының көрінісі. Әділеттілік критерийі – жеке мүдделерін мәжбүрлі таңатын билеуші таптың дүниетанымын әмбебаптау. Демек, гуманистік дискурс сыртқы араласу мен отарлаудың қозғаушы күшіне айналады.

2) Жекешелендірудің құқықтық құралдары

Сыртқы сипаты Басқа деп сипатталған сәттен бастап коммодификация пайда болуы ықтимал. Процестің алға жылжуы үшін заң қоғамдық, ұжымдық немесе ортақ мүлікті жеке субъектілерге беруді қамтамасыз ететін

құралдарды жетілдіреді. Құралдар реттеудің төмендеуіне, жекешелендіруге және әлемдік нарықта осы саланың ашық болуына ықпал етеді. Олар әртүрлі институттық құрылымдардан көрінеді: активтерді, қоғамдық компаниялар немесе салаларды сату; мемлекет пен жеке меншік серіктестігі; мүлікті немесе мемлекеттік қызметті ұйымдастыруды жеке компанияларға тапсыру және т.б. Барлық құрылымдар заңсыз ұрлау сипатына ие болып, қызмет атқарады, яғни мемлекет коммуналдық қызметті қолдауды негіздейді және адамдарды өз жерлерінен ығыстырып, құндылықтарды құру үшін аумақты қайта құрылымдайды.

3) Қылмыстық заңды қолдану

Маркс «қантөгістік заңнаманы» талдай отырып, шаруалардың өз жерлерінен экспроприациялаумен қатар қылмыстық заңның қолданылуын да зерделеді. Шаруалар өз жерлерінен қудаланып, капиталистерге дене еңбегін еркін сата алу құқығына ие болғанда да индустриялық экономикаға толығымен кірікпеген еді. Басқа шындықта әлеуметтенген шаруалар еңбек пен өмір салтының жаңа үлгілеріне сай келмеді. Олар жаңа жағдай тәртібіне қаңғыбастыққа қарсы репрессиялық заңнама арқылы бейімделулеріне мәжбүрлі болды.

Қылмыстық құқықтың функциялық заңдылығы Landnahme процесінде қайталанатын. Заңды әдістер, әдетте, кеңістікті жекешелендіруді жеңілдету, әлеуметтік топтар мен жергілікті халықтың ұжымдық және қауымдық сипатын бұзу – дене еңбегін сатудан босату үшін қолданылады. Олар «еркін» болғанда қылмыстық құқық жұмыс күшін тәртіпке келтіру мақсатында пайдаланылады. Талқыланып отырған мәнінде бұл – тұрақты емес және икемді еңбек қатынастарын тәртіпке келтіру. Тәртіпке келтіру кедейлікті криминалдау әдістері арқылы жүзеге асады: адамдарды жалдамалы еңбектің сенімсіз жүйесіне кірігуге мәжбүр етеді.

> Қорытынды

Капитализмнің әлеуметтік-құқықтық ұдайы өндірісінде екі мәселе бар. Эквиваленттер айналымындағы заңды айырбас тауар фетишизмімен байланысты абстрактілі теңдік пен еркіндік формасында іске асады. Капитализмнің экспансиялық кезеңінде жоғарыда келтірілген үш сатымен сипаттауға болатын заңды зорлық-зомбылықтың айқын болмысынан көрінеді. Эквивалент айналымындағы айырбаста артық қорлану тенденциясы байқалып, невралгиялық шырқау шегіне жетеді де әлі де сыртқы тұрпаты Басқа деп сипатталатындарды жаңадан экспроприациялауды талап етеді. Осылайша, капитализмнің әлеуметтік-құқықтық ұдайы өндірісі фетишистік құқықтық формасы мен айқын заңды зорлық-зомбылық арасындағы үздіксіз ауысу арқылы жүзеге асады. ■

Хаттарды Гильермо Лейте Гонзалеске <guilherme.leite@uerj.br> жолдауға болады.

> Маркс және Үндістандағы Әлеуметтану

Сатиш Дешпанде, Дели Университеті, Үндістан

Жиырмасыншы ғасырдың орта кезінен бастап ағылшын-америкалық Батыста саяси марксизмге қарағанда академиялық марксизм көбірек орын алды. Әлемнің көптеген елдерінде (тек Шығыс Еуропа немесе бұрынғы Кеңес Үкіметінде емес) марксизм академиялық тұжырымға қарағанда саяси идеология ретінде әлдеқайда маңызды болды. Міне, сол себепті Батыстан тыс орналасқан елдер туралы жазғанда, «Маркс және әлеуметтану» туралы пікірталастар кең әлеуметтік контекстке енуі керек.

Үндістанның Коммунистік партиясы 1920-1925 жылдар аралығында құрылған, Үндістанның Ұлттық Конгресінің 360-шы жеңісіне қарсы 30-дан төмен орын алғанымен, 1952, 1957 және 1962 жылдары өткізілген алғашқы үш ұлттық сайлауда екінші орын алды. Дегенмен, 1957 жылы Кераланың оңтүстік штаты (қазіргі тұрғындар саны 33 миллион адам) әлемдегі тұңғыш демократиялық жолмен сайланған коммунистік үкімет қалыптастыруда ҰКП пайда болды. ҰКП-Марксист немесе ҰКМ (1964 жылы бөлінгеннен кейін қайта құрылған) Батыс Бенгалияның шығысында (91 миллион адам) 34 жыл бойы (1977 жылдан 2011 жылға дейін) қайта сайланды. Бірақ коммунизмнің сайлау маңызы төмендеп, бүгінгі күні оның негізгі ықпалы Үндістан мемлекеті мен Орталық Үндістанның орманды аймақтарындағы тайпалық халықтар арасында негізделген Маоистік топтардың коалициясы, негізінен Чхаттисгарх штатында (26 миллион халқы) жалғасып жатқан қарулы қақтығыс салдарынан сезіледі. Неғұрлым шектеулі ықпал ету көзі - маркстік партияларға немесе қозғалыстарға адалдық танытқан студенттік ұйымдар арқылы жүзеге асады.

Марксизм Үндістан академиясында да маңызды болған, бірақ әлеуметтанудан гөрі оның ықпалы

тарихта, экономикада және саяси ғылымдарда көбірек. Әлеуметтануда үш ғалым үлкен ықпалын тигізді; бәрі Үнді Әлеуметтанулық Қоғамының президенттері (немесе оның көшбасшылары) болған.

Олардың ең алғашқысы 1922 жылдан 1954 жылға дейін Лакхнау университетінің экономика және әлеуметтану факультетінде дәріс алған беделді интеллектуал Дуржати Прасад Мукерджи (1894-1961) болды. Мукерджи негізінен Маркстіл әдіске қызығушылық білдірді, оның Үнді тарихындағы кітабының атауы: Әдісті қолданып зерттеу (1945). Марксизмге және оның доктринаға тән үрдістеріне байланысты, ол өзін Үнділік контекст ерекшелігін қарастыруға кедергі болғандықтан, өзін Маркстіл емес, «Марксолог» деп атады.

Акшай Раманлал Десай (1915-1994) – Үндістанда маркстіл әлеуметтануды дамыту үшін көп күш салған ғалым. Ол ұлтшылдық, маркстіл, ақырында троцкийшіл саяси ұйымның ұйымдастыру комитетінің жұмысынан кейін (онда ол өмір бойы мүшелігін сақтап қалды) академиялық жолға кеш түсті. 1948 жылы Бомбей университетіне ұсынылған әлеуметтануық докторлық диссертациясы 1948 жылы Үнді ұлтшылдығының әлеуметтік бейнесі атауымен жарияланған және бүгінгі күні классикалық еңбек, он екі рет қайта басылып, алты рет өңделді, үнді тіліндегі біраз аудармалар шығарылды. Кітап «экономикалық түсініктемелердің материалистік концепциясын» ұлтшылдықтың пайда болуына ықпал ететін әлеуметтік-мәдени және саяси өзгерістердің негізі - экономиканың өзгеруіне, колониализмге қатысты қолданады. Десайдың пікірінше, ҰКП мен ҰКМ-ді үнді қоғамы әлі де «жартылай феодалдық» болғанын мәлімдегенде, капитализмнің дамуы отаршылдық кезеңде басталған болатын. Ұлтшылдықтан бөлек, ол Үндістандағы

“Әлемнің басым бөлігінде марксизм академиялық көзқарастан гөрі, саяси идеология ретінде анағұрлым маңыздырақ”

шаруа және аграрлық күрес туралы кітаптарды, сондай-ақ адам құқықтары мен олардың бұзылуын талқылайды. Десай 1951 жылы Бомбейдегі әлеуметтану кафедрасына қабылданып және оны 1969 жылы басқарды. Оның Үндістандағы маркстіл әлеуметтануды дамытуға қосқан үлесі – оның ізбасарлары мен басқа да ғалымдардың осы бағытты насихаттауға бағытталуында.

Даттатрея Нараян Дханагаре (1936-2017) Сассекс Университетінде Британдық маркстіл әлеуметтанушы Том Ботомордың жетекшілігімен оқыды және мансабының көп бөлігін Үндістанның Пайн университетінде сабақ берумен өткізді. Дхангаренің ең танымал жұмыстары қоғамдық қозғалыстарға арналған, атап айтқанда, «Үндістанның шаруа қозғалысы» (1983) және «Популизм және билік» (2015). Еңбектері мен түлектерінің арқасында Дханагаре үнді әлеуметтануында таптық талдаудың ілгерілеуіне үлкен үлес қосты.

Маркстіл перспективалар тарихта (олар басым болған жерде) және экономикада (олар елеулі азшылық болғанда) аса танымал болды. Бұл пәндердегі маркстіл ой-өрістің халықаралық танымал үлгілерін «өндіріс пікірталастарының үлгілері» мен Постколониялық Зерттеу мектебінің жұмысынан табуға болады.

1960-шы жылдардың аяғынан бастап 1980-ші жылдардың басына дейін ғалымдардың (негізінен экономистердің) бүкіл буыны колониялық кезеңнен аграрлық Үндістанды сипаттау үшін үлкен күш жұмсады. Морис Доб-Пол Сюзидің Еуропада феодализмнен капитализмге өтуі туралы талқылауын ескере отырып, феодалдық-колониялық аграрлық жүйеге көшу

ерекшелігіне бағытталған үлгілер туралы үнділік пікірталас өткізілді. Ол эмпириялық деректер көмегімен капитализмді анықтау мәселесін көтерді, мысалы: отбасылық еңбек пен тұрақты ақы төленетін жұмыс; артық нәрселерді өнімді және өнімді емес пайдалану; капитал мен еңбек арасындағы қарым-қатынаста экстра-экономикалық мәжбүрлеудің рөлі; «өндірістің отарлық режимінің» практикалық мүмкіндіктері; және Маркстің ресми және нақты еңбек бағыныштылығына капиталдың арасындағы айырмашылықтың салдары.

1980-шы жылдардың басынан бастап 2000-шы жылдарға дейін постколониялық зерттеу бағытында жұмыс істейтін ғалымдар тобы маркстіл тарихнама қолданысындағы нұсқаларын сынап, әсіресе үнді ұлтшылығын түсіндіруде бірікті. Бұл пікірталас элиталарға бағытталғандықтан және субальтернатива таптарын елемегендіктен ұжым элиталық ұлтшылдықтың Грамши ұсынған интерпретациясын «Үнді буржуазиясының ұлт үшін сөйлеуге қабілетсіздігі», сондай-ақ субальтернативтарды жұмылдырудың әлсіздігі деп белгілеген «гегемониясыз үстемдік» режимі ретінде жасады. Содан бері ұжым таралды, алайда оның мүшелері белсенді ғалым және зиялы болып қалады.

Қорытындылай келе, марксизм – Үндістанның жоғары оқу орындарында әлеуметтік зерттеулерге арналған оқу жоспарының міндетті бөлігі (соңғы кездері экономиканы қоспағанда). Бүгінгі күні Үндістанда маркстіл көзқарастар маңызды, бірақ бұл үрдістер жаһандық тенденцияларды бейнелейтін, бұлыңғыр және гибриді болуы мүмкін. ■

Хаттарды Сатиш Дешпандеге <sdeshpande7@gmail.com> жолдауға болады.

> Жиырма бірінші ғасырдағы Маркс

Мишель Уильямс¹, Витватерсранд Университеті, Оңтүстік Африка, ХӘҚ Экономика және қоғам (ЗК02) және Еңбек қозғалысы (ЗК44) зерттеу комитеттерінің мүшесі

Маркс ілімі аясында нәсіл мен тап арасындағы айырманы қайта пайымдау?



Маркстің капитализмнің эмансипациялық және ауыр аспектілері туралы идеялары 150 жылдан астам уақыт бойы ғалымдарға, саясаткерлерге және бүкіл әлемнің белсенділеріне шабыт берді және марксизм деп аталатын интеллектуалды дәстүрге толығымен ықпал етті. Адам Смит, Чарльз Дарвин, Махатма Ганди, Иса Пайғамбар, Мұхаммед пайғамбар мен Будданы қоспағанда, зиялы адамдар мен радикалды акторлардың аз бөлігі әлемге өзгертті.

Марксизм бір мезгілде капитализмді түсінуге және түсіндіруге, сондай-ақ оған қарсы тұруға және әлемді өзгертуге тырысты. Басқаша айтқанда, марксизмнің үлесі екі түрлі: (1) капитализм динамикасы туралы аналитикалық идеялардың жиынтығы; (2) идеология және саяси қозғалыстарды басқару. Жиырмамыншы ғасыр әлемнің кең аумақтарын камтитын маркстік қозғалыстарға, топтарға және мемлекеттерге толы болды.

> Маркс идеяларының әсері

Маркс идеяларының әсерінен бастайын. Оның идеялары капиталистік қазіргі заманның табиғатынан алғашқы әлеуметтік зерттеу болды және қазіргі заманғы әлеуметтік

теорияға ықпал етті. Оның ықпалы әлеуметтік ғылымдарда соның ішінде әлеуметтану, саясат, экономика, медицина, философия, антропология және халықаралық қатынастар, сондай-ақ жаратылыстану ғылымдарында (география және ақпараттық технологиялар) және гуманитарлық ғылымдарда (өнер, риторика әдебиеттану және білім беру) байқалады. 2008 жылғы экономикалық дағдарыстан кейін, тіпті әйгілі экономистер Маркстің капитализмге жасаған талдауы бізге бірнәрсе үйрете алатынын ашық мойындады. Маркс капитализмнің ең күрделі талдауларының бірін ұсынады, бірақ капитализмнің талдауы сол қиялды ғана камтып қоймайды. Маркстің болашақ пост-капиталистік тәртіптер туралы тұжырымдамалары мен ұсыныстары жиырмамыншы ғасырда социализмге қатысты ең өнімді және теориялық күрделі ойларға шабыт берді және ХХІ ғасырдың социализмі туралы, мысалы, Латын Америкасындағы ойларды шабыттандырды.

Маркс ықпалының екінші жағы – саяси қозғалыстарға әсері. Жиырмамыншы ғасырдағы капитализмнің балама нұсқалары Маркстің болашақ пост-капиталистік тәртіп туралы ойларында көрініс тапты. Тарих маркстілдер қозғалыстарының мысалдарына толы, бірақ, өкінішке орай, көп эксперименттер авторитаризм, зұлымдық, қанау және тіпті геноцид туралы керемет тарихқа ие. Марксизм

тәжірибесінде сексизм, нәсілшілдік және колониялық қатынастарға қолдау көрсету тарихы бар. Бүгін біз сондай-ақ, Қытай мен Вьетнамның «мемлекет социализмі» деген нарықтық капитализмге ауысқанын көреміз. Біз осы тарихтан бас тарта алмаймыз.

Дегенмен, Маркс және марксизм де ерекше қозғалыстарға қолдау көрсетіп, бүкіл әлемнің адамдарын біріктірді. Мұндай мысалдар – Орыс революциясындағы Кеңес, Оңтүстік Африканы азат ету қозғалысы, Анголадағы апартеид режимімен болған қанды шайқас және Кубадағы отаршылдықтың қозғалысы мен ынтымақтастығы. Маркс мұрасы оның идеяларындағы адамдарды посткапиталистік әлем үшін – теңестірілген, әділ, бейбіт және қысымның барлық түрлерінен еркін ойлауға рухтандыра отырып, қанаумен күресуге талпындырды.

Бүгінгі күні постмодернизмді анти-маркстік билік, әлеуметтік оқшаулану, тұрақсыздық, теңсіздік және маргинализация тұжырымдамаларымен зерделеу маркстік талдаудың маңыздылығын тағы бір рет көрсетті. Марксизмнің жақын арадағы жандануы – он тоғызыншы және жиырмамыншы ғасырлардағы марксизмді түсіну ғана емес. Марксизмге төтеп беру үшін мәтіндерді догмалық және пуристік жолдармен оқуға болмайды, ал саяси тәжірибелер авангардизмнен тыс қары болуы керек. Маркс мұрасы үнемі жаңарып, теорияны қайта жаңғырту арқылы біз өмір сүріп жатқан әлемді жарыққа шығаруға мүмкіндік береді. Феминизм 1970-жылдарда марксизмді қабылдап, әлеуметтік ұдайы өндіріс, қиылысу және қанаудың көптеген нысандары сияқты идеяларды теорияландырды, Маркс пен маркстіктердің идеялары нәсілдік, жыныстық, эмансипациялық жобасына демократияның маңыздылығы, қоршаған ортадағы шектеулер және капитализмнің жаһандық дағдарысы сияқты қазіргі заманғы мәселелермен айналысуы керек.

> Оңтүстік Африкадағы жағдай

Оңтүстік Африкадағы біздің басты мәселелеріміздің бірі – марксизмді апартеидтен кейінгі нәсіл және нәсілшілдікке қатысты әрекеттерді өнімді қарым-қатынастарға айналдыру. Марксизмнің нәсілшілдік мәселелерді шешуге қабілетсіздігі осыған дейінгі маркстіктердің нәсілге әлеуметтік құрылым және жалған сана көрінісі ретінде қарайтындығына байланысты болды.

XX ғасырда Британ империясының жойылуы, Орыс революциясы, деколонизация және апартеидпен күрес сияқты тақырыптар бойынша ұлттық талқылаулардың шеңберінде нәсіл мәселесі бірнеше рет көтерілді. Маркстіктер нәсілшілдік мәселесін қарастыра бастағанда, әдетте нәсіл мен тап арасындағы қарым-қатынасқа бағытталады, негізінен тапты және нәсілшілдікке бәсекелестікті капиталистік жинақтағы функциялығымен байланыстырады. Маркстіктер нәсілшілдік жұмысшы табын бөлшектейтінін және жұмысшы тап арасындағы ынтымақтастық көмегімен саясатты шеттету қажет екенін айтады. Марксизм нәсілшілдік сипаттамасынан асып түсетін жұмыс табындағы сәйкестендірудің әмбебаптылығын қарастырады.

Неғұрлым күрделі теориялық талдаулар нәсіл мен таптың қиылысуы, тарихи болжаусыздықты айқындап, сондай-ақ капиталистікке дейінгі және капиталистік өндіріс режимдері арасындағы артикуляцияны қарастырды. Оңтүстік Африкада нәсіл мен тап арасындағы артикуляция капиталистік эксплуатацияға жақындаған мемлекеттік апартеидтің саяси қысымына байланысты өзектілігі артты. Дегенмен, апартеидтің аяқталуына қарамастан, нәсілдік қысымның моделі қазіргі Оңтүстік Африкада нәсілдік қысымның түрлерін жоятын және қайта тудыратын капитализм арқылы жалғасты. Жаһандық капитализмде, Оңтүстік Африкада және әлемнің көптеген жерлерінде нәсілдік қысымның жалғасуын түсіну үшін жаңа маркстік талдау қажет.

> Қорытынды

Маркс пен маркстіктердің идеялары жиырма бірінші ғасырда тек қана өзімізді қазіргі заманға сай қайта құруға және түзетуге жеткілікті батылдық танытсақ қана жаңғырады. Жаңа антикапиталистік қозғалыстар қазірдің өзінде пост-авангардтық марксизмді феминизм, экология, анархизм, нәсілшілдікке қарсы, демократиялық және байырғы дәстүрлер сияқты басқа антикапиталистік дәстүрлермен біріктіру арқылы жасайды. Бұл қозғалыстар оларды басқаруға бағытталған келісімді идеологиялық жоспарларды немесе авангард элитасын іздемейді, дұрысы қарапайым адамдар жасаған капитализмге демократиялық, эгалитарлық, экологиялық және жүйелік баламалар арқылы «басқа әлем мүмкін» деген сеніммен бөліседі. Бұл – Маркс зерттеулерінің рухы! ■

¹ Пікірлер мына екі мақалаға негізделген: Саттар, В. және Уильямс М. (2017). Кэтрин Корденде (марш.) «Марксизм және тап». Кембридж әлеуметтануының анықтамалығы. Кембридж: Кембридж университетінің баспасы; Уильямс, М. (2013) Мишель Уильямс пен Вишвас Сатардың (эд.) 21-ғасырдағы марксизм: дағдарыс, сын және күрес. Кіріспе. Йоханнесбург: уйтс университетінің баспасы.

Хаттарды Мишель Уильямсқа <michelle.williams@wits.ac.za> жолдауға болады.

> Маркс және Жаһандық Оңтүстік

Раджу Дас, Йорк Университеті, Канада және **Дэвид Фазенфест**, Уэйн мемлекеттік Университеті, АҚШ, ХЭҚ Экономика және қоғамды (ЗКО2) зерттеу комитетінің қазынашысы

Карл Маркс Еуропада 150 жыл бұрын өмір сүріп, саясатпен айналысып, Еуропа туралы жазған. Оның жазып қалдырған мыңдаған беттерінен ғалымдар 400-ге жуық парағы Британдық ішкі саясат тұрғысынан Еуропалық емес қоғамдар, негізінен Үндістан, Қытай және Осман Империясы туралы жазылған журналистік жазбалар екенін анықтады. Оның идеялары Еуропаға және өнеркәсіптік Солтүстікке қарағанда әлемдегі халықтың басым көпшілігі экономикалық тұрғыдан әлдеқайда дамыған елдерде өмір сүріп жатқан қазіргі заманғы Жаһандық Оңтүстікке (бұдан әрі – Оңтүстік) қатысты болып отыр?

Маркстің қалай жазғаны туралы немесе капиталистік дамудың географиялық фокусына қатысты сұрақтардан бөлек, Маркстің Оңтүстікке қатынасы туралы диалектикалық көзқарастары туралы пікірталасқа түсеміз. Алдымен, екі қауіп-қатерден аулақ болу керек: әлемдік аймақтық өзгешелік (Оңтүстік ерекшелігін абсолютталау) және Еуроцентристік әмбебаптығы (Оңтүстіктің өңірлері жылы Еуропаға немесе жай ғана «кеш қалған Еуропа» секілді өз идеяларын механикалық түрде қолдану). Біз Маркстің маңыздылығы оның уақыт және кеңістікпен шектелетінін және сол себепті Оңтүстікте маңызды еместігін және постколониалдық пен постмодернистік теориялар бойынша, Оңтүстік өңірлердің Еуропадан қатты ерекшеленетінін дәлелдейтін тұжырымдамадан бас тартамыз. Әрине, Маркстегі барлық нәрсе Оңтүстікке қатысты деп те айта алмаймыз.

Маркстің талдауы Еуропаға капитализмнің жүйе ретінде бекітілуіне әкеліп соқтыратын және Еуропаның тәжірибесі қандай да бір артықшылыққа ие немесе бірегей болып табылатындығын білдірмейді. Біз Маркс талдаулары мен жазбалары толығымен Азияда және бүкіл әлемде практикалық түрде дамып келе жатқанына сенімдіміз.

Маркстің идеяларын әлеуметтік қатынастар мен географияны негізге ала отырып жіктеуге болады.

Ең алдымен, оның абстрактілі идеялары тіпті ол капитализмнің дамыған нысандарында таптық қоғамның немесе қоғамның капиталистік формасы болсын, классикалық қоғамның барлық түрлеріне қатысты. Екіншіден, оның кейбіреулері де қазіргі капитализмге тән, капиталистік қатынастардың Оңтүстіктегі дамуын ескере отырып, Еуропадағы алдыңғы қатарлы капитализм идеялары маңызды болуы мүмкін.

Маркс идеясының жиынтығы интеллектуалдық еңбектің бөлігі ретінде қоғамның барлық түрлерінде түбегейлі демократиялық және антикапиталистік әлеуметтік өзгерісті, соның ішінде әйелдер мен нәсілдік азшылықтар сияқты қысымға ұшыраған топтардан қоғамның терең тамыры бар ескішілдігі мен материалдық практикасын өзгертуді көрсетуге тырысады. Марксизмнің капиталистік қоғамдағы саяси экономикасы экономика, мемлекет, мәдениет және экологиялық трансформацияны қарастырады және революциялық саяси тәжірибе туралы идеяларын қамтиды.

Маркстің өмір материалдылығына назар аударуы, адамдардың қажеттіліктерін толық қанағаттандырмайтын Жаһандық Оңтүстік үшін орынды. Оның диалектикалық материалистік көзқарасы Оңтүстікті қатал материалдық проблемалар (азық-түлік, баспана, киім және т.б.), оның түрлі қарама-қайшылықтары, империалистік жүйемен ішкі қатынастарын және т.б жағынан көруге мүмкіндік береді. Оңтүстікті зерделеу постколониализм/постмодернизм арқылы қалыптасады және бұл көзқарастар Маркске күмән келтіретіндіктен, Оңтүстікті қабылдау үшін Маркстің философиялық идеясына негізделуіміз керек. Маркс үшін табиғаттың бір бөлігі ретінде адамдар материалдық қажеттіліктерге, сондай-ақ мәдени қажеттіліктерге ие. Осы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін адамдар табиғатпен және бір-бірімен өзара әрекеттесуі қажет. Олар өз күшін еңбек өнімділігімен, сайып келгенде, әлеуметтік өндірістік қатынастарда табиғаттан таралатын өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін біріктіреді. Өндіруші күштер дамып келе жатқанда, қажеттілік пайда болады және сонымен қатар, таптық теңсіздіктің

“Маркстың маңызы өмір сүрген дәуірі және орнымен ғана шектеледі және Оңтүстік үшін мәні жоқ деген тұжырымды біз мойындамаймыз”

потенциалы және осы қажеттілік бойынша таптық күрес құрылады. Оңтүстік немесе Солтүстік қоғамда болсын, таптық қоғамда бос немесе бос емес қызметкерлердің көпшілігі артық жұмыс жасайды. Маркс өзінің «Капитал» еңбегінің I томында:

«Қоғамның бір бөлігі өндіріс қаражатының көмегімен монополияға ие болса, онда жұмысшы, бос немесе бос емес болсын, өзін қамтамасыз ету үшін қажетті жұмыс уақытын, өндіріс құралдарының меншік иесіне өмір сүру үшін қосымша жұмыс уақытын қосуы керек, бұл жағдайда жеке меншік иесі ...] құл иеленуші, [...] немесе заманауи жер иесі немесе капиталист бола ала ма», - дейді. (Маркс, Винтаж Пресс, 1977: 344)

Маркстің эмпириялық мысалдары Еуропадан келгенімен, капитализмге көзқарасы негізінен жаһандық немесе интернационалистік болды. Дүниежүзілік сауда капитализмнің алғышарты. Маркс тауар өндірісі мен айналымы – ең алдымен халықаралық сауда мен сауда үшін негіз болып табылатынын көрсетті. Қазіргі заманғы капитал тарихы әлемдік сауда мен әлемдік нарықтың қалыптасуынан туындайды. Шын мәнінде, әлемдік сауда географиясы капитализмнің алғышарты болып табылады, ол өз кезегінде капитализмді жаһандық құбылысқа айналдырады.

Оңтүстіктегі елдер негізінен маркстік мағынада таптық тұрғыдан қарастырылуы керек, өйткені демократиялық

революциядан немесе феодалдық қатынастарға қарсы аграрлық революциялардан зардап шеккен елдер ұлттық (немесе антиимпериалистік) революцияларды, антикапиталистік революцияларды тоқтатты немесе сәтсіз аяқтады. Оңтүстіктің капитализмі империализмге терең әсер етіп, феодализмнің және тауар өндірісінің қалдықтарын, жалдамалы жұмыс күшінен басқа қарым-қатынастарға негізделген, байырғы халықтардың дәстүрлерін біріктіруге болатын әлеуметтік құрылыммен біріктіреді.

Қорытындылай келе, Маркстің идеялары Жаһандық Оңтүстіктегі, посткеңестік кеңістіктегі және дамушы елдердің басқа елдеріндегі әртүрлі көзқарастардан бастап, әлеуметтік өзгерістер мен капитализмге қарсы тұрудың еуроцентристік түсінігінен айырмашылығы болды. Аймақтық марксизмнің әртүрлілігінде – Африкалық марксизм, Азиялық марксизм, Латын Америкасындағы марксизм, Үнді марксизмі және Қытай марксизмі (қазіргі уақытта Қытайдағы ең ірі университеттеріндегі Марксизм мектептерінде көп дәріптеледі) және марксизмде халықаралық даму, империализм, аграрлық өзгерістер зерттеулерінің дамуы Оңтүстіктегі мәселелерге қатысты Маркстің қаншалықты релевантты екенін көрсетеді. Маркстік идеяларды Оңтүстікте немесе жалпы алғанда Оңтүстікке қатысты Маркстік журналдардың жариялануының институттануы куәландырады. ■

Хаттарды Дэвид Фазенфестке <david.fasenfest@wayne.edu> және Раджу Дасқа <rajudas@yorku.ca> жолдауға болады.

> Қытайдағы таптық

теңсіздік және әлеуметтік қақтығыс

Дженни Чан, Гонконг Политехникалық Университеті, ХӘҚ Еңбек Қозғалысын(ЗК44) зерттеу комитетінің мүшесі



Қытайдағы сәлемдемелерді жеткізу қызметіндегі жұмыс. Суретті түсірген Дженни Чан.

2 017 жылдың 18-ші қарашасына қараған түні Пекиннің оңтүстік шетінде орын алған өрт он тоғыз адамды, соның ішінде сегіз баланың өмірін алды. Екі қабатты жертөлелері бар ғимарат шағын бөлмелерге бөлініп, жалдаушыларға арзанға жалға берілді. Жәбірленушілер мен зардап шеккендерге шұғыл көмек көрсетудің орнына, үкімет Қытайдың астанасынан ресми терминологияда сипатталғандай, он мыңдаған «төмен таптағы» адамдарды қудалауға кірісті. Өрт салдарынан қаланың бүкіл аумағында қауіпсіздікті қамтамасыз ету қолға алынып, жалдамалы пәтерлер, зауыттар, қоймалар, көтерме базарлар, мектептер, мейрамханалар және маргиналды тұлғалар мен отбасылар өмір сүретін заңсыз құрылыстар қиратылды. Бірінші және соңғы емес жаппай қуғын-сүргін, азаматтық қоғам тарапынан наразылық тудырды, бірақ наразылық білдірушілердің дауысы негізгі ұлттық БАҚ тарапынан тез арада басылып отыр. Жаһандық Қытайдың өсуімен, табысы төмен азаматтар «жоғары таптың» алаңында

жұмыс және тұрмыстық жағдайларды жақсарту үшін күресті жалғастыруда. Ал Қытай мемлекеті өз риторикасы және өз халқына жасап жатқан ауыртпалықтың салдарынан «Қытай арманы» туралы ұдайы талпынысы үшін мұқият зерттелетін болады.

> Қытайлық ауылдық мигранттардың өндірісі және әлеуметтік ұдайы өндірісі

Қытайдағы капиталдың тез қорлануы, соңғы төрт онжылдықта ауылдық жерлерде көші-қонның еңбекке деген тәуелділігімен байланысты. Ресми ақпарат бойынша, 282 миллион ауылдық мигранттар 2009 жылдан бастап экономиканы қалпына келтіргеннен кейін 50 миллионға артып және бүкіл Қытай халқының бестен бір бөлігін құрағаннан кейін ел бойынша қалалар мен қалалардағы өндіріс, жөндеу және құрылыс секторына тартылған. Қалалық билік «ауылдық мигранттарға, әсіресе ірі кәсіпкерлерге, үй шаруашылығын



Қытайдағы жергілікті логистика.
Суретті түсірген Джени Чан.

сатып алу қабілеті, мамандандырылған жұмыс дағдылары және оқу жетістіктері сияқты критерийлер негізінде қалалық үй шаруашылығын тіркеу арқылы «балл жүйесін» қабылдады. Алайда, қалада ұзақ жылдар жұмыс істегеннен соң да, орташа білімді мигранттар мен балаларының басым көпшілігі ауыл тұрғындарының және білім алуға қол жеткізе алмайтын екінші сортты азаматтар мәртебесін сақтады, яғни, денсаулық сақтау және зейнетақы төлемдерін субсидиялап, еңбек шығындарын тоқтатуға мүмкіндік береді.

Төмен жалдамалы еңбек мигранттары негізінен жұмыс берушілер үшін экономикалық жағынан тиімді жатақханаларда тұрады және жұмысшылардың жұмыс уақытының көп бөлігін келесі ауысымға дайындалуға жұмсауын қамтамасыз етеді. Еңбек пен өмір арасындағы әлеуметтік-кеңістік шекарасы бұлыңғыр, бұл үстеме жұмысты жеңілдету арқылы өндіріс мерзімін сақтауға көмектеседі. Өндірістік цехтардың, қоймалар мен тұрғын үй жайлардың көпфункционалдық сәулеті ерте өндіріс орындарына тән және мигранттар шоғырланған қазіргі заманғы қалаларында кең таралған.

Жеке өмірінде шектеулі жеке бас бостандығын іздеу барысында жұмысшылар әкімшілік басқаратын жатақханадан жеке пәтерлерді жалға алу мүмкіндігіне ие болғанша шығып кетті. Бұл, әлбетте, сыртқы әлеммен байланыстыратын кішкентай терезелері бар немесе тіпті терезелерсіз қымбат емес тұрғын-үйлер. Кейбір кешендерде москит, егеуқұйрық пен таракандар кездеседі. Коммуналдық қызметтер мен мүлкті басқару бойынша төлемдер әртүрлі. Мегаполистердің тұрғын үй құны жоғары болғандықтан, жұмысшылардың жалақысы үй иелерімен ұсталып отыр.

Көк жағалы мигранттар өз еңбегін өнімді, сәлемдемені тапсырыспен алдыруға, автокөлікті жалға алуға және үйді тазалауға жұмсайды және Қытайдың ЖІӨ-нің өсуіне және өндірістен қызмет көрсету саласына ауысуға мүмкіндік беретін бірнеше мысалды атайды. Цифрлық экономиканы үнемі дамыта отырып, платформалар мен қолданбалы бағдарламалар арқылы ондаған миллион жаңа «икемді» жұмыс орындары құрылады. Дегенмен, тәуелсіз мердігерлер ретінде олар ұлттық еңбек заңнамасымен тиісті түрде қорғалмайды; олардың еңбек қауіпсіздігі мен табыс тұрақтылығы әлсіз.

Тіркелмеген жатақханаларды өрт салдарынан жапқаннан кейін, бейресми қызметкерлер мен балаларының осалдығы, сондай-ақ басқа секторларда жұмыс жасайтын қызметкерлер лицензияланбаған жұмыс орындарына баруға мәжбүр. Олардың кейбіреулері уақытша аязға қарсы тұру үшін тұрғын-үйге жоғары ақы төлеуге мәжбүр болса, ал қалғандарына кетіп қалудан басқа амал қалмады.

Қытайдың ішкі мигранттары қалалық биліктің «тазарту» талпынысының негізгі нысанына айналды. Қаладан ауылға дейін «дамудың» жедел қарқыны мен экономикалық өзгерістердің қалалар тарапынан ауылдық жерлер мен ауылшаруашылық алқаптарға қол сұғушылығы күшейе түсті. Көптеген ауыл тұрғындары үйлеріне қайтарылмай, көшірілді. Ауылда үй шаруашылығына қолы жетпейтін жерсіз жұмысшылар қосымша қиындыққа жолықты: жұмыс берушілер олардан жалақыны көтеруді талап ететін келісімшарттарға қол қойылған жерді жоғалтқан ауыл тұрғындарын амалсыздан жалдап отыр. Әсіресе құрылыс индустриясында жергілікті желілер арқылы ұйымдастырылған ауылдық жоба бойынша мердігерлер, шаруа қожалықтарын жалдаудан бас тартады, себебі олар жұмысқа ақы төленбей тұрып, осы жұмысшылардың өмір сүруіне қажетті құралдарын алуы үшін алдын-ала ақы төлеуі тиіс. Жұмыссыздар арасында жерсіз мигранттар ең төменгі тапта орналасқан.

> Жүйені өзгерту үшін кросс-таптағы альянстарға бағытталу керек пе?

Табиғат пен еңбек капиталы қорлануы негізінде: капиталдың қорлану жылдамдығы, табиғатты экспроприациялау ауқымы мен еңбек бағыныштылығы жатыр. Жерден және пролетариатталудан айыру Пекинде және одан тыс жерлерде капиталдың келуімен байланысты. Провинциялық және бағыныстағы мемлекеттердің қамқорлығымен қуатты трансұлттық корпорациялар пайда табу мақсатымен ауыл шаруашылық жерлері мен ауылдық жерлерді, сондай-ақ қалалық жұмыс күшін пайдаланды. Жергілікті ландшафттарда тамырын жайған жаппай еңбек қақтығыстары бір мезгілде әлемдік деңгейдегі капиталдың және барлық деңгейдегі Қытай мемлекетінің күштеріне тойтарыс беруі керек.

Жағалауда және ішкі Қытайда жергілікті және шашыраңқы орналасқан қақтығыс ошақтары, қысқа мерзімді наразылықтардың ағымдағы кезеңі ішкі және қалааралық деңгейлерде және қала мен ауыл арасында ары қарай дамып келе жатқан кең қоғамдық қозғалысты қалыптастыруы қажет. Ғалымдар мен белсенділер ретінде, еңбек құқықтары және әлеуметтік әділеттілік үшін біз жұмыссыз тап пен басқа да әлеуметтік таптармен бірлікті нығайтуымыз қажет. Қауіпсіз жұмыс орны және лайықты үй берілмейді және күресу өте қиын болады. ■

Хаттарды Джени Чанға <jenny.wl.chan@polyu.edu.hk> жолдауға болады.

> Үндістанның жеке және мемлекеттік университеттерін салыстырмалы зерттеу

Нихарика Жайсуал, Нью-Дели, Үндістан



Университеттер нарығы Үндістанда және бүкіл әлемде мемлекеттік білімге кедергі келтіруде.

Үндістанда неолибералды саясаттың пайда болуымен, білімге негізделген экономиканың дамуы және білімді ұсынатын жеке қызмет көрсетушілердің қосылуымен, әлемдік желілер және жеке сектор «лайықты білім» деген ұғымның қандай болу керектігін бұйыратын құқыққа ие болды. Нақты «қоғамдық игілік» идеясынан білімді «жеке тауар» идеясы ретінде қарастыру қалыптасты. Университеттер өздерін «бренд» ретінде ұсынып, «нарықтық бағытпен» жүргенін айтады. Мұндай дискурс либералды ойдың «өнімсіз» екенін атап, әлеуметтану

сияқты ғылымның қызмет етуін қамтамасыз етуге шақырды.

Бүгінгі күні маркетингілеу үрдісін қолдану кеңінен мойындалып отыр, бірақ жеке, сонымен қатар мемлекеттік университеттер осы тәжірибені жүзеге асырумен айналысып жатырғаны туралы мәлімет аз. Бұл жағдай «қоғамдық» ұғымының либералды, жекешелендірілген және әлемдік демократиялық қоғамдағы мәнін күмәнді етеді. «Әлеуметтану» мамандығы бойынша бакалавриаттың оқу жоспарының

>>

мазмұны және құрылымын салыстырмалы талдау ойымды қолдаған, Делиде орналасқан екі мемлекеттік университет – Дели университеті (DU) және Амбедкара университеті (AUD) және жеке университет – Шив Надар Университеті (SNU).

Дели Университетінің негізі 1922 жылы қаланды. Өлдекашан, нақтырақ 2012 жылдан бері бұл оқу орны өзінің академиялық бағдарламаларын жылдық режимнен семестрға ауыстырды, яғни төрт жылдық бакалавриат бағдарламасына өтті(FYUP), ал 2015 жылы Кредиттік жүйеге ауысты. 2010 жылы тек қана гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар үшін Амбедкара мемлекеттік университеті құрылды, дәл сол уақытта 2011 жылдан бері Шив Надар Университеті өз жұмысын бастады. Алайда, бірдей уақытта құрылған, әртүрлі оқу бағдарламалары болғанымен үш университеттің тәжірибелері бірдей, ұқсас келеді.

Біріншіден, «жаңашылдық», «таңдау» және еңбек етудің үздік мүмкіндіктері құндылығына негізделген оқытудың кешенді бағдарламаларын үш университет те әзірлейді. Төрт жылдық бакалавриат бағдарламасы және Білім берудің кредиттік жүйесі қосымша «факультатив» пәндерді таңдау – даму, БАҚ, қоршаған орта, визуалды мәдениет және т.б. танымал тақырыптарды игеруді ұсынады. Төрт жылдық бакалавриат бағдарламасы аясындағы Дели университетіндегі «қолданбалы курстар» жүйесі, немесе Білім берудің кредиттік жүйесіндегі «біліктілікті арттыру және біліктілікті арттырудың шеберлігі» мүмкіндіктері, немесе Амбедкара және Шив Надар оқу орындары сияқты барлығына жағу, нақтырақ студенттерді жұмыспен қамтамасыз ету және кәсіпкерлік дағдыларға үйрету мүмкіндіктерін мысал ретінде көрсетсек болады.

Екіншіден, курстардың маңыздылығы мен пәнаралық байланысты атап өтсек. Төрт жылдық бакалавриат бағдарламасы және Білім берудің кредиттік жүйесі аясында Дели, Амбедкара университеттеріндегі әлеуметтануды оқытудың бағдарламасында басқа факультеттердің пәндерін оқу қарастырылған. Шив Надар университетінде «шағын» курстар және «тәуелсіз зерттеу топтарын» құру арқылы жылдам бейімделуге шақырады. Пәнаралық оқыту шартты түрде «факультатив» немесе «іргелі курс» ретінде тарих, саясаттану немесе әдебиет курстарын қосады. Дегенмен, Амбедкара университетінде әлеуметтанудағы негізгі курс аясындағы басқа да пәндерді тек тыңдаумен ғана шектейді. Оқу бағдарламаларының заманауи маңызы кезекті қосымша жұмыс пен зерттеу тақырыптарына айналды. Төрт жылдық бакалавриат бағдарламасы және Білім берудің кредиттік жүйесі «қосымша» және «базалық курстармен» бірге «соғыс әлеуметтануы», «этнографиялық кино» сияқты және т.б. жаңа тақырыптарды енгізді. Сонымен қатар, көптеген курстарды оқыту барысында 1990 жылдардан кейін шыққан әдебиеттерді оқу барысында қолдану басым.

Мысалы, Амбедкара университетінде «Гендер және қоғам» курсы бойынша оқытылатын 35 әдебиеттің 30 жарыққа 1990 жылдардан кейін шықты. Осылайша, студенттің дағдылар жиынтығын және базалық білімін жетілдіруде пәнаралық оқыту, білім берудің жаңа тақырыптарын, ақпарат көздерін және шәкіртақыларды қосуға мүмкіндік беретін жағдай туды.

Үшіншіден, барлық бағдарлама бойынша университет және салалар арасында байланыс күшейді. Білім берудің кредиттік жүйесі аясындағы кредиттік жүйе жұмыс берушілердің жарналарын стандартқа келтіреді. Амбедкара университетіндегі «ұйымдарды әшкерелеу» немесе «шеберлік сабақтары» және Шив Надар университетіндегі «ғылыми зерттеу, эмпириялық және қолданбалы» оқыту түрлері сияқты курстар білім алушыларға әр түрлі YEM және ғылыми-зерттеу орталықтарымен танысуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, пәндік зерттеулер, этнографияны оқытуға акцент жасау студенттердің деңгейіндегі диссертациялар мен далалық жұмыстарды жүргізуге және әлеуметтанулық теорияларға деген қызығушылықтың төмендеуімен «академиялық» емес, қолданбалы зерттеулерді ынталандырады.

Төртіншіден, маркетингтік стратегия аясында университеттер шетелдік оқу орындарымен әлемдік серіктестік қарым-қатынас орнатып жатыр. Мысалы, Амбедкара және Шив Надар университеттері студенттер арасында өз орнын нығайту үшін Йель университеті саясаттану факультетімен, Стэнфорд, Беркли және т.б. оқу орындарымен серіктестік байланыста.

Осылайша, әлеуметтану және әлеуметтік ғылымдарды пәнаралық біріктіру, заманауи және интеграцияланған курстар өз студенттерінің артуы үшін және үздік өмірлік мүмкіндіктер ұсынады. Дегенмен, әлеуметтік ғылымдардың мәні – сынаушы және шеберлігі қасиеттеріне қауіп төніп тұр.

Дели, Амбедкара және Шив Надар университеттері арасындағы ұқсастық жаңалибералды принциптер ұсынған, білімді өндірудің жалпы парадигмасына жауап беретінін айтады. Мұндай өзгерістер мемлекеттік университеттердің рөлі мен жағдайына әсер етеді, себебі мемлекеттік институт ретінде олар білімді әлеуметтік қамтамасыз етудің шарты ретінде қолдау жүргізеді. Бірақ әлемдік нарықтағы университеттерді ашу қажеттілігі бұл жағдайды маңызды етеді. Нарыққа бағытталған білім өзін «қоғамдық игілік» ретінде сақтай алады ма? Тәжірибеде біз оларды «білім алушылар» немесе «тұтынушылар» деп анықтаймыз ба?

Жаңалибералды білім парадигмасының қысымы «қоғамдық» мәселесін философиялық қайтадан қарастыруды алға тартты. Мемлекеттік университеттер аясындағы пікірталастар меншіктің өзгерісі туралы емес;

оның орнына қоғамдық кеңістіктің тарылғаны, қоғамдық рөлдер, құндылықтар мен мүдделердің тақырыбынан шығып отырғанын көрсетеді. Қоғамдық саланың ерекшелігі оның мүшелері арасындағы теңдік, пікірлердің инклюзивтілігі және сынилығы, сонымен қатар, азаматтар мен конституциялық құқықпен байланысында жатыр. Осылайша, әлеуметтік қамтамасыз ететін мемлекет білімге, қоғамдық өмірдің бөлігі, мемлекеттік ұйымдар жүзеге асыратын су, жол салу сияқты игіліктерге қол жеткізу үшін мүмкіндік жасау керек.

Жаңа тұжырым бойынша «мемлекеттік» және «жеке» университеттер арасындағы барлық мүмкіндіктерді

біріктіру «әлемдік» университетті құруға шақырады, алайда, ұлт пен демократия тарихта күрескен теңдік дәрежесін, сыни ойлау мен қол жетімділікті төмендетеді. Нарық ұсынған академиялық және әкімшілік құқығын қабылдаған Үндістанның мемлекеттік университеттері қоғамдық саланы әлсіретуде. Қорытындылай келе, әлемдік бәсекелестікте жеңіске жеткен университеттер – «сапалы білім» параметрлерін қабылдап үлгергенімен, «қоғамдық» игілік ретінде білімді тұтыну мен орындау билікті асыра пайдалану саясаты оның демократиялық мәнін жоғалтуға, мемлекеттік университеттердің сипатының мүлдем өзгеруіне алып келетін құбылыс. ■

Хаттарды Нихарика Жайсуалға <niharika.27.j@gmail.com> жолдауға болады.

> Жаһандық диалогтың

жаңа және көне редакциясы

Осы шығарылымнан бастап *Жаһандық диалог* редакциясы өзгерді. Майкл Буравой ерекше ынтызарлықпен құрған бұл журналды редакциялауды енді Бриджитт Ауленбахер мен Клаус Дёрре өз міндеттеріне алды. Көптеген мемлекеттерде дайындалған арнайы қызметкерлер тобы бар және он жеті тілге аударылған *Жаһандық диалог* бүгінде әлемдік академиялық және көпшілік аудитория үшін әр елден әлеуметтанушылар жұмыстарын жариялайды. Авторлардың, аудармашылардың және тілектестердің осындай кең желісіне қосылу – үлкен абырой және талпыныс. Жаңа және көне команда осы журналдың мықтылығын қамтамасыз етіп, әлемдегі әлеуметтанушыларды біріктіруге талпынады.

Бриджитт Ауленбахер – әлеуметтану профессоры, Аустрия, Линцтегі Иоганн Кеплер атындағы университетте қоғам теориясы және әлеуметтік талдау кафедрасының меңгерушісі, 2016 жылғы Венадағы Халықаралық Әлеуметтанушылар қауымдастығының үшінші форумында ұйымдастыру комитеті төрағасының орынбасары ретінде танымал болды. Оның зерттеу аясына әлеуметтанулық теория, гендерлік және сала аралық зерттеулер, еңбек және күтім әлеуметтануы,

университеттердің маркетингизациясы және тәулік бойғы күтім бойынша эмпириялық зерттеулер жатады. **Клаус Дёрре**, Германия, Йен Фридрих Шиллер атындағы университеттің әлеуметтану профессоры, Еңбек, өнеркәсіп және экономикалық әлеуметтану кафедрасының меңгерушісі болып қызмет жасайды. Оның зерттеулері капитализм теориялары, қаржы капитализмі, уақытша жұмыс мәселесі, жасөспірімдер және еңбек қатынастарына және басқаларына арнал. Дәл қазіргі уақытта ол (Роза Хартмутпен бірге) неміс зерттеу қоры арқылы қаржыландырылатын пост даму қоғамын зерттеу тобының серіктес директоры.

Жаңа редакторлардың қатары Апарна Сундармен, сонымен қатар, жаңа көмекшілермен Йоханна Грубнер және Кристин Шикертпен толығып отыр. **Апарна Сундар** Канада, Торонто университетінде саяси ғылымдар докторы дәрежесін алған, Торонто Райерсон университетінде доцент қызметінде жұмыс жасады және 2016 жылға дейін Үндістан, Бангалор қаласының Азим Премджи университетінде доцент және факультеттің шақырылған мүшесі ретінде қызмет артқаруда. **Йоханна Грубнер** әлеуметтану магистрі дәрежесін алған. Ол Аустрия, Линц қаласындағы Иоганн Кеплер



Бриджитт Ауленбахер.



Клаус Дёрре.



Кристин Шикерт.



Йоханна Грубнер.



| Апарна Сундар.



| Лола Бусуттил.



| Август Бага (aka Арбу).

GLOBAL
DIALOGUE



университетінде зерттеуші қызметін атқарады. Оның зерттеу аясына феминистік теориялар және сандық әдістерге негізделген гендерлік жұмыстар жатады. Докторлық жобасы университеттегі гендерлік теңдікке арналған. **Кристин Шикерт** әлеуметтану бойынша америкалық зерттеулер жүргізіп, магистр дәрежесін алған. Ол Германия, Йен қаласындағы Фридрих Шиллер университетінде әлеуметтану кафедрасының пост-даму қоғамы бойынша зерттеу тобының әкімшілік директоры болып жұмыс істейді.

Бақытымызға орай, *Жаһандық диалог* өзінің бұрынғы әріптестеріне де иек арта алады: Испания, Барселонадағы *Жаһандық диалогтың* басқарушы редакторлары **Лола Бусуттил** және **Август Бага** (Арбу) өз жұмыстарын жергілікті редактор және аудармашылар тобымен жалғастырып жатыр. Лола және Арбу 2010 жылғы алғашқы жарияланым болғаннан бері Майклмен серіктес болды. Лола кәсіби аудармашы және редактор ретінде әр нұсқаның жалпы сапасына жауап береді. Арбу кәсіби графикалық дизайнер және иллюстратор ретінде *Жаһандық диалогтың* дизайн жұмысына жауап береді.

Барлық жергілікті редакторлар мен аудармашылар тобы өзінің жаңа командамен жұмысын жалғастыра береді, ал Майкл *Жаһандық диалогтағы* осы өтпелі кезеңде

жәрдем беретін кеңесші болады. Ең маңыздысы, біз ХӘҚ баспа комитетімен тығыз серіктестікті жалғастырамыз және редактор-кеңесші ретінде Атқарушы комитеттің мүшелерімен, ХӘҚ атқарушы хатшысы Изабелла Барлинска мен оның Мадридтегі командасымен байланысты орнатып, болашақта жұмыс істейміз.

Өртүрлі төрт елдегі жеті адаммен редакциялық жұмыс, жергілікті редакторлармен және студенттердің аудармашылар тобымен серіктестік орнату, он жеті елдегі жас ғалымдармен пікір алмасу – жемісті еңбек ету.

Бұл арқылы *Жаһандық диалог* саналуан әлеуметтанулық ұстанымдардың танылуына, сонымен қатар жергілікті алаңдардың дамуына, әлеуметтік және ғылыми жобалардың аясындағы пікірталастардың пайда болуына, жұмыстары ұқсас әртүрлі жас ғалымдардың бірігуіне жағдай жасау үшін коммуникациялық кеңістік құруға, бүгінгі күннің маңызды мәселелерін әлемдік әлеуметтанушылар желісінде талқылауға мүмкіндік береді.

Команда ретінде *Жаһандық диалогқа* қызығушылық білдірген барлық әріптестермен байланыс орнатуды асыға күтеміз. ■